

## **"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы N 1359 Қаулысы  
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

**"Халықтың денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының кодексі**

**Мазмұны**

**ЖАЛПЫ БӨЛІМ**

- 1 - б ө л і м . Ж а л п ы е р е ж е л е р  
1 - т а р а у . Н е г і з г і е р е ж е л е р
- 1-бап. Осы Кодексте пайдаланылатын негізгі ұғымдар  
2-бап. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы  
з а ң н а м а с ы
- 2-тарау. Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік реттеу мен басқару  
3-бап. Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясат  
п р и н ц и п т е р і
- 4-бап. Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік реттеу негіздері  
5-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің денсаулық сақтау  
с а л а с ы н д а ғ ы қ ұ з ы р е т і
- 6-бап. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның құзыреті  
7-бап. Әскери-медициналық ведомстволары (бөлімшелері) бар  
м е м л е к е т т і к о р г а н д а р д ы ң қ ұ з ы р е т і
- 8-бап. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)  
жергілікті мемлекеттік басқару органдарының денсаулық сақтау  
с а л а с ы н д а ғ ы қ ұ з ы р е т і
- 9-бап. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)  
денсаулықты мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының  
қ ұ з ы р е т і
- 10-бап. Денсаулық сақтау саласындағы ведомствоаралық өзара

і с - қ и м ы л

- 3-тарау. Денсаулық сақтау саласындағы лицензиялау мен аккредиттеу  
11-бап. Медициналық, дәрігерлік және фармацевтикалық қызметті  
л и ц е н з и я л а у  
12-бап. Денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеу
- 4-тарау. Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік тіркеу сәйкестікті растау және  
ж а р н а м а  
13-бап. Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік тіркеу  
о б ь е к т і л е р і  
14-бап. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен  
медициналық техниканы мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және  
тіркеу деректеріне өзгерістер енгізу  
15-бап. Адам денсаулығына зиянды әсер ететін өнімдер мен  
заттардың жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу  
16-бап. Денсаулық сақтау саласындағы тауарлардың (жұмыстардың,  
көрсетілетін қызметтердің) сәйкестігін растау  
17-бап. Денсаулық сақтау саласындағы жарнама
- 5-тарау. Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау  
18-бап. Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік бақылау мен  
қадағалау ұғымы және түрлері  
19-бап. Медициналық қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік  
б а қ ы л а у  
20-бап. Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау  
21-бап. Дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен  
медициналық техника айналымы саласындағы мемлекеттік бақылау
- 6-тарау. Денсаулық сақтау жүйесін қаржыландыру  
22-бап. Денсаулық сақтау жүйесін қаржылай қамтамасыз ету көздері  
23-бап. Тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсететін  
денсаулық сақтау ұйымдарын қаржыландыру нысандары  
24-бап. Денсаулық сақтау ұйымдарының қаржы қаражаттарын пайдалану
- 7-тарау. Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық және коммуникациялық  
т е х н о л о г и я  
25-бап. Денсаулық сақтауды ақпараттандырудың объектілері мен  
с у б ь е к т і л е р і  
26-бап. Денсаулық сақтауды ақпараттандырудың негізгі принциптері  
27-бап. Пациент туралы ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету
- 48-тарау. Денсаулық сақтау саласындағы халықаралық ынтымақтастық  
28-бап. Денсаулық сақтау саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың  
б а с ы м д ы қ т а р ы м е н б а ғ ы т т а р ы

29-бап. Денсаулық сақтау саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың экономикалық және құқықтық негіздері

## ЕРЕКШЕ БӨЛІМ

2-бөлім. Денсаулық сақтау жүйесі және медициналық көмекті ұйымдастыру

30-бап. Денсаулық сақтау жүйесінің құрылымы

31-бап. Денсаулық сақтау субъектілері

32-бап. Медициналық көмекті ұйымдастыру

33-бап. Тегін медициналық көмектің кепілді көлемі

34-бап. Ақылы медициналық көмек алу негіздері мен тәртібі

3-бөлім. Медициналық және фармацевтикалық қызмет

9-тарау. Медициналық және фармацевтикалық қызметтің мазмұны мен түрлері

35-бап. Медициналық және фармацевтикалық қызметтің мазмұны

36-бап. Медициналық және фармацевтикалық қызметтің түрлері

10-тарау. Медициналық көмек

37-бап. Медициналық көмектің түрлері

38-бап. Дәрігерге дейінгі медициналық көмек

39-бап. Білікті медициналық көмек

40-бап. Мамандандырылған медициналық көмек

41-бап. Жоғары мамандандырылған медициналық көмек

42-бап. Медициналық көмек көрсету нысандары

43-бап. Алғашқы медициналық-санитариялық көмек

44-бап. Консультативтік-диагностикалық көмек

45-бап. Стационарлық көмек

46-бап. Стационарды алмастыратын көмек

47-бап. Жедел медициналық көмек

48-бап. Санитариялық авиация

49-бап. Қалпына келтіру емі және медициналық оңалту

50-бап. Паллиативтік көмек және мейірбикенің күтімі

51-бап. Дәстүрлі медицина; халық медицинасы (емшілік)

11-тарау. Медициналық қызметтің өзге де түрлері

52-бап. Зертханалық диагностика

53-бап. Патологоанатомиялық диагностика

54-бап. Қан қызметі, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы, қоғамдық денсаулықты сақтау саласындағы қызмет, денсаулық сақтау және медициналық сараптама саласындағы білім беру және ғылыми қызмет

12-тарау. Денсаулық сақтау саласындағы сараптама

55-бап. Денсаулық сақтау саласындағы сараптама

56-бап. Медициналық қызметтер көрсету сапасына сараптама

- 57-бап. Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама
- 58-бап. Әскери-дәрігерлік сараптама
- 59-бап. Сот-медициналық, сот-психиатриялық және сот-наркологиялық  
с а р а п т а м а
- 60-бап. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама
- 61-бап. Дәрілік заттарға, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен  
медициналық техникаға сараптама
- 62-бап. Ғылыми-медициналық сараптама
- 4-бөлім. Азаматтардың денсаулығын сақтау
- 13-тарау. Денсаулық сақтау саласындағы құқықтар мен міндеттер және олардың  
қамтамасыз етілуінің кепілдіктері
- § 1. Жеке және заңды тұлғалардың кепілдіктері, жалпы құқықтары мен міндеттері
- 63-бап. Денсаулық сақтау саласындағы құқықтардың қамтамасыз  
етілуінің кепілдіктері
- 64-бап. Азаматтардың, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың  
қ ұ қ ы қ т а р ы
- 65-бап. Балалардың Денсаулық сақтауға құқығы
- 66-бап. Жеке және заңды тұлғалардың міндеттері
- § 2. Пациенттердің құқықтары мен міндеттері
- 67-бап. Пациенттердің құқықтары
- 68-бап. Пациенттердің міндеттері
- 69-бап. Медициналық көмек алудан бас тарту құқығы
- 70-бап. Азаматтардың келісімінсіз медициналық көмек көрсету
- 71-бап. Дәрігерлік құпия
- 14-тарау. Адамның ұрпақты болу құқықтарын қорғау
- 72-бап. Ұрпақты болу құқықтарын қорғау саласындағы азаматтардың  
құқықтары мен міндеттері
- 73-бап. Әйелдердің жүктілік, босану және босанғаннан кейінгі  
кезеңінде денсаулығын сақтау
- 74-бап. Бедеуліктен емделу
- 75-бап. Жасанды инсеминация, жасанды ұрықтандыру және эмбрионды  
и м п л а н т а ц и я л а у
- 76-бап. Құрсақ ана (суррогат ана) болу
- 77-бап. Жыныстық клеткалар донорлығы
- 78-бап. Контрацепцияны пайдалану
- 79-бап. Хирургиялық стерилизациялау
- 80-бап. Жүктілікті жасанды түрде ұзу
- 15-тарау. Туберкулезбен ауыратын адамдарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету
- 81-бап. Туберкулезбен ауыратын адамдарға медициналық көмек

к ө р с е т у

82-бап. Азаматты туберкулездің жұқпалы түрімен ауырады дел  
т а н у д ы ң т ә р т і б і

83-бап. Туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын азаматтарды  
мәжбүрлеп емдеуге жіберудің негізі мен тәртібі

84-бап. Мәжбүрлеп емделуде жүрген туберкулездің жұқпалы түрімен  
ауыратын адамдардың құқықтары

85-бап. Туберкулезге қарсы мамандандырылған ұйымдарда  
туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын адамдарды емдеу және  
ұ с т а у

86-бап. Туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын адамдарды  
мәжбүрлеп емдеу аяқталғаннан кейінгі медициналық бақылау және  
е м д е у

87-бап. Туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын адамдарға  
ә л е у м е т т і к к ө м е к

88-бап. Туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын азаматтардың  
емделуден бас тартқаны және инфекция таратқаны үшін жауаптылығы

16-тарау. АҚТҚ инфекциясын жұқтырған адамдарға, ЖҚТБ науқастарына  
медициналық-әлеуметтік көмек көрсету

89-бап. АҚТҚ инфекциясының және ЖҚТБ-ның алдын алу мен емдеу  
мәселелеріндегі мемлекет кепілдіктері

90-бап. Адамның қорғаныш тапшылығы қоздырғышын жұқтырған  
адамдарды әлеуметтік қорғау

91-бап. АҚТҚ жұқтырған адамдар профилактикасы

92-бап. АҚТҚ-ға тексеру жүргізу

17-тарау. Психикалық науқастармен ауыратындарға медициналық-әлеуметтік көмек  
к ө р с е т у

93-бап. Психиатриялық жәрдем алудың еріктілігі

94-бап. Кәсіптік қызметтің жекелеген түрлерін атқаруды шектеу

95-бап. Психиатриялық жәрдем көрсетілетін азаматтардың құқықтары  
мен мүдделерін қорғау

96-бап. Психиканың бұзылуының диагностикасы және оны емдеу

97-бап. Психиканың бұзылуынан зардап шегетін адамдарға қатысты  
медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары

98-бап. Мемлекет кепілдік беретін психиатриялық жәрдем және  
ә л е у м е т т і к қ о р ғ а у

99-бап. Психиатриялық куәландыру

100-бап. Психиканың бұзылуымен ауыратындарға динамикалық бақылау

101-бап. Психиатриялық стационарға орналастыру

102-бап. Заңды өкілдерінің өтініші немесе келісімі бойынша психиатриялық стационарға орналастырылған кәмелетке толмағандарды және іс-әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдарды куәландыру

103-бап. Психиатриялық жәрдем көрсету кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары

104-бап. Психиатриялық стационардан шығару

105-бап. Психоневрологиялық ұйымдарға адамдарды орналастырудың негіздері мен тәртібі

18-тарау. Алкоголизмге, нашақорлық пен уытқұмарлық ауруларына шалдыққан адамдарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету

106-бап. Алкоголизмге, нашақорлық пен уытқұмарлық ауруларына шалдыққан адамдарға медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру

107-бап. Нашақорлықпен ауыратын және медициналық-әлеуметтік оңалтуға мұқтаж адамдардың медициналық ұйымдарға өтініш жасауы

108-бап. Адамды алкоголизмге, нашақорлық пен уытқұмарлық дертіне шалдыққан деп тану тәртібі

109-бап. Алкоголизмге, нашақорлық пен уытқұмарлық дертіне шалдыққан адамдардың құқықтары

110-бап. Алкоголизмге, нашақорлық пен уытқұмарлық дертіне шалдыққан адамдарды есепке алу және қолдап емдеу

19-тарау. Азаматтардың жекелеген санаттарына медициналық және медициналық-әлеуметтік көмек көрсету

111-бап. Әскери қызметшілерге, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер органдарының, әділет органдары қылмыстық-атқару жүйесінің, өртке қарсы күрес қызметінің, қаржы полициясының қызметкерлеріне, олардың отбасы мүшелері мен осы ведомстволардың зейнеткерлеріне медициналық көмек көрсету

112-бап. Иондаушы сәуленің әсеріне ұшыраған азаматтарға медициналық көмек көрсету

113-бап. Бас бостандығы шектеулі азаматтарға медициналық көмек көрсету

20-тарау. Денсаулық сақтау саласындағы жекелеген қатынастарды реттеу

114-бап. Хирургиялық араласу, қан құю және диагностиканың инвазиялық әдістерін қолдану тәртібі

115-бап. Биологиялық өлімді анықтау. Өмірге дем беріп тұрған аппаратураны тоқтатудың жағдайлары

116-бап. Эвтаназия

117-бап. Анатомиялық сый

5-бөлім. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы

- қызмет, қоғамдық денсаулықты сақтау  
21-тарау. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы  
қызмет және қоғамдық денсаулықты сақтау  
118-бап. Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет жүйесі  
119-бап. Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық нормалау  
120-бап. Санитарлық-эпидемиологиялық талаптар  
121-бап. Санитарлық-эпидемиологиялық мониторинг  
122-бап. Жұқпалы, паразиттік аурулар таралуының және халықтың  
у л а н у ы н ы ң а л д ы н а л у  
123-бап. Қазақстан Республикасының аумақтарын санитарлық қорғау  
124-бап. Жұқпалы аурулар эпидемиясы пайда болу қаупі төнген  
жағдайда шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантин енгізудің  
ш а р т т а р ы  
125-бап. Жұқпалы, паразиттік, кәсіби аурулар мен улану оқиғаларын  
т і р к е у ж әне т е к с е р у  
126-бап. Дезинфекциялық, дератизациялық және дезинсекциялық  
і с - ш а р а л а р  
22-тарау. Қоғамдық денсаулықты сақтау  
127-бап. Аурулар профилактикасының мақсаты мен түрлері  
128-бап. Салауатты өмір салтын насихаттау  
129-бап. Медициналық қарау  
130-бап. Профилактикалық егулерді жүргізу  
131-бап. Жұқпалы емес аурулардың, оның ішінде кәсіби аурулардың  
және травматизмнің профилактикасы  
132-бап. Психикоактивті заттарға тәуелділіктің профилактикасы  
133-бап. Темекі тартудың профилактикасы мен оны шегуді шектеу  
134-бап. Темір тапшылығы жай-күйінің профилактикасы  
135-бап. Йод тапшылығы ауруларының профилактикасы  
6-бөлім. Донорлық және транспланттау  
23-тарау. Қан мен оның компоненттерінің донорлығы  
136-бап. Донорлық, қан мен оның компоненттерін және препараттарын  
д а й ы н д а у  
137-бап. Денсаулық сақтау ұйымдары және донорлық, қанды, оның  
компоненттері мен препараттарын дайындау саласындағы қызметті  
ж ү з е г е а с ы р а т ы н ұ й ы м д а р  
138-бап. Донорлық қанның, оның компоненттерінің қауіпсіздігі мен  
с а п а с ы н қ а м т а м а с ы з е т у  
139-бап. Донор, оның құқықтары мен міндеттері  
140-бап. Донорды медициналық тексеру

- 141-бап. Донорға берілетін кепілдіктер
- 142-бап. Жұмыс берушілер мен ұйымдар басшыларының донорлықты дамытуды қамтамасыз ететін жағдайлар жасау жөніндегі міндеттері
- 24-тарау. Органдар мен тіндерді транспланттау
- 143-бап. Органдар мен тіндерді транспланттау және оларды алу  
ш а р т т а р ы
- 144-бап. Тіндерді және (немесе) органдарды (органдардың бөліктерін) транспланттау тәртібі
- 145-бап. Донор мен реципиенттің құқықтары
- 25-тарау. Адамның тіндері мен органдарын, қан мен оның компоненттерін әкелу, әкету
- 146-бап. Адамның тіндері мен органдарын әкелу, әкету үшін  
н е г і з д е р
- 147-бап. Қан мен оның компоненттерін әкелу, әкету үшін негіздер
- 148-бап. Адамның тіндері мен органдарын, қан мен оның компоненттерін әкелу, әкету тәртібі
- 7-бөлім. Дәрілік заттармен, медициналық мақсаттағы бұйымдармен және медициналық техникамен қамтамасыз етуді ұйымдастыру
- 26-тарау. Дәрілік заттармен, медициналық мақсаттағы бұйымдармен және медициналық техникамен жұмыс істеу
- 149-бап. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы әзірлеу
- 150-бап. Биологиялық белсенді заттарды клиникаға дейінгі (клиникалық емес) зерттеулер
- 151-бап. Медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы техникалық сынау
- 152-бап. Фармакологиялық және дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медициналық техниканың клиникалық зерттеулері және (немесе) сынаулары
- 153-бап. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы өндіру
- 154-бап. Дәрілік заттарды дайындау
- 155-бап. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы таңбалау
- 156-бап. Тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсетуге арналған дәрілік заттарды сатып алу
- 157-бап. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы көтерме әрі бөлшек саудада сату
- 158-бап. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы сақтау әрі тасымалдау



159-бап. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және

медициналық техниканы жою

160-бап. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және

медициналық техниканы әкелу тәртібі

161-бап. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және

медициналық техниканы әкету

27-тарау. Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медициналық техниканың қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар

162-бап. Медициналық техниканы және медициналық мақсаттағы

бұйымдарды монтаждау, жөндеу, оларға техникалық және

метрологиялық қызмет көрсету

163-бап. Қауіпсіздікті сыныптау әрі медициналық техниканы және

медициналық мақсаттағы бұйымдарды ықтимал қолдану қатерінің

дәрежесіне қарай қауіпсіздігін қайта сыныптау

164-бап. Дәрілік заттармен, медициналық мақсаттағы бұйымдармен

және медициналық техникамен жұмыс істеуге тыйым салу немесе

тоқтата тұру

165-бап. Дәрілік заттардың жанама әсерлерінің мониторингі

166-бап. Дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар және

медициналық техника туралы ақпарат

8-бөлім. Денсаулық сақтау саласындағы білім беру және ғылыми қызмет

28-тарау. Денсаулық сақтау саласындағы білім беру қызметі

167-бап. Денсаулық сақтау саласындағы білім беру қызметі

168-бап. Денсаулық сақтау саласындағы біліктілік емтихандары

169-бап. Маман сертификатын қайтарып алу

170-бап. Қазақстан Республикасы дәрігерінің анты

29-тарау. Денсаулық сақтау саласындағы ғылыми қызмет

171-бап. Денсаулық сақтау саласындағы ғылыми қызмет субъектілері

172-бап. Денсаулық сақтау саласындағы ғылыми қызметті үйлестіру

173-бап. Медициналық-биологиялық эксперименттер, клиникаға

дейінгі (клиникалық емес) және клиникалық зерттеулер жүргізу,

диагностиканың, емдеудің және медициналық оңалтудың жаңа

әдістерін қолдану

174-бап. Этика мәселелері бойынша комиссиялар

9-бөлім. Медицина және фармацевтика қызметкерлерінің құқықтық мәртебесі, оларды

әлеуметтік

қорғау

175-бап. Медицина және фармацевтика қызметкерлерінің құқықтары

мен міндеттері

176-бап. Денсаулық сақтау ұйымдары қызметкерлерінің еңбек

## қ а т ы н а с т а р ы

177-бап. Медицина және фармацевтика қызметкерлерінің ар-намыс

## к о д е к с і

10-бөлім. Қорытынды және өтпелі ережелер

178-бап. Денсаулық сақтау туралы заңнаманы бұзғаны үшін  
ж а у а п т ы л ы қ

179-бап. Осы Кодекстің күшіне енуі

Осы Кодекс азаматтардың денсаулық сақтауға конституциялық құқығын іске асыру мақсатында денсаулық сақтау саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді. Осы Кодексте реттелетін қатынастардың қатысушылары жеке және заңды тұлғалар, мемлекет, сондай-ақ әкімшілік-аумақтық бірліктер болып табылады.

## ЖАЛПЫ БӨЛІМ

**1-бөлім. Жалпы ережелер**

**1-тарау. Негізгі ережелер**

**1-бап. Осы Кодексте пайдаланылатын негізгі ұғымдар**

1. Осы Кодексте мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) адамның тіршілік ету ортасы (бұдан әрі - тіршілік ету ортасы) - табиғи, антропогендік және әлеуметтік факторлардың, адамның тіршілік ету жағдайын белгілейтін ортаның (табиғи және жасанды) жиынтығы;

2) АҚТҚ - адамның қорғаныш тапшылығы қоздырғышы;

3) анонимдік қарап тексеру - адамды тұлғасын сәйкестендірмей медициналық қарап т е к с е р у ;

4) әскери-медициналық қызмет - мемлекеттік органдардың әскери немесе арнаулы қызметтің болуы заңмен көзделіп, осы органдардың қызметін медициналық қамтамасыз етуге арналған және оларға бағынысты болатын әскери бөлімшелерінің, сондай-ақ оларға ведомстволық бағынысты мекемелер мен бөлімшелердің жиынтығы;

5) әскери медицина - әскери-медициналық қызметтің әскерлерді бейбіт және соғыс жағдайында медициналық қамтамасыз етуді өзіне мақсат тұтатын, ғылыми білімдер (ғылыми-практикалық пәндер кешені) мен практикалық қызметтің жүйесін білдіретін медицина және денсаулық сақтау саласы;

б) бас миының біржола семуі - үлкен ми сыңарын, діннің, көшірмесін, орта ми мен мишықты қоса алғанда, мидың бүкіл қатпарының семуімен қатар жүретін, бас миы жүйке клеткаларының интегралдық функцияларын толық жоғалтуы;

7) бейінді маман - клиникалық бейіндегі белгілі бір мамандық бойынша сертификаты бар, жоғары медициналық білімді медицина қызметкері;

8) вакцинадан кейінгі асқыну - организмде вакцина кезеңіне байланысты ауыр, тұрақты патологиялық өзгерістердің клиникалық белгілері;

9) вакцинадан кейінгі реакция - организмде вакцина кезеңіне байланысты тұрақты емес патологиялық өзгерістердің клиникалық және зертханалық белгілері;

10) дәрілік заттар - аурулардың профилактикасына, оларды диагностикалауға және емдеуге, сондай-ақ организмнің күйі мен функцияларының өзгеруіне арналған фармакологиялық белсенді заттарды білдіретін немесе олардан тұратын заттар: дәрілік субстанция, табиғи текті дәрілік шикізат, дәрілік ангро- және балк өнімдері, дәрілік препараттар, иммунобиологиялық медициналық препараттар.

Дәрілік заттарға парафармацевтикалар теңестіріледі;

11) дәрілік заттар айналымы саласындағы субъектілер - Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен фармацевтикалық қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғалар;

12) дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың бөлшек саудасы - денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен ережелерге сәйкес жүзеге асырылатын, сатып алумен (әкелуден басқа), сақтаумен, бөлумен, түпкі тұтынушыға өткізумен (әкетуден басқа), жойып жіберумен байланысты фармацевтикалық қызмет;

13) дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың көтерме саудасы - көлемі шектелмей, жойып жіберілмей денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен ережелерге сәйкес жүзеге асырылатын, сатып алумен, сақтаумен, әкелумен, әкетумен және өткізумен (дәрілік заттарды халыққа өткізуді қоспағанда) байланысты фармацевтикалық қызмет;

14) дәрілік заттарды дайындау - дәріханаларда дәрілік түрлерді дайындаумен, сондай-ақ дәрілік субстанциялар алумен, дайындалған дәрілік заттарды сақтаумен, сапасын бақылаумен, ресімдеумен және өткізумен байланысты фармацевтикалық қызмет;

15) дәрілік заттардың саудалық атауы - дәрілік зат тіркелетін атау;

16) дәрілік заттың медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың сапасы - дәрілік заттың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың мақсаты бойынша әрекет етуші қабілетіне әсер ететін қасиеттері мен сипаттамаларының жиынтығы;

17) дәрілік заттың халықаралық патенттелмеген атауы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынған дәрілік заттың атауы;

18) дәрілік формуляр - денсаулық сақтау ұйымының басшысы бекітетін, тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсету үшін дәрілік заттардың жеткілікті мөлшері болуға міндетті ұйымның бейіні ескеріле отырып қалыптастырылған дәрілік заттардың тізбесі;

19) дәстүрлі медицина - дәстүрлермен бекітілген әдістерге негізделген медицина саласы және медициналық қызметкерлердің қызметі;

20) денсаулық - аурулар мен дене кемістіктерінің болмауы ғана емес, тұтастай тәни, рухани (психикалық) және әлеуметтік әл-ауқаттылық жағдайы;

21) денсаулық сақтау - аурулардың алдын алуға, әрбір адамның дене және

психикалық саулығын сақтап, нығайтуға, оның белсенді ұзақ жылдық өмірін қолдауға, оған денсаулықтан айырылған жағдайда медициналық көмек көрсетуге бағытталған саяси, экономикалық, құқықтық, әлеуметтік, мәдени, ғылыми, медициналық, санитариялық-гигиеналық және індетке қарсы сипаттағы шаралар жиынтығы;

22) денсаулық сақтау жүйесі - қызметі азаматтардың денсаулық сақтау мен медициналық көмек алу құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік органдар мен денсаулық сақтау субъектілерінің жиынтығы;

23) денсаулық сақтауды басқару органдары - Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органы, облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) денсаулық сақтау ісін мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары, медициналық қызметтер органдары;

24) денсаулық сақтау ұйымы - денсаулық сақтау саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

25) денсаулық сақтау саласындағы медициналық сараптама (бұдан әрі - денсаулық сақтау саласындағы сараптама) - денсаулық сақтау қызметтің әртүрлі салаларында құралдардың, әдістердің, технологиялардың, көрсетілетін қызметтердің деңгейі мен сапасын белгілеуге бағытталған ұйымдастырушылық, талдамалық және практикалық іс-шаралардың жиынтығы;

26) денсаулық сақтау саласындағы стандарттау - стандарттарды, талаптарды, нормаларды, нұсқаулықтарды, ережелерді, сондай-ақ процестердің, медициналық технологиялар мен көрсетілетін қызметтердің сипаттамаларын әзірлеу, енгізу және сақталуын қамтамасыз ету арқылы денсаулық сақтаудағы реттіліктің оңтайлы дәрежесіне және сапа деңгейіне қол жеткізуге бағытталған басқарушылық қызмет;

27) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган - азаматтардың денсаулығын сақтау, медициналық және фармацевтикалық ғылым, медициналық және фармацевтикалық білім беру, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы, дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника айналымы, медициналық қызметтер көрсету сапасын бақылау саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

28) денсаулық сақтау стандарты - медициналық және фармацевтикалық қызмет саласындағы ережелерді, жалпы принциптер мен сипаттамаларды белгілейтін құжат;

29) диагностика - аурудың диагнозын қоюға бағытталған медициналық қызметтер көрсету кешені;

30) динамикалық бақылау - денсаулықтың жай-күйін жүйелі түрде қадағалау және медициналық ұйымдарда халыққа емдеу-профилактикалық көмек көрсету;

31) донор - донорлық қан, оның компоненттері, өзге де донорлық материал (оның ішінде шәует, аналық жасуша) алу жүргізілетін, сондай-ақ реципиентке транспланттау үшін тіндер және (немесе) ағзалар (ағзалардың бөліктері) алынатын адам, адамның мәйіті, жануар;

32) емдеу - аурудың барысын жоюға, бетін қайтаруға және (немесе) жеңілдетуге, сондай-ақ олардың асқынуын болғызбауға бағытталған медициналық қызметтер көрсету кешені;

33) ерікті емделу - науқастың немесе оның заңды өкілінің келісімімен жүзеге асырылатын емдеу;

34) жалған дәрілік зат - құрамы, қасиеттері және басқа да сипаттамалары бойынша түпнұсқаға немесе дайындаушының қайта өндірілген дәрілік затына (генерикке) сәйкес келмейтін, заңға қайшы және әдейі қолдан жасалған этикеткамен жабдықталған дәрілік зат;

35) жеке медициналық кітапша - міндетті медициналық қараулардың нәтижелері жұмысқа жіберілу туралы белгі қойылып енгізілетін, халықтың декреттелген тобының өкіліне берілетін жеке құжат;

36) ЖҚТБ - жұқтырылған қорғаныш тапшылығы белгісі - адамның қорғаныш жүйесінің АҚТҚ-дан қатты зақымдануынан болған патологиялық белгілер байқалатын АҚТҚ жұқтырғышының соңғы сатысы;

37) жұқпалы және паразиттік аурулар - тіршілік ету ортасы биологиялық факторларының адамға әсер етуі және аурудың науқас адамнан, жануардан сау адамға берілу мүмкіндігі себепті туындайтын және таралатын адам аурулары;

38) инвазиялық әдістер - адам организмнің ішкі ортасына ену жолымен жүзеге асырылатын диагностикалау мен емдеу әдістері;

39) йод тапшылығы аурулары - ағзаға йодтың жеткіліксіз түсуіне және организмнің йодты жеткіліксіз қорытуына байланысты қалқанша без функциясының бұзылуынан болатын организмнің патологиялық жай-күйі;

40) кәсіптік ауру - қызметкердің өз еңбек (қызмет) міндеттерін атқаруына байланысты қызметкерге зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың әсер етуінен туындаған созылмалы немесе қатты ауру;

41) клиникаға дейінгі зерттеулер - адамның денсаулығы үшін ерекше әсер етуін және (немесе) қауіпсіздігін зерттеу мақсатында сыналатын заттарды немесе физикалық әсерді, аурулар профилактикасының, диагностикасы мен емдеудің құралдарын, әдістері мен технологияларын зерттеу жөніндегі химиялық, физикалық, биологиялық, микробиологиялық, фармакологиялық, токсикологиялық және басқа эксперименттік ғылыми зерттеулер немесе зерттеулер сериясы;

42) қоғамдық денсаулық - қоғамның азаматтардың салауатты өмір салтын сүруіне. Аурулар мен жарақаттардың профилактикасына, сондай-ақ тіршілік ету ортасының қолайсыз факторларының әсерін болғызбауға күш салуын көрсететін, халықтың психикалық, тәни және әлеуметтік әл-ауқатының кешенді сипаттамасы;

43) маманның сертификаты - адамның нақты мамандық бойынша кәсіптік практикалық медициналық немесе фармацевтикалық қызметті жүзеге асыруға даярлығын растайтын белгіленген үлгідегі құжат;

44) мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау - халықтың денсаулығы мен тіршілік ету ортасын сақтау және өнімдердің, процестердің, көрсетілетін қызметтердің қауіпсіздігі мақсатында санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдарының Қазақстан Республикасының халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнамасын бұзушылықтың алдын алу, анықтау, жолын кесу жөніндегі қызметі, сондай-ақ халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің және гигиеналық нормативтердің сақталуын бақылау;

45) клиникалық сынау - субъект ретінде адам қатыстыра отырып, аурулар профилактикасы, диагностикасы мен емдеу құралдарының әдістері мен технологияларының қауіпсіздігі мен тиімділігін анықтау немесе растау үшін жүргізілетін зерттеу;

46) консилиум - кемінде үш дәрігердің қатысуымен диагноз қою, емдеу тактикасын айқындау және ауруды болжау мақсатында науқас адамды зерттеу;

47) контрацепция - қаламаған жүктіліктің алдын алу әдістері мен құралдары;

48) құпия медициналық куәландыру - тексерілетін адамның жеке басы мен куәландыру нәтижелерінің дәрігерлік құпиясын медициналық қызметкердің сақтауына негізделген, адамды қарап тексеру;

49) мамандандырылған медициналық ұйымдар - мамандандырылған медициналық көмек көрсететін ұйымдар;

50) мәжбүрлеп емдеу - сот шешімінің негізінде жүзеге асырылатын, науқасты стационарлық емдеу;

51) медицина қызметкерлері - медициналық қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар;

52) медициналық-әлеуметтік оңалту - науқасты отбасылық және қоғамдық өмірді қоса алғанда, жұмысқа араластыруға арналған медициналық, әлеуметтік және еңбек іс-шараларын кешенді пайдалану арқылы науқастар мен мүгедектердің денсаулығын қалпына келтіру;

53) медициналық иммунобиологиялық препараттар - жұқпалы және иммундық (аллергиялықты қоса алғанда) аурулардың өзіндік профилактикасына, оларды диагностикалау мен емдеуге, иммунологиялық әдістердің көмегімен басқа да аурулар мен физиологиялық жай-күйлерді диагностикалауға арналған, сыртқы орта объектілерінде инфекциялық агенттер мен олардың антигендерін индикациялауға арналған препараттар, иммундық жүйе арқылы емдік әрі профилактикалық әсерін тигізетін (алу тәсіліне қарамастан) қан препараттары;

54) медициналық көмек - халықтың денсаулығын сақтауға және қалпына келтіруге бағытталған медициналық қызметтер көрсету кешені;

55) медициналық көмектің сапасы - көрсетілетін медициналық көмектің халықтың сұранысына, ғылым мен практиканың қазіргі заманғы даму деңгейіне, сондай-ақ

денсаулық сақтау саласындағы заңнамаға сәйкестік өлшемі;

56) медициналық қызмет - жоғары немесе орта кәсіптік медициналық білім алған жеке тұлғалардың, сондай-ақ заңды тұлғалардың азаматтардың денсаулығын сақтауға бағытталған кәсіптік қызметі;

57) медициналық мүлікке арналған табель - әскери бөлім (корабль) штатына табельдің медициналық мүлікпен жабдықтаудың тиісті нормаларын санамаланған немесе тиісті саны көрсетілген тізбесі енгізілген бөлімі;

58) медициналық мақсаттағы бұйымдар - профилактикалық, диагностикалық және емдеу іс-шараларын жүргізу үшін пайдаланылатын бұйымдар мен материалдар: медициналық құрал-саймандар, стоматологиялық, шығындық, таңу және тігін материалдары, бекітетін таңғыштар мен құралдар, көзге салынатын және көру қабілетін түзейтін линзалар, диагностикалық реагенттер және басқалар;

59) медициналық оңалту - организмнің бұзылған және (немесе) жоғалтқан функцияларын сақтауға, ішінара немесе толық қалпына келтіруге бағытталған медициналық қызметтер кешені;

60) медициналық техника - аурулардың профилактикасы, диагностикасы, емделуі, медициналық оңалту, медициналық сипаттағы ғылыми зерттеулер үшін медициналық мақсатта жекелеген, кешенді немесе жүйелі түрде қолданылатын аппараттар, ж а б д ы қ т а р , а с п а п т а р ;

61) медициналық ұйымдар - негізгі қызметі медициналық көмек көрсету болып табылатын денсаулық сақтау ұйымдары;

62) медициналық қызметтер көрсету - медицина қызметкерлерінің нақты адамға қатысты профилактикалық, диагностикалық емдеу немесе оңалту бағыттылығы бар і с - қ и м ы л ы ;

63) медициналық куәландыру - жеке тұлғаны онда ауру бар немесе жоғын белгілеу немесе растау, сондай-ақ денсаулық жағдайын, әрекетке қабілеттілік, еңбекке қабілеттілік, кәсіптік және өзгеде жарамдылық дәрежесін айқындау мақсатында қарап т е к с е р у ;

64) негізгі (өмірлік маңызы бар) дәрілік заттар - халықтың басымдықты сұранысына , техникалық регламенттердің және стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар талаптарына сай келетін, қауіпсіздігі мен клиникалық және экономикалық тиімділігі жөнінен қолданыстағы ұқсастарының алдында басымдықтары бар, тиісті дәрілік түрлерде жеңіл қолжетімді дәрілік заттар;

65) тәуекелді бағалау - жұқпалы және паразиттік ауруларды қоздырғыштардың немесе жұқтырғыштардың ену және таралу ықтималдығына, сондай-ақ қоршаған орта факторларының халықтың денсаулық жағдайына теріс әсеріне және осыларға байланысты ықтимал медициналық-биологиялық және экономикалық салдарларға ғылыми негізделген баға беру;

66) парафармацевтиктер - құрамында емдік мөлшердегі дәрілік заттар бар

биологиялық белсенді қоспалар;

67) патенттелген дәрілік заттар - пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының патенттік заңнамасымен қорғалатын бірегей дәрілік заттар;

68) пациент - көрсетілетін медициналық қызметтердің тұтынушысы болып табылатын (болып табылған) жеке адам;

69) протездік-ортопедиялық көмек - мүгедектерді протездік- ортопедиялық құралдармен қамтамасыз ету жөніндегі медициналық- техникалық көмектің мамандандырылған түрі және оларды пайдалануды үйрету;

70) профилактика аурулардың туындауын, аурудың ерте сатыда асқынуын болдырмауға және ағзалар мен тіндердің орын алған асқынуларын, бұзылуларын бақылауға бағытталған медициналық және медициналық емес іс-шаралар кешені;

71) психиканың бұзылуы (ауру) - адамның бас миы жұмысының бұзылуына байланысты психикалық қызметінің бұзылуы;

72) реципиент - донорлық қан немесе оның компоненттері құйылатын, ер немесе әйел адамның донорлық материалы (шәует немесе аналық жасуша) енгізілетін не донордан алынған ағза (ағзаның бөліктері) немесе тіндер транспланттау жасалатын п а ц и е н т ;

73) санитариялық-карантиндік бақылау - адамдар мен жүктердің Мемлекеттік шекара арқылы етуі кезінде ел аумағына жұқпалы және паразиттік ауруларды, сондай-ақ адам денсаулығына қауіптілігі ықтимал заттар мен өнімді кіргізуге жол бермеу мақсатында өткізілетін, жүктердің санитариялық-эпидемиологиялық жай-күйін және адамның жай-күйін бақылау;

74) санитариялық-қорғаныш аймағы - елді мекендегі арнаулы мақсаттағы аймақтарды, сондай-ақ өнеркәсіп орындары мен басқа да өндірістік, коммуналдық және қоймалық объектілерді жақын маңдағы қоныстану аумақтарынан, тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы үйлер мен ғимараттардан оларға қолайсыз факторлардың әсер етуін әлсірету мақсатында бөліп тұратын аумақ;

75) санитариялық-індетке қарсы (профилактикалық) іс-шаралар -тіршілік ету ортасы факторларының адамға зиянды әсерін жоюға немесе азайтуға, жұқпалы, паразиттік аурулардың пайда болуына және таралуына, жаппай улануды болдырмауға б а ғ ы т т а л ғ а н ш а р а л а р ;

76) санитариялық-эпидемиологиялық жағдай - белгілі бір уақытта белгілі бір аумақтағы халықтың денсаулығы мен тіршілік ету ортасының жай-күйі;

77) скрининг - аурудың таралуының немесе науқастанған адамдардың "тәуекел" топтарын анықтау мақсатында халыққа жаппай түрде стандартталған сауалнама, қарап тексеру және/немесе зертханалық-құралдық зерттеулер жүргізу;

78) тәуелсіз сарапшы - денсаулық сақтау субъектілерінің қызметіне тәуелсіз сараптама жүргізу үшін белгіленген тәртіппен аккредиттелген жеке немесе заңды тұлға ;



79) тегін медициналық көмектің кепілді көлемі (бұдан әрі - ТМККК) - Қазақстан Республикасының азаматтарына көрсетілетін медициналық қызметтің Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тізбесі бойынша бірыңғай медициналық көмектің көлемі ;

80) транспланттау - тілдерді және (немесе) ағзаларды (ағзалардың бөліктерін) организмнің басқа жеріне немесе басқа организмге ауыстырып салу, сіңістіру;

81) туберкулездің жұқпалы түрі - науқас адамның сыртқы ортаға туберкулез бактерияларын бөліп шығаруына байланысты айналадағы адамдарға қауіп төндіретін ауру ;

82) улану - тіршілік ету ортасының химиялық, биологиялық және өзге де факторларының қатты (бір мезгілді) немесе созылмалы (ұзақ) әсер етуі кезінде туындайтын адамның ауру жағдайы ;

83) ұрпақты болу денсаулығы - адамның толымды ұрпақты өмірге келтіру қабілетін көрсететін денсаулығы ;

84) фармацевтикалық қызмет объектілері - денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен үлгілік қағидаларға сәйкес жұмыс істейтін дәріхана, дәріхана пункті, дәріхана қоймасы, дәрілік заттарды уақытша сақтау қоймасы, оптика дүкені, медициналық техника және медициналық мақсаттағы бұйымдар дүкені, медициналық техника және медициналық мақсаттағы бұйымдар қоймасы, дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника өндіру жөніндегі ұйымдар ;

85) халықтың денсаулығына қауіп төндіретін өнім - халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік орган белгілеген, қолданылуы немесе пайдаланылуы кезінде адамның денсаулығына зиянды әсер етуі мүмкін өнімнің түрлері ;

86) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қызмет - мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылық қызметі органдары мен ұйымдарының азаматтардың денсаулығын сақтауға бағытталған, өзіне мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылауды, гигиеналық оқытуды, санитариялық- карантиндік бақылауды, радиациялық бақылауды, санитариялық-эпидемиологиялық нормалауды, тәуекелді бағалауды, санитариялық-эпидемиологиялық мониторингті, санитариялық-эпидемиологиялық сараптаманы біріктіретін қызметі ;

87) ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық заттар - белгілі бір жағдайларда және белгілі бір шоғырлануы адамның немесе адамдардың келешек ұрпақтарына зиянды әсерін тигізуі мүмкін, қолданылуы мен пайдаланылуы санитариялық-эпидемиологиялық ережелермен әрі нормалармен (бұдан әрі-санитариялық ережелер) және гигиеналық нормативтермен регламенттелетін заттар ;

88) фармацевтикалық қызмет - денсаулық сақтау саласында жүзеге асырылатын, дәрілік заттардың қауіпсіздігін, тиімділігі мен сапасын қамтамасыз етуді, дәрілік заттардың өндірісін, жасалуын, жойылуын және өткізілуін (бөлінуін) қамтитын қызмет;

89) тағам өнімдерін байыту (фортификациялау) - тағамдық құндылығын арттыру және адамда тапшы болуынан туындаған аурулардың профилактикасы мақсатында тағам өніміне оны өндіру немесе қайта өңдеу кезінде дәрумендерді, минералдарды және басқа да заттарды енгізу;

90) темір тапшылығы анемиясы - организмге тағам өнімдері құрамында темірдің жеткіліксіз түсуіне, асқазан-ішек жолдарының, несеп жыныс жүйесінің және қан жүйесінің кейбір созылмалы аурулары кезінде темірді жоғалтудың артуына, темірге деген жоғары сұранысқа негізделген организмнің патологиялық жай-күйі;

91) темір тапшылығы анемиясының профилактикасы - темір тапшылығы анемиясының алдын алуға бағытталған іс-шаралар жүйесі;

92) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы -тіршілік ету ортасының адамға зиянды әсер ету факторлары жоқ және оның тіршілік етуіне қолайлы жағдайлар қамтамасыз етілетін кездегі халық денсаулығының жай-күйі;

93) хирургиялық стерилизациялау - нәтижесінде әйел немесе еркек ұрпақты болу қабілетін жоғалтатын хирургиялық операция.

94) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин - жұқпалы аурулардың таралуын болдырмауға бағытталған әрі кәсіпкерлік және (немесе) өзге де қызметтің ерекше режимін көздейтін шаралар;

95) індет - жұқпалы аурулардың әдетте тіркелетін науқастану деңгейінен айтарлықтай жоғары жаппай таралуы;

96) эвтаназия - аурудың беті бері қарамайтын жағдайда, науқастың қандай да бір іс-әрекетпен немесе құралдармен, соның ішінде дәрілік немесе өзге де заттарды енгізу арқылы, сондай-ақ өміріне дем беріп тұрған жасанды шараларды тоқтату арқылы өз өлімін жеделдету туралы өтінішін қанағаттандыру;

97) эпидемиологиялық маңызды объектілер - шығаратын өнімі және (немесе) қызметі Қазақстан Республикасының халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнамасының талаптары бұзылған жағдайда халық арасында тамақтан уланулардың және жұқпалы аурулар таралуының пайда болуына әкеп соғуы мүмкін объектілер.

2. Өзге терминдердің мазмұны осы Кодекстің жеке баптарында айқындалады.

## **2-бап. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасы**

1. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Осы Кодексте реттелмеген денсаулық сақтау саласындағы қоғамдық қатынастар Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеледі.

3. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Кодексте қамтылғандағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

## **2-тарау. Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік реттеу мен басқару**

### **3-бап. Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясат принциптері**

1. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясаты:

1) азаматтардың қауіпсіз, тиімді және сапалы медициналық және дәрілік көмек алу құқығының теңдігін қамтамасыз ету;

2) мемлекеттің, жұмыс берушілер мен азаматтардың жеке және қоғамдық денсаулықты сақтау мен нығайту үшін ортақ жауапкершілігі;

3) Қазақстан Республикасының азаматтарын тегін медициналық көмектің кепілді көлемімен жаппай қамтамасыз ету;

4) денсаулық сақтау жүйесі қызметіндегі профилактикалық бағыттың басымдығы;

5) медициналық және дәрілік көмектің қолжетімділігі;

6) медициналық және дәрілік көмек сапасын ұдайы арттыру;

7) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы қамтамасыз ету;

8) медициналық ұйымдардың медициналық көмек көрсетудегі қызметінің сабақтастығы;

9) медициналық және фармацевтикалық білім берудің үздіксіздігі мен сабақтастығын қазіргі заманғы оқыту технологияларын пайдалана отырып қамтамасыз ету;

10) денсаулық сақтау саласындағы ғылымның, техниканың алдыңғы қатарлы жетістіктерін және әлемдік тәжірибені пайдалану;

11) ерікті әрі қайтарымсыз донорлықты көтермелеу;

12) отандық әзірленімдерге және бәсекеге қабілетті медициналық және фармацевтикалық өнеркәсіпті дамытуға мемлекеттік қолдау;

13) денсаулық сақтау саласындағы кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау;

14) азаматтардың денсаулық сақтауға құқықтарын қамтамасыз етуге қоғамдық бірлестіктердің қатысуы принциптері негізінде жүргізіледі.

### **4-бап. Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік реттеу негіздері**

1. Медициналық және фармацевтикалық қызметті мемлекеттік реттеуді:

Қазақстан Республикасының Үкіметі;

денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган;  
өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдар осы Кодексте белгіленген құзыреттері шегінде жүзеге асырады.

2. Медициналық және фармацевтикалық қызметті мемлекеттік реттеу:

1) медициналық және фармацевтикалық қызметті мемлекеттік бақылау;

2) медициналық, дәрігерлік және фармацевтикалық қызметті лицензиялау;

3) денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеу;

4) медициналық және фармацевтикалық қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаларды аттестаттау ;

5) дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы, адам денсаулығына зиянды әсер тигізетін өнімдер мен заттардың жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және тіркеу деректемесіне өзгерістер енгізу;

6) денсаулық сақтау саласындағы тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) техникалық регламенттерде, стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарда және шарт талаптарында белгіленген талаптарға сәйкестігіне растау жүргізу жолымен жүзеге асырылады.

#### **5-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің денсаулық сақтау саласындағы құзыреті**

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) денсаулық сақтауды дамыту жөніндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын , денсаулық сақтау, медицина ғылымы, медициналық және фармацевтикалық білім беру саласындағы бағдарламаларды әзірлейді;

2) өз құзыреті шегінде денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді шығарады ;

3) денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру тәртібін бекітеді ;

4) денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеу, аттестаттау тәртібін айқындайды;

5) медициналық, дәрігерлік және фармацевтикалық қызметтің біліктілік талаптары мен лицензиялау тәртібін бекітеді;

6) орталық және жергілікті атқарушы органдардың денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі қызметіне басшылықты жүзеге асырады;

7) тегін медициналық және дәрілік көмектің кепілді көлемінің тізбесін бекітеді;

8) азаматтардың тегін медициналық көмектің кепілді көлемін алуын қамтамасыз етеді ;

9) денсаулық сақтау ұйымдарында тегін медициналық көмектің кепілді көлемін және ақылы қызметтер көрсетуге арналған шарттың үлгілік нысанын бекітеді;

10) денсаулық сақтау ұйымдары желісінің мемлекеттік нормативін бекітеді;

11) тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсету үшін дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы, медициналық

қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру мен өткізу тәртібін айқындайды;

12) әлеуметтік маңызы бар аурулардың және айналадағылар үшін қауіп төндіретін аурулардың тізбесін бекітеді;

13) Қазақстан Республикасының азаматтарын бюджет қаражаты есебінен шетелге емделуге жіберудің ережесін бекітеді;

14) медициналық ұйымдардың шығындарын бюджет қаражаты есебінен өтеу тәртібін айқындайды;

15) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында жұқпалы және паразиттік аурулардың әкелінуіне және таралуына санитариялық-карантиндік бақылауды жүзеге асырудың және Қазақстан Республикасының шекарасы мен аумағын санитариялық қорғауды қамтамасыз етудің тәртібін белгілейді;

16) халықтың пайдалануы мен қолдануына, сондай-ақ кәсіпкерлік және (немесе) өзге де қызметке арналған өнімдерді Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, сондай-ақ өндіруге, қолдану мен өткізуге тыйым салу тәртібін айқындайды;

17) оларға қарсы профилактикалық егу жүргізілетін аурулардың тізбесін, оларды жүргізу тәртібін, мерзімдерін және жоспарлы егілуге жатқызылатын халықтың топтарын айқындайды;

18) Қазақстан Республикасының аумағында шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді жүзеге асыру тәртібін, сондай-ақ халық тұрмысының және кәсіпкерлік және (немесе) өзге де қызметті жүргізудің ерекше жағдайлары мен режимдерін белгілейді;

19) пайда болу және таралу қаупі туындаған кезде шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін жұқпалы аурулардың тізбесін белгілейді;

20) иондандырушы сәулелену әсеріне ұшыраған адамдардың қаны мен тіндерін алу, сақтау және пайдалану тәртібін бекітеді;

21) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фармакопеясын бекітеді;

22) азаматтарды дәрілік заттармен қамтамасыз ету тәртібін айқындайды;

23) Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеуден өтпеген дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы ізгілік көмек ретінде Қазақстан Республикасының аумағына әкелу жағдайларын айқындайды;

24) клиникалық базалар тізбесін бекітеді;

25) анатомиялық сый жасау және оны денсаулық сақтау ұйымдарына беру тәртібі мен жағдайларын бекітеді.

## **6-бап. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның құзыреті**

Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган:

1) азаматтардың денсаулығын сақтау, медициналық қызметтер көрсету сапасы, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы, дәрілік заттар айналымы, медицина ғылымы,

медициналық және фармацевтикалық білім беру саласындағы мемлекеттік с а я с а т т ы ә з і р л е у ;

2) денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін әзірлеу;

3) денсаулық сақтау саласындағы бағдарламалық құжаттар әзірлеу;

4) денсаулық сақтау саласындағы іргелі және қолданбалы сипаттағы ғылыми әзірленімдердің басымдықтарын айқындау;

5) денсаулық сақтау, оның ішінде медицина ғылымы мен медициналық және фармацевтикалық білім беру саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге а с ы р у ;

6) денсаулық сақтау саласында осы Кодексте және өзге де заңнамалық актілерде көзделген нормативтік құқықтық актілерді, гигиеналық нормативтерді, нормативтік құжаттарды және есепке алу-есептілік құжаттамасының нысандарын әзірлеу және өз қ ұ з ы р е т і ш е г і н д е б е к і т у ;

7) денсаулық сақтау саласындағы мониторингті жүзеге асыру;

8) министрліктің құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіру;

9) ведомстволық бағыныстылығына қарамастан денсаулық сақтау субъектілерінің қ ы з м е т і н ү й л е с т і р у ;

10) денсаулық сақтау стандарттарын әзірлеу мен бекіту;

11) денсаулық сақтау саласындағы ведомстволық статистикалық есепке алу мен есептіліктің жүргізілуін қамтамасыз ету;

12) денсаулық сақтау саласындағы республикалық ақпараттық және коммуникациялық жүйелердің құрылуы мен олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

13) салалық көтермелеу жүйесін әзірлеу мен бекіту;

14) медицина және фармацевтика ғылымының дамуын қамтамасыз ету және денсаулық сақтау саласындағы ғылыми қызметті үйлестіру;

15) денсаулық сақтау саласындағы мамандардың біліктілігін арттыруды ұ й ы м д а с т ы р у ;

16) денсаулық сақтау практикасына профилактиканың, диагностиканың, емдеудің және медициналық оңалтудың жаңа әдістерін енгізу;

17) медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша даярлауға, денсаулық сақтау кадрларының біліктілігін арттыруға және қайта даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру;

18) денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары басшыларын т а ғ а й ы н д а у д ы к е л і с у ;

19) жергілікті атқарушы органдар басшыларымен денсаулық сақтау саласындағы қызметтің түпкі нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған меморандумдар жасасу;

20) ведомстволық бағынысты денсаулық сақтау ұйымдарының, оның ішінде медициналық және фармацевтикалық білім беру және ғылыми ұйымдардың қызметіне басшылық жасауды, басшылары мен олардың орынбасарларын лауазымға тағайындау

- мен лауазымнан босатуды жүзеге асыру;
- 21) азаматтар денсаулығының мүддесіне орай салааралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;
- 22) дәрілік заттардың бағаларын мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру;
- 23) денсаулық сақтау ұйымдарын жарақтандыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру;
- 24) тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсету жөніндегі қызметтерді әкімшіліктенген бюджеттік бағдарламалар бойынша сатып алу;
- 25) консультативтік-кеңесші және сарапшылық комиссиялар құру;
- 26) денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйымдар мен білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу;
- 27) денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының, республикалық денсаулық сақтау ұйымдарының басшыларын, сондай-ақ басшылардың орынбасарларын кәсіптік біліктілікке аттестаттауды жүргізу, сондай-ақ аттесталатын адамдардан тест алуды жүргізу тәртібін айқындау;
- 28) денсаулық сақтау субъектілерін аккредиттеуді жүргізуді ұйымдастыру;
- 29) денсаулық сақтау субъектілерінің қызметін бағалауға тәуелсіз сараптама жүргізу үшін жеке және заңды тұлғаларды аккредиттеу;
- 30) денсаулық сақтау саласындағы біліктілік емтихандарын өткізуді ұйымдастыру;
- 31) Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасына сәйкес медициналық, дәрігерлік және фармацевтикалық қызметті лицензиялау;
- 32) халықаралық және шетелдік фармакопелардың стандарттарын, сондай-ақ шет мемлекеттердің дәрілік заттарына, медициналық мақсаттағы бұйымдары мен медициналық техникасына арналған стандарттау жөніндегі фармакопелық мақалаларды (монографияларды) және басқа да нормативтік құжаттарды тану;
- 33) дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы мемлекеттік тіркеуді, қайта тіркеуді, тіркеу деректеріне өзгерістер енгізуді, мемлекеттік тіркеу туралы шешімді кері қайтарып алуды жүзеге асыру, Қазақстан Республикасы дәрілік заттарының мемлекеттік тізілімін жүргізу;
- 34) Қазақстан Республикасының аумағына дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы әкелуді және одан әкетуді келісу;
- 35) шаруашылық және/немесе өзге де қызметтің және халық тұрмысының ерекше шарттары қамтылған шектеу шараларын, оның ішінде карантинді енгізу;
- 36) Қазақстан Республикасында қолдануға тыйым салынған ықтимал қауіпті химиялық, биологиялық заттардың тіркелімін жүргізу;
- 37) құзыреті шегінде өнімдерге, тауарларға, процестерге, көрсетілетін қызметтерге арналған мемлекеттік және халықаралық стандарттардың жобаларын және жобалау нормаларын келісу;
- 38) балалар тағамы өнімдерін, тамаққа тағамдық және биологиялық белсенді

қоспаларды, генетикалық түрлендірілген көздерді, адам денсаулығына зиянды әсер ететін өнімдер мен заттардың жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру;

39) азаматтардың денсаулығын сақтау, медициналық қызметтер көрсетудің сапасы, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы, дәрілік заттар айналымы, медицина ғылымы, медициналық және фармацевтикалық білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

40) денсаулық сақтау, медицина және фармацевтика ғылымы. медициналық және фармацевтикалық білім беру саласындағы бағдарламаларды іске асыру;

41) денсаулық сақтау саласындағы бірлескен халықаралық жобаларды іске асыру;

42) өз құзыреті шегінде ақпараттық жүйелерді қолдана отырып электрондық қызметтер көрсету ;

43) азаматтардың көрсетілетін медициналық көмектің деңгейі мен сапасына қанағаттану дәрежесін айқындау ;

44) азаматтардың денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі өтініштерін қарау;

45) гигиеналық оқытуды және салауатты өмір салтын насихаттауды ұйымдастыру;

46) халық арасында денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру ;

47) тағамнан улану, жұқпалы және басқа да аурулар кезінде өз құзыреті шегінде санитариялық-індетке қарсы (профилактикалық) іс- шараларды ұйымдастыру мен жүзеге асыру ;

48) мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау объектісінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге және гигиеналық нормативтерге сәйкестігі (сәйкес еместігі) туралы санитариялық- эпидемиологиялық қорытындылар беру;

49) қоғамдық бірлестіктермен денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі өзара іс-қимылды жүзеге асыру;

50) денсаулық сақтау субъектілерінің қызметіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру ;

51) өз құзыреті шегінде жобалардың мемлекеттік сараптамасына қатысу;

52) денсаулық сақтау стандарттарының, сондай-ақ медициналық, дәрігерлік және фармацевтикалық қызметпен айналысу жөніндегі лицензиялау ережелерінің сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

53) көрсетілген медициналық көмектің сапасы мен көлемін бақылау;

54) дәрілік заттар айналымы саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

55) жұқпалы ауруларға эпидемиологиялық бақылауды жүзеге асыру;

56) медициналық сараптаманың және дәрілік заттарға, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техникаға сараптаманың жүргізуін бақылау;

57) медициналық қызметтер көрсетуді, дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы, сондай-ақ профилактика, диагностика, емдеу



- және медициналық оңалту әдістерін жарнамалауды бақылау;
- 58) өз құзыреті шегінде әкімшілік жазалар қолдану;
- 59) медициналық дәрігерлік және фармацевтикалық қызметке лицензияның қолданылуын тоқтата тұру;
- 60) Қазақстан Республикасының аумағында санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыру;
- 61) халыққа профилактикалық егудің ұйымдастырылуы мен жүргізілуін бақылауды жүзеге асыру;
- 62) жобалардың мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық сараптамасын жүргізу;
- 63) денсаулық сақтау жүйесіндегі есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымын бақылауды жүзеге асыру;
- 64) Қазақстан Республикасының мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызметі ұйымдарының құзыретін және қызмет тәртібін айқындау;
- 65) аумақты немесе оның бір бөлігін ауру таралмаған немесе аурудың таралуы төмен деңгейде деп белгілеу;
- 66) егер осы іс-шаралар Қазақстан Республикасы аумағында халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығының тиісті деңгейін қамтамасыз ететін болса, басқа елдердің санитариялық-індетке қарсы (профилактикалық) іс-шараларын баламалы деп тану;
- 67) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде санитариялық-карантиндік пункттер құру;
- 68) індеттік маңызы бар объектілер тізбесін бекіту;
- 69) рентген жабдықтарының, радиоактивтік заттар мен изотоптар пайдаланылатын аспаптар мен жабдықтардың импортын келісу;
- 70) тәуекелдерге бағалау жүргізуге құқығы бар барлық ұйымдар үшін бірыңғай әдіснаманы айқындау және тәуекелдерге бағалау жүргізу тәртібін белгілеу;
- 71) денсаулық сақтау органдарының электрондық ақпараттық ресурстары мен ақпараттық жүйелерін, ақпараттық-коммуникациялық желілерін дамытуды, олардың Қазақстан Республикасының бірыңғай ақпараттық кеңістігіндегі сыйымдылығы мен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;
- 72) саланың электрондық ақпараттық ресурстарына және мемлекеттік ақпараттық жүйелеріне жеке және заңды тұлғалардың қол жеткізуін ұйымдастыру, электрондық ақпараттық ресурстарды және ақпараттық жүйелерді есепке алу мен тіркеуді, сондай-ақ оларды жүйелеу мен сақтауды қамтамасыз ету;
- 73) салалық көтермелеу жүйесін, "Құрметті донор" құрметті атағын беру тәртібін бекіту жөніндегі функцияларды жүзеге асырады.

**7-бап. Әскери-медициналық ведомстволары (бөлімшелері) бар мемлекеттік органдардың құзыреті**

1. Әскери-медициналық ведомстволары (бөлімшелері) бар мемлекеттік органдар өз қ ұ з ы р е т і ш е г і н д е :

1) денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлейді және іске асырады ;

2) ведомстволық бағынысты денсаулық сақтау ұйымдарының, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының, сондай-ақ ішкі істер органдарының әскери-медициналық қызметтерінің қызметіне б а с ш ы л ы қ т ы жү з е г е а с ы р а д ы ;

3) ведомстволық бағынысты денсаулық сақтау ұйымдарын, әскери және арнаулы қызметтерді медициналық қамтамасыз ету жөніндегі іс шараларды жүзеге асырады;

4) ведомстволық денсаулық сақтауға бағынысты ұйымдар мен бөлімшелердің бастықтары лауазымына тағайындайды және лауазымынан босатады;

5) ведомстволық денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық және коммуникациялық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

6) ведомстволық бағынысты медициналық қызмет ұйымдарында медициналық көмек көрсету тәртібін бекітеді;

7) ведомстволық денсаулық сақтау ұйымдары мен бөлімшелерінің құрылымын, олардың қызметі туралы ережелерді; ұйымдар мен бөлімшелердің үлгілік штаты мен штаттық нормативтерін; Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарын, сондай-ақ ішкі істер органдарын медициналық қамтамасыз ету көлемі мен деңгейінің нормативтерін әзірлейді және бекітеді;

8) әскери медицина саласындағы бағдарламаларды іске асырады;

9) бейбіт және соғыс жағдайындағы медициналық мүліктің штаттары мен табельдеріне сәйкес комплектті-табельдік жарақтандырудың тізбесі мен құрамын а н ы қ т а й д ы ж ә н е б е к і т е д і ;

10) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органға әскери бөлімдер мен мекемелер шоғырланған аумақта шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу ( о н ы ң к ү ш і н ж о ю ) т у р а л ы ұ с ы н ы с е н г і з е д і ;

11) әскери бөлімдер мен әскери мекемелерде медициналық қарап тексерулер жүргізудің тәртібі мен кезеңділігін белгілейді.

**8-бап. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті мемлекеттік басқару органдарының денсаулық сақтау саласындағы құзыреті**

1. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді о р г а н д а р ы :

1) денсаулық сақтау саласындағы өңірлік бағдарламаларды бекітеді және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

2) ауылдық жерге жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлерін әлеуметтік қолдау шараларының жүйесін, сондай-ақ оларға бюджет

қаражаты есебінен әлеуметтік қолдау көрсетудің тәртібі мен мөлшерлерін айқындалды;

3) тиісті бюджеттерді қалыптастыру кезінде денсаулық сақтауды қаржыландыру көлемін бекітеді, денсаулық сақтауға және медициналық білім беруге арналған шығыстар үлесін айқындайды;

4) азаматтарға бюджет қаражаты есебінен емделу үшін елді мекен шегінен тысқары жерлерге тегін немесе жеңілдікпен жол жүруді ұсыну туралы шешім қабылдайды.

5) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін және жеңілдікті шарттармен дәрілік заттарды, бейімделген дәрілік өнімдерді, медициналық мақсаттағы бұйымдарды қосымша беру туралы шешім қабылдайды;

6) денсаулық сақтау ұйымдарының дамуы мен жұмыс істеуіне бағытталған іс-шараларды бекітеді;

7) донорларды қосымша көтермелеу көрсету туралы шешім қабылдайды;

8) денсаулық сақтау ұйымдарын, оларды толық көлемде орындау шартымен, денсаулық саласындағы уәкілетті орган бекіткен ең төменгі нормативтерден артық қосымша кадрлық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы шешім қабылдайды;

9) салауатты өмір салтын қалыптастыруға көмектеседі және меншік нысанасына қарамастан жұмыс берушілердің салауатты өмір салтын ұстанатын адамдарды ынталандыруы мен көтермелеуі туралы шешім қабылдайды.

2. Облыстардың, (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары:

1) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) тиісті аумақта денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы өңірлік бағдарламаларды әзірлеп, олардың іске асырылуын қамтамасыз етеді;

3) азаматтардың тегін медициналық көмектің кепілді көлемін алу құқығын іске асыруын қамтамасыз етеді;

4) қан мен оның компоненттерінің ерікті қайтарымсыз донорлығын дамыту жөніндегі шаралардың іске асырылуын қамтамасыз етеді;

5) денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарын құрады;

6) мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының кадрмен қамтамасыз етілуін бақылауды ұйымдастырады;

7) денсаулық сақтау ұйымдарының желісін дамыту мен оларды қаржылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету, оның ішінде дәріханалардың мемлекеттік желісін дамыту және дәріхана қоймаларын құру жөніндегі шараларды қабылдайды;

8) денсаулық сақтаудың мемлекеттік және мемлекеттік емес секторларының

қызметін

үйлестіреді;

9) төтенше жағдайлар кезінде азаматтарға тегін медициналық көмек көрсетуді, оларды дәрілік заттармен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен қамтамасыз етеді;

10) денсаулық сақтау саласындағы өңіраралық және халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

10) мыналарды:

республикалық маңызы бар ұйымдар, сондай-ақ қызметі бір облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) шегінен тысқары жерлерге таралатын жеке және заңды тұлғалар орындайтын жұмыстар мен қызметтер көрсетуді және еңбекке уақытша қабілетсіздікке сараптаманы, сот-медициналық, сот-психиатриялық және сот-наркология сараптамасын қоспағанда, медициналық қызметті; дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медицина техникасын дайындаумен және бөлшек саудада сатумен байланысты фармацевтикалық қызметті лицензиялауды жүзеге асырады;

11) Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасына сәйкес лицензиялауды жүзеге асырады;

12) медицина және фармацевтика қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды қамтамасыз етеді;

13) денсаулықты нығайту, аурулардың профилактикасы және салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін қажетті іс-шараларды жүзеге асырады;

14) халыққа алғашқы медициналық-санитариялық, білікті және мамандандырылған медициналық көмек көрсетуді, оның ішінде әлеуметтік маңызы бар аурулардың және айналадағыларға қауіп төндіретін аурулардың профилактикасы мен олардан емдеуді, оған қоса белгіленген мемлекеттік стандарттарды сақтай отырып, тегін медициналық көмектік кепілді көлемі шеңберінде дәрімен қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

15) ата-анасының және өзге заңды өкілдерінің келісімі бойынша балаларды психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардағы "тәуекел" топтарына жіберуді қамтамасыз етеді;

16) өз құзыреті шегінде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

17) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген жағдайларды қоспағанда, йодталмаған тұзды өткізуге тыйым салу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады.

**9-бап. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының құзыреті**

Облыстардың, (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары өз өкілеттіктері шегінде:

1) денсаулық сақтау, медицина ғылымы мен білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады және өңірлік денсаулық сақтау бағдарламаларының іске асырылуын қамтамасыз етеді;

2) Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау, медицина ғылымы мен медициналық білім беру саласындағы заңнамасының орындалуын қамтамасыз етеді;

3) азаматтарды тегін медициналық көмектің кепілді көлемі шеңберінде медициналық көмекпен және дәрілік заттармен, медициналық мақсаттағы бұйымдармен қамтамасыз етеді;

4) денсаулық сақтау субъектілерінің қызметіне мониторинг пен бақылауды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

5) облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың денсаулық сақтау бюджеттік бағдарламаларының әкімшісі функциясын жүзеге асырады;

6) тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсету жөніндегі медициналық және фармацевтикалық қызметтер көрсетуді Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен сатып алуды жүзеге асырады;

7) тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсету үшін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес амбулаториялық емдеу деңгейіне арналған дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен сатып алуды жүзеге асырады;

8) медициналық техниканы, медициналық мақсаттағы бұйымдарды, медициналық емес жабдықтарды, санитариялық көлікті, сондай-ақ денсаулық сақтау ұйымына күрделі жөндеу жүргізуге арналған қызметтерді сатып алуды ұйымдастырады;

9) денсаулық сақтау ұйымдарын кадрмен қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

10) мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарын жарақтандыруды қамтамасыз етеді;

11) денсаулық сақтау саласындағы өңірлік ақпараттың және коммуникациялық жүйелердің құрылуы мен жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

12) жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарындағы клиникалық базаларды жоғары және орта медициналық оқу орындарына беріп отырады;

13) төтенше жағдайлар кезінде азаматтарға тегін медициналық көмек көрсетуді, оларды дәрілік заттармен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

14) денсаулық сақтау саласындағы мамандарды даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі қызметті ұйымдастырады және үйлестіреді;

15) халықты гигиеналық оқыту мен тәрбиелеуді, салауатты өмір салтын насихаттауды және қалыптастыруды ұйымдастырады;

16) халықты әлеуметтік маңызы бар аурулардың және айналадағыларға қауіп төндіретін аурулардың таралуы туралы хабардар етеді;

17) азаматтардың денсаулығын сақтау мәселелері бойынша халықаралық және үкіметтік емес қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасайды;

18) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде денсаулық сақтау саласындағы ведомстволық статистикалық байқауды жүзеге асырады.

## **10-бап. Денсаулық сақтау саласындағы ведомствоаралық өзара іс-қимыл**

1. Мемлекеттік органдар мен ұйымдар Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатын іске асыру мақсатында денсаулық сақтау саласындағы реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдарға өз құзыреті шегінде көмектесуге міндетті.

2. Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік органдардың, халықаралық және басқа да ұйымдардың өзара іс-қимылын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі жанынан мәртебесі мен өкілеттігін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі ұлттық үйлестіруші орган құрылады.

Жергілікті атқарушы органдар жанынан мәртебесі мен өкілеттігін жергілікті атқарушы органдар айқындайтын денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі өңірлік үйлестіруші органдар құрылады.

3. Орталық атқарушы органдар әзірлейтін, халықтың денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі мәселелерін тікелей немесе жанама түрде қозғайтын нормативтік құжаттар денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен міндетті түрде келісуге ж а т а д ы .

4. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган әзірлейтін нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік құжаттар ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, органдар мен ұйымдардың орындауына міндетті болып табылады.

5. Ведомстволық медициналық қызметтері бар мемлекеттік органдар ведомстволық бағынысты денсаулық сақтау ұйымдарының (бөлімшелерінің) қызметі және бекітілген контингенттің денсаулық жағдайы жөніндегі ведомстволық статистикалық есептілікті денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарына беруді қ а м т а м а с ы з е т е д і .

6. Мемлекеттік органдардың ведомстволық медициналық қызметтерінің басшыларын тағайындауды тиісті мемлекеттік органдардың басшылары денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен келісе отырып жүзеге асырады.

7. Денсаулық сақтау ақпараттық жүйелерінің басқа мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен ақпарат алмасу мәселелері жөніндегі өзара іс-қимылы Қазақстан Республикасының ақпараттандыру саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге а с ы р ы л а д ы .

8. Ведомстволық медициналық қызметтері бар мемлекеттік органдар ведомстволық медициналық ақпараттық жүйелерді әзірлеу кезінде ведомстволық медициналық

ақпараттық жүйелердің техникалық параметрлерін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен келісуді қамтамасыз етеді.

### **3-тарау. Денсаулық сақтау саласындағы лицензиялау мен аккредиттеу**

#### **11-бап. Медициналық, дәрігерлік және фармацевтикалық қызметті лицензиялау**

Медициналық, дәрігерлік және фармацевтикалық қызмет Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен лицензиялауға жатады.

#### **12-бап. Денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеу**

1. Медициналық және фармацевтикалық қызметті жүзеге асыру үшін ерекше мәртебесі мен құқылығын тану мақсатында медициналық қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау субъектілері және дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналымы саласындағы фармацевтикалық қызметті жүзеге асыратын субъектілер, сондай-ақ денсаулық сақтау субъектілерінің қызметіне тәуелсіз сарапшылық бағалау жүргізуі үшін жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен аккредиттеуге жатады.

Аккредиттеу ерікті сипатта болады және аккредиттелетін субъект есебінен және тыйым салынбаған өзге де қаражат есебінен жүзеге асырылады.

2. Денсаулық сақтау субъектілерін аккредиттеу олардың қызметінің денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен аккредиттеудің белгіленген стандарттарына сәйкестігін сыртқы кешенді бағалау негізінде, денсаулық сақтау субъектісінің беделі мен мәртебесін көтеру үшін жүргізіледі және мемлекеттік тапсырысты орналастыру кезінде ескеріледі.

Денсаулық сақтау субъектілерінің қызметіне тәуелсіз сарапшылық бағалау жүргізуі үшін жеке және заңды тұлғаларды аккредиттеу олардың біліктілігін кешенді бағалау негізінде жүргізіледі. Денсаулық сақтау, аккредиттеу, аттестаттау, лицензиялау субъектілерінің қызметіне сараптама жүргізу және денсаулық сақтау саласындағы біліктілік емтихандарын өткізу үшін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгіленген тәртіппен тәуелсіз сарапшылар тартылады.

3. Аккредиттеуді денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган не денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган аккредиттеген ұйым жүргізеді.

4. Денсаулық сақтау субъектілерін аккредиттеуді жүзеге асыратын орган (ұйым) денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеу жөніндегі тиісті комиссияларды құрады және аккредиттелетін субъектілер мен тәуелсіз сарапшылардың деректер банкінің қалыптастырады.

Аккредиттеу жөніндегі комиссия туралы ережені денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

**4-тарау. Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік тіркеу, сәйкестікті растау және жарнама**

**13-бап. Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік тіркеу объектілері**

Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік тіркеуге:

- 1) дәрілік препараттарды өндіруге арналған субстанцияларды қоспағанда, дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника;
- 2) адам денсаулығына зиянды әсер ететін өнімдер мен заттардың жекелеген түрлері жатады.

**14-бап. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және тіркеу деректеріне өзгерістер енгізу**

1. Дәрілік затты, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы мемлекеттік тіркеу - денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылатын, дәрілік заттың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың фармацевтика нарығында болуының құқыққа сыйымдылығын айқындау, оның қауіпсіздігін, тиімділігі мен сапасын бағалау және дәрілік затты, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы белгілі бір мерзімге Қазақстан Республикасы Дәрілік заттарының мемлекеттік тізіліміне енгізу  
р  
э  
с  
і  
м  
і  
.

2 . М ы н а л а р д ы :

1) дәрілік нысаны, мөлшері, орамы көрсетіле отырып, бірегей, сондай-ақ қайта өндірілген (генериктер) дәрілік заттарды;

2) Қазақстан Республикасына әкелінетін дәрілік заттардың балк-өнімдерін;

3) дәрілік нысаны, мөлшері, орамы көрсетіле отырып, бұрын Қазақстан Республикасында тіркелген дәрілік заттардың жаңа құрамаларын;

4) бұрын Қазақстан Республикасында тіркелген, бірақ басқа өндіруші ұйымдар өндірген, сондай-ақ жаңа мөлшермен, жаңа орамымен, жаңа орамасымен, көмекші заттардың басқа құрамымен, басқа атаумен өндірілген басқа дәрілік нысандардағы дәрілік заттарды;

5) медициналық мақсатта қолданудың ықтимал тәуекел дәрежесіне қарай жіктелуі ескеріле отырып, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы;

6) адам организмінен тысқары диагностикаға арналған медициналық мақсаттағы б ұ й ы м д а р д ы ;

7) парафармацевтиктерді қоса алғанда Қазақстан Республикасында өндірілген, сондай-ақ оның аумағына әкелінетін дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника мемлекеттік тіркеуге және қайта тіркеуге жатады.

3. Мемлекеттік тіркеу мерзімі өтісімен дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника Қазақстан Республикасында денсаулық сақтау



саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен қайта тіркелуге жатады.

4. Мемлекеттік тіркеудің және қайта тіркеудің міндетті шарты дәрілік затқа, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техникаға сараптама жүргізу болып табылады.

Сараптаманы денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындайтын, дәрілік затты, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы әзірлеуге және өндіруге тікелей қатыспаған ұйым өзі бекіткен тәртіппен жүргізеді.

Өндіру жағдайлары мен сапаны қамтамасыз ету жүйесін бағалау дәрілік затты мемлекеттік тіркеу кезінде өтінім берушінің қаражаты есебінен өндіруші кәсіпорынға бару арқылы денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен жүзеге асырылуы мүмкін.

Дәрілік затты, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы мемлекеттік тіркеу және қайта тіркеу кезінде оларға сараптама жүргізуге байланысты шығыстарды өтінім берушілер көтереді.

5. Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеуден және қайта тіркеуден өтпеген дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы өндіруге, сақтауға, өткізуге және медициналық практикада қолдануға тыйым салынады.

6. Дәріханаларда дайындалған дәрілік нысандар (препараттар) мемлекеттік тіркеуге жатпайды.

7. Дәрілік затты, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы мемлекеттік тіркеу және қайта тіркеу туралы өтінішті мәлімделген өнімді жылжытудың барлық сатысында оның сапасы үшін жауап беретін, дәрілік затты, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы әзірлеуші, өндіруші немесе олардың сенімді өкілдері жазбаша түрде береді.

Өтінішке тізбесін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындайтын құжаттарды қамтитын тіркеу деректері қоса беріледі.

Дәрілік затты, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы мемлекеттік тіркеу кезінде өтінім беруші табыс еткен, келісуге немесе бекітуге жататын құжаттарды есепке алу мен жүйелеу денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

8. Тіркеу деректеріне өзгеріс денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен енгізіледі.

9. Дәрілік затты, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және тіркеу куәлігінің телнұсқасын беру үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен алым алынады.

10. Сараптама кезінде дәрілік заттың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен

медициналық техниканың мәлімделген сапа, қауіпсіздік пен тиімділік көрсеткіштеріне сәйкессіздігі анықталған жағдайда, өтініш берушіге оларды мемлекеттік тіркеуден және қайта тіркеуден бас тартылуы мүмкін.

11. Дәрілік затты, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы мемлекеттік тіркеу және қайта тіркеу нәтижелері бойынша денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген үлгіде мемлекеттік тіркеу туралы куәлік беріледі.

12. Дәрілік затты, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы мемлекеттік тіркеу туралы шешім денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен кері қайтарып алынуы мүмкін.

13. Мемлекеттік тіркеу туралы шешімді кері қайтарып алу:

1) дәрілік заттың бұрын белгісіз қауіпті қасиеттері немесе жанама реакциясы және медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың пайдаланған кезде жанама әсері анықталған;

2) Әкелінетін дәрілік заттың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың сапасы мемлекеттік тіркеу кезінде табыс етілген дәрілік заттың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың үлгілеріне сәйкес келмеген немесе дәрілік заттың сапасы мен қауіпсіздігін бақылау жөніндегі нормативтік-техникалық құжаттың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда жүзеге асырылады.

### **15-бап. Адам денсаулығына зиянды әсер ететін өнімдер мен заттардың жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу**

1. Адам денсаулығына зиянды әсер ететін өнімдер мен заттардың мынадай жекелеген түрлері:

1) Қазақстан Республикасының аумағына алғаш рет әкелінген (импортталған), халық үшін ықтимал қауіп төндіретін, өндіріске алғаш рет енгізілген және бұрын пайдаланылмаған заттар және олардың негізінде дайындалған материалдар мен препараттар (бұдан әрі - заттар);

2) алғаш рет өндірілген (дайындалған), Қазақстан Республикасының аумағына алғаш рет әкелінген, тамаққа парафармацевтика болып табылмайтын тағамдық және биологиялық белсенді қоспалар, балалар тағамы өнімдері, генетикалық түрлендірілген объектілер, бояғыштар, сумен және тамақ өнімдерімен араласатын бұйымдар мен материалдар халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдарда мемлекеттік тіркеуге жатады.

2. Заттар (дезинфекция, дезинсекция, дератизация құралдары) мен тамаққа биологиялық белсенді қоспалар профилактика құралдары болып табылады.

3. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген заттар мен жекелеген өнім түрлерін мемлекеттік тіркеу:

1) заттар мен жекелеген өнім түрлерінің халық пен тіршілік ету

ортасы үшін қауіптілігін сараптамалық бағалау;

2) заттар құрамының, өнімдердің жекелеген компонентінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге және гигиеналық нормативтерге сәйкестігін белгілеу;

3) арнаулы шараларды, оның ішінде заттар мен жекелеген өнім түрлерін кәдеге асыру мен жою жағдайларын, олардың халық пен қоршаған ортаға зиянды әсерін болдырмау жөніндегі арнаулы шараларды әзірлеу негізінде жүргізіледі.

4. Мемлекеттік тіркеуден бас тартуға:

1) құжаттардың толық емес топтамасын табыс ету;

2) өнім (зат) құрамында Қазақстан Республикасында қолданылуға тыйым салынған заттар мен материалдарды пайдалану;

3) өтінім берушінің дәйексіз мәліметтер табыс етуі;

4) өтінім берушінің өнімнің (заттың) қауіпсіздігін анықтау үшін қажетті сынаулар жүргізуден бас тартуы;

5) санитариялық-эпидемиологиялық және басқа да зерттеулердің өнімнің қауіпсіздігін және/немесе тиімділігін және/немесе сапасын сипаттайтын қанағаттанарлықсыз нәтижелерінің алынуы;

6) егер өнімге (затқа) және оны дайындау жағдайларына қатысты қауіпсіздік талаптары белгіленген болса, өнімде (затта) және қоршаған ортада қауіпті факторларды анықтау және өлшеу әдістемесінің болмауы;

7) өнімнің (заттың) өндірілу, қолданылу (пайдаланылу) кезінде адам денсаулығына зиянды әсерін болғызбау жөніндегі тиімді шаралардың болмауы немесе осы шаралардың қамтамасыз етіле алмауы негіз болып табылады.

5. Қазақстан Республикасында тіркелген және қолдануға рұқсат етілген заттар мен өнімдердің тізілімі мерзімді баспасөз басылымдарында жариялануға жатады.

6. Балалар тағамы өнімдерін, тамаққа тағамдық және биологиялық белсенді қоспаларды (нутрицевтиктерді), генетикалық түрлендірілген көздерді, бояғыштарды, сумен және тамақ өнімдерімен араласатын бұйымдар мен материалдарды, химиялық заттарды, адам денсаулығына зиянды әсер ететін өнімдер мен заттардың жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу тәртібін және мемлекеттік тіркеу туралы шешімді кері қайтарып алу тәртібін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

7. Адам денсаулығына зиянды әсер ететін өнімдер мен заттардың жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу кезінде оларға санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізумен және ғылыми негіздеумен байланысты шығыстарды өтінім берушілер көтереді.

**16-бап. Денсаулық саласындағы тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) сәйкестігін растау**

1. Денсаулық саласындағы тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) сәйкестігін растау олардың адам өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіздігін анықтау мақсатында жүргізіледі және Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеуден өтпеген дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың сәйкестігін растауды жүзеге асыруға тыйым салынады.

### **17-бап. Денсаулық сақтау саласындағы жарнама**

1. Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген медициналық қызметтер көрсетуді, профилактиканың, диагностиканың, емдеу мен медициналық оңалтудың әдістері мен құралдарын (бұдан әрі -медициналық қызметтер көрсетуді және емдеу әдістерін), дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы жарнамалау, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен берілетін рұқсат бар болған ретте жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген медициналық қызметтер көрсетуді және емдеу әдістерін, дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы жарнамалауға, осы қызмет түрін жүзеге асыруға лицензиясы және (немесе) қолдануға, өндіруге және (немесе) өткізуге рұқсаты, сондай-ақ оларды жарнамалауға рұқсат болмаған ретте, жол берілмейді.

Медициналық қызметтер көрсетудің, емдеу әдістері мен профилактика құралдарының, дәрілік заттардың, медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың жарнамасы дәйекті болуға, арнаулы білімсіз немесе арнаулы құралдарды қолданбай ұғынып-танылуға, басқа медициналық қызметтер көрсетумен және емдеу әдістерімен, дәрілік заттармен, медициналық техникамен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен салыстыруды болғызбауға, тұтынушыларды, олардың сенімін, оның ішінде сипаттамасына, құрамына, тұтынушылық қасиеттеріне, құнына (бағасына), қолданудың болжамды нәтижелеріне, зерттеулер мен сынаулар нәтижесіне деген сенімін теріс пайдалану арқылы шатасуға ұрындырмауға тиіс.

### **3 . М ы н а л а р ғ а :**

1) Қазақстан Республикасында тіркелмеген дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың, профилактика құралдарының жарнамасына;

2) дәрігер рецепті бойынша босатылатын дәрілік заттардың үлгілерін жарнама мақсатында таратуға ;

3) балаларға арналған дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды қоспағанда, балаларды, олардың бейнесі мен дауысын дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың жарнамасына пайдалануға;

4) қоғамдық көлікте, дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың мақсатына, пайдаланылуына және босатылуына қатысы жоқ

ұйымдарда олардың жарнамасын таратуға және орналастыруға;

5) дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың плакаттар, стендтер, жарықты табло, билбордтар, транспаранттар, афишалар және жарнаманы тұрақты орналастырудың өзге де объектілері түрінде ұсынылған сыртқы (көзбен көрілетін) жарнамасын орналастыруға;

б) дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдар туралы ақпаратты ғылыми немесе білімдік мақсатта тарату жағдайларын қоспағанда, дәрілік заттарды және медициналық мақсаттағы бұйымдарды тағайындауға уәкілетті медицина қызметкерлерін жарнама таратушылар ретінде пайдалануға тыйым салынады.

4. Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың, сондай-ақ профилактика құралдарының жарнамасы денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген сарапшылық органның жарнама материалына алдын ала сараптамасынан кейін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның рұқсаты негізінде жүргізіледі.

5. Медициналық қызметтер көрсетудің және емдеу әдістерінің жарнамасын мамандандырылған медициналық басылымдарда, өзге де бұқаралық ақпарат құралдарында және медициналық қызметтер көрсетуге қатысы бар жерлерде таратуға және орналастыруға жол беріледі.

Дәрігерлердің рецепті бойынша босатылатын, оның ішінде есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды қамтитын дәрілік заттардың жарнамасы тек қана медицина және фармацевтика қызметкерлеріне арналған арнаулы баспасөз басылымдарында жүзеге асырылуы мүмкін.

6. Жарнаманы шығаруды, тарату мен орналастыруды бақылауды уәкілетті органдар өз құзыреттері шегінде жүзеге асырады.

7. Қазақстан Республикасының жарнама туралы заңнамасы жарнаманың мазмұнына, шығарылуына, таратылуы мен орналастырылуына қатысты бұзылған жағдайда жарнама шығарушы, жарнама беруші, жарнама таратушы Қазақстан Республикасының жарнама туралы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

**5-тарау. Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау**

**18-бап. Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау ұғымы және түрлері**

1. Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау заңнама талаптарының сақталуы мен орындалуын тексеруге, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы бұзушылықтардың алдын алуға, жолын кесуге және жоюға бағытталған шаралар кешені болып табылады.

2. Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау:

1) медициналық қызметтер көрсету;

2) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы;  
3) дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника айналымы саласында жүзеге асырылады.

3. Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау :

1) тексерулер :

2) бұзушылықтарды жоюға және денсаулық сақтау саласындағы уәкілеттік органның лауазымды адамдары берген нұсқамаларды орындауға бағытталған іс-шаралар жүргізу жолымен жүзеге асырылады.

4. Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар тексерулердің мынадай түрлерін жүргізуге құқылы :

1) жоспарлы тексеру - уақыт аралығы ескеріле отырып, жоспарға сәйкес жүргізілетін тексеру :

2) жоспардан тыс тексеру - жеке тұлғалардың өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға төнген қауіпті дереу жоюды талап ететін қалыптасқан жағдайға байланысты, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуы туралы жолданымдар мен өзге де ақпаратта баяндалған фактілер бойынша, Қазақстан Республикасы заңнамасын бұзу белгілерінің тікелей анықталуына орай, сондай-ақ жоспарлы тексеру нәтижесінде анықталған бұзушылықтарды жою талаптарының орындалуын бақылау мақсатында тағайындалатын тексеру :

3) қарсы тексеру - тексерілетін адамдармен шарттық міндеттемесі не өзге де құқықтық өзара қатынастары болған жеке немесе заңды тұлғаға (филиалына немесе өкілдігіне) қатысты ұсынылған ақпараттың дәйектілігін анықтау не қосымша ақпарат алу мақсатында жоспардан тыс тәртіппен жүргізілетін тексеру ;

4) рейдтік тексеру - бірнеше жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасының жекелеген талаптарын сақтауы мәселелері бойынша олардың қызметін бір мезгілде қамтитын тексеру ;

5) бірлескен тексеру - Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасының сақталуы мәселелері бойынша бірнеше бақылаушы органның жеке және заңды тұлғалардың қызметін тексеруі .

5. Тексерулер тиісті мемлекеттік органның шешімімен жүргізіледі. Тексеру жүргізу мерзімі, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, тексеруді тағайындау туралы акт табыс етілген кезден бастап күнтізбелік отыз күннен аспауға тиіс. Тексеруді тағайындау туралы акт құқықтық статистика мен арнаулы есепке алу саласындағы қызметті өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын мемлекеттік органда міндетті түрде тіркеледі .

6. Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру мақсаты үшін лауазымды адамдар :

1) тексеру жүзеге асырылатын объектілерге қызметтік куәлігін көрсетіп кедергісіз  
б а р у ғ а ;

2) Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау туралы заңнамасын бұзушылықты жою туралы нұсқамалар беруге;

3) өз құзыреті шегінде денсаулық сақтау субъектілерінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарынан, жеке және заңды тұлғалардан денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік бақылауға қатысы бар мәселелер бойынша қажетті ақпаратты сұратуға және алуға;

4) денсаулық сақтау саласында бақылау жүргізу үшін қажетті құжаттардың көшірмелерін түсіріп алуға құқылы.

7. Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар өз құзыреті шегінде:

1) Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасы талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асыруға;

2) мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезінде жеке және заңды тұлғалармен өзара і с - қ и м ы л ж а с а с у ғ а ;

3) мемлекеттік органдарды Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасының бұзылу фактілері туралы хабардар етуге;

4) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасауға;

5) дара кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның қызметін немесе қызметінің жекелеген түрлерін әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамаға сәйкес тоқтата тұру жөнінде шаралар қолдануға;

6) жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарын қарауға міндетті.

8. Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар шығарған шешімдер жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті және оларға жоғары тұрған органға немесе сот тәртібімен ш а ғ ы м ж а с а л у ы м ү м к і н .

9. Тексеру жүргізу нәтижелері бойынша денсаулық сақтау субъектісінің қызметін тексеру актісі жасалады - ол, тиісті салада мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адам бақылау объектісінің Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау туралы заңнамасы талаптарына сәйкестігін тексеру нәтижелері бойынша жасайтын ж ә н е б е р е т і н қ ұ ж а т ы .

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасын анықталған бұзушылықтарға қарай тиісті салада мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар тексеру актісінен бөлек мынадай актілер:

1) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама;

2) әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы және әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамаға сәйкес әкімшілік жаза қолдану және кәсіпкерлік және ( немесе) өзге де қызметті тоқтата тұру жөнінде шаралар қолдану туралы қаулылар:

3) Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасын бұзушылықты жою туралы нұсқама шығарады.

10. Тиісті саладағы жоғары тұрған бас мемлекеттік инспектор жеке және (немесе) заңды тұлғалардың әрекетке немесе актілерге арызы (шағымы) бойынша шешім шығарылғанға дейін төмен тұрған бас мемлекеттік инспектор актісінің орындалуын тоқтата тұруға, оның күшін жоюға не кері қайтарып алуға құқылы.

11. Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың қаулылары мен нұсқамаларын орындамауға кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жауапты болады.

### **19-бап. Медициналық қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік бақылау**

1. Медициналық қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік бақылау бұзушылықтарды жоюға және медициналық қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік органның лауазымды адамдары берген нұсқамаларды орындауға бағытталған.

2. Медициналық қызметтер көрсету саласындағы объектіні тексеруге:

1) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның Қазақстан Республикасының медициналық қызметтер көрсету саласындағы заңнамасы нормаларының сақталуын тексеру жөніндегі жұмыс жоспары;

2) Қазақстан Республикасының медициналық қызметтер көрсету саласындағы заңнамасы талаптарын бұзушылықты жою жөніндегі нұсқамалардың, қаулылардың орындалуын бақылау;

3) медициналық қызметтер көрсету объектісінің халықтың денсаулығына қатер төндіруі мүмкін қызметімен байланысты жағдай;

4) азаматтардың және қоғамдық бірлестіктердің жолданымдары негіз болып табылады.

2. Медициналық қызметтер көрсету саласындағы бақылау:

1) меншік нысанына және ведомстволық тиістілігіне қарамастан денсаулық сақтау субъектілері көрсететін медициналық қызметтердің сапасын, көлемін және қолжетімділігін;

2) санитариялық-эпидемиологиялық сараптаманы, дәрілік заттарға, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техникаға сараптаманы қоспағанда, денсаулық сақтау саласындағы сараптаманың жүргізілуін;

3) дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы қоспағанда, диагностиканың, емдеу мен медициналық оңалтудың жаңа әдістерін енгізу мен қолдануды;

4) дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы қоспағанда, медициналық қызметтер көрсетуді, сондай-ақ диагностиканың,



емдеу мен медициналық оңалтудың жаңа әдістерін жарнамалауды;

5) медициналық қызмет саласындағы біліктілік талаптары мен лицензиялау ережелерінің сақталуын;

б) дәрілік заттардың ұтымды тағайындалуын, сондай-ақ медициналық техниканың тиімді пайдаланылуын бақылауды қамтиды.

3. Медициналық қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыртып уәкілетті органның лауазымды адамдары:

1) Қазақстан Республикасының медициналық қызметтер көрсету саласындағы бақылау жөніндегі Бас мемлекеттік инспекторы;

2) Қазақстан Республикасының медициналық қызметтер көрсету саласындағы бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекторлары;

3) Қазақстан Республикасының тиісті облыстар (астана, республикалық маңызы бар қала) бойынша медициналық қызметтер көрсету саласындағы бақылау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторлары;

4) Қазақстан Республикасының тиісті облыстар (астана, республикалық маңызы бар қала) бойынша медициналық қызметтер көрсету саласындағы бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекторлары болып табылады.

4. Медициналық қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар жоғары медициналық білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары болуға тиіс.

5. Қазақстан Республикасының медициналық қызметтер көрсету саласындағы бақылау жөніндегі Бас мемлекеттік инспекторы, оның орынбасарлары, сондай-ақ осы баптың 3-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген лауазымды адамдар Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

6. Медициналық қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар осы Кодекстің 18-бабының 6-тармағында көзделген құқықтардан бөлек:

1) денсаулық сақтау субъектілерін меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қармай:

жоспарлы тәртіппен - жылына бір реттен жиі емес;

жоспардан тыс тәртіппен - Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасы нормаларының сақталуын тексеру мақсатында тексеруге;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен аккредиттеу туралы куәліктің қолданысын алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұруға, аккредиттеу туралы куәлікті қайтарып алуға. медициналық, дәрігерлік қызметті жүзеге асыруға арналған лицензияның және маман сертификатының қолданысын тоқтата тұруға және кері қайтарып алуға бастамашы болуға құқылы.

## 20-бап. Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау

1. Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдарының Қазақстан Республикасының халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнамасын бұзушылықтың алдын алу, анықтау, жолын кесу жөніндегі қызметін, сондай-ақ халықтың денсаулығы мен өмір сүру ортасын сақтау мақсатында халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен гигиеналық нормативтердің сақталуын бақылауды біріктіреді және ол тексерулер жүргізу жолымен жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау объектілері ұжым, жеке және заңды тұлғалар, ғимараттар, құрылыстар, өнімдер, жабдықтар, көлік құралдары, су, ауа, тағам өнімдері және қызметі, тұтынылуы, қолданылуы мен іске қосылуы адам денсаулығы жағдайына және қоршаған ортаға зиян келтіруі мүмкін өзге де объектілер б о л ы п т а б ы л а д ы .

Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға жататын өнім тізбесін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

3. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен гигиеналық нормативтердің сақталуын тексеруді Қазақстан Республикасының санитариялық-эпидемиологиялық қызметінің лауазымды а д а м д а р ы жү р г і з е д і .

Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау объектісін тексеруге:

1) мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органының Қазақстан Республикасының халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнамасы нормаларының сақталуын тексеру жөніндегі жұмыс жоспары;

2) Қазақстан Республикасының халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнамасы талаптарын бұзушылықтарды жою және санитариялық-індетке қарсы (профилактикалық) іс-шаралардың жүргізу жөніндегі нұсқамалардың, қаулылардың орындалуын бақылау;

3) объектінің халықтың денсаулығына және санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығына қауіп төндіруі және жұқпалы, паразиттік, кәсіптік аурулар мен уланулардың пайда болуына әкеп соқтыруы мүмкін қызметіне байланысты авариялық ж а ғ д а й л а р ;

4) топтық және жаппай жұқпалы, паразиттік, кәсіптік аурулар мен уланулардың, оның ішінде этиологиясы белгісіз аурулардың туындауы мен таралуы;

5) объектіні пайдалануға, қолайсыз санитариялық-эпидемиологиялық жағдайға және сапасы төмен өнімді анықтауға байланысты өтініштер негіздеме болуы мүмкін.

4. Індет туындаған жұқпалы аурулар мен тағамнан уланулар пайда болған жағдайда, сондай-ақ халықтың денсаулығы мен өміріне қауіп төндіретін төтенше жағдайларда алдын ала хабарламай және тексеруді тағайындау туралы актіні құқықтық статистика

мен арнаулы есепке алу саласындағы статистикалық қызметті өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын мемлекеттік органда тіркемей объектілерді кезектен тыс тексеру жүргізіледі.

5. Осы Кодекске сәйкес мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылауды жүзеге асыруға уәкілетті Қазақстан Республикасының санитариялық-эпидемиологиялық қызметінің лауазымды адамдары:

Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері және оның орынбасарлары:

халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органның басшысы мен мамандары;

халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органның тиісті аумақтардағы және көліктегі аумақтық бөлімшелерінің басшылары - тиісті аумақтардағы және көліктегі бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлер, олардың орынбасарлары мен мамандар;

халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдар бөлімшелерінің басшылары мен мамандары болып табылады.

6. Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері және оның орынбасарлары, тиісті аумақтардың бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлері Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

7. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдар бөлімшелерінің басшылары Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерімен келісім бойынша лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

8. Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдары мен ұйымдарының басшылары лауазымына санитариялық-эпидемиологиялық бейіндегі жоғары арнаулы медициналық білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары тағайындалады.

9. Қазақстан Республикасының санитариялық-эпидемиологиялық қызметінің лауазымды адамдары:

1) Қазақстан Республикасының халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнамасы нормаларының орындалуын тексеру мақсатында кәсіпкерлік субъектілері мен коммерциялық емес ұйымдарды - тоқсанына бір рет, объектінің эпидемиологиялық маңыздылығына қарай - айына бір рет, сондай-ақ кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылмайтын мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылау объектілерін уәкілетті орган белгілеген бару жиілігіне сәйкес кедергісіз (қызмет куәлігін көрсетіп) тексеруге;

2) халықтың, сондай-ақ кәсіпкерлік және (немесе) өзге де қызметте пайдалануы мен

қолдануына арналған өнімді Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, сондай-ақ өндіруге, қолдануға және сатуға Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен тыйым салуға;

3) балалар тағамы өнімін, тамаққа тағамдық және биологиялық белсенді қоспаларды, генетикалық түрлендірілген көздерді, сумен және тамақ өнімдерімен араласатын материалдар мен бұйымдарды, химиялық заттарды, адам денсаулығына зиянды әсер ететін өнімдер мен заттардың жекелеген түрлерін қолдануға тыйым салуға немесе тоқтата тұруға;

4) Қазақстан Республикасының халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнамасын бұзу фактілерін қарау үшін жеке тұлғаларды, заңды тұлғалардың лауазымды адамдарын санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдарына шақыруға;

5) халықтың декреттелген топтарына жататын, жұқпалы, паразиттік аурулардың көздері болып табылатын, сондай-ақ медициналық тексеріп қараудан уақтылы өтпеген адамдарды жұмыстан уақытша шеттету туралы қаулылар шығаруға;

6) жекелеген объектілерде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен шектеу шараларын, оның ішінде карантин белгілеуге;

7) жұқпалы және паразиттік аурулардың ықтимал таратушы көздері болып табылатын, сондай-ақ жұқпалы аурулармен ауыратын науқастармен араласып жүрген адамдарды зертханалық тексеру нәтижелері алынғанға дейін жұмыстан шеттете отырып, медициналық қарап тексеруге жіберуге;

8) жұқпалы және паразиттік аурулардың көздері болып табылатын адамдарды міндетті түрде ауруханаға жатқызуға жіберуге;

9) халыққа міндетті түрде вакцина егуді, үй-жайларда және көлік құралдарында, аумақтарда, жұқпалы және паразиттік аурулар ошақтарында профилактикалық және ошақтық дезинфекция, дезинсекция мен дератизация жүргізуді талап етуге;

10) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің және гигиеналық нормативтердің бұзылуы жойылғанға дейін жекелеген жұмыс түрлерін, жұмыс істеп тұрған, салынып жатқан немесе қайта жаңартылып жатқан объектілерді пайдалануды тоқтата тұруға;

11) адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіпті деп танылған жағдайда шикізаттың, өнімнің, химиялық заттардың, технологиялық жабдықтардың, тетіктердің, процестердің, құрал-саймандардың жаңа түрлерін өндіруге, қолдануға және сатуға тыйым салуға;

12) халықтың декреттелген тобына халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерді және гигиеналық нормативтерді білу тұрғысынан аттестаттау жүргізуге;

13) санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жасау үшін

сараптама объектісінің қоршаған орта мен халық денсаулығына әсерін бағалауды зерделеуге қажетті материалдарды сұратуға, сондай-ақ өнімнің құнын өтемей, сараптама жасауға жеткілікті және оған қажетті көлемнен аспайтын мөлшерде өнімнің сынамасын алуға және үлгілерін іріктеуді жүргізуге;

14) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы мәселелерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілер мен бағдарламаларды Қазақстан Республикасының халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнамасына сәйкес келтіру туралы талап қоюға;

15) Қазақстан Республикасының аумағында халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы радиациялық бақылауды жүзеге асыруға;

16) санитариялық-қорғаныш аймақтарын белгілеуге және олардың көлемдерін өзгертуге;

17) санитариялық төлқұжаттарды беруге және кері қайтарып алуға;

18) дезинфекция, дезинсекция мен дератизация құралдарын және тамаққа биологиялық белсенді қоспаларды практикаға енгізу мен қолдануды бақылауға;

19) дара кәсіпкерлер, лауазымды адамдар, жеке және заңды тұлғалар санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің заңды талаптарын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және негіздерде орындамаған жағдайда сотқа жүгінуге құқылы.

10. Санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің лауазымды адамдары:

1) мемлекеттік органдарды санитариялық-эпидемиологиялық жағдайдың шиеленісуі, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің және гигиеналық нормативтердің бұзылуы туралы хабардар етуге;

2) кәсіптік уланулар мен аурулардың, жұқпалы және паразиттік аурулардың пайда болу себептері мен жағдайларын анықтауға және оларға талдау жасауға;

3) жеке және заңды тұлғаларды халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің және гигиеналық нормативтердің бұзылу салдарлары туралы ескертуге;

4) халықтың иммунитетін қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралардың орындалуын бақылауды жүзеге асыруға;

5) жеке және заңды тұлғалардың халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы мәселелері жөніндегі өтініштерін қарауға және тиісті шаралар қабылдауға;

6) өзінің қызметтік міндеттерін орындаған кезде белгілі болған ақпаратқа қатысты дәрігерлік құпияны сақтауға міндетті.

11. Қазақстан Республикасының халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнамасы талаптарының анықталған бұзылуына қарай

мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау нәтижелері бойынша құқықтық ықпал ету шараларын қабылдау мақсатында санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің лауазымды адамдар мынадай актілер:

1) бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлердің профилактикалық және індетке қарсы іс-шаралар жүргізу туралы қаулысын;

ә) әкімшілік жаза қолдану, адамдарды жұмыстан уақытша шеттету, кәсіпкерлік және (немесе) өзге де қызметті тоқтата тұру туралы қаулылар, Қазақстан Республикасының халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнамасының талаптары бұзылған жағдайда тәртіптік жаза қолдану жөнінде ұсыным жасау, халықтың, сондай-ақ кәсіпкерлік және (немесе) өзге де қызметте пайдалануы мен қолдануына арналған өнімді әкелуге, өндіруге, қолдануға және сатуға тыйым салу, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіпті деп танылған жағдайда шикізаттың, өнімнің, химиялық заттардың, технологиялық жабдықтардың, тетіктердің, процестердің, құрал-саймандардың жаңа түрлерін өндіруге, қолдануға және сатуға тыйым салу туралы қаулылар шығарады.

## **21-бап. Дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника айналымы саласындағы мемлекеттік бақылау**

1. Дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника айналымы саласындағы мемлекеттік бақылауды дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника айналымы саласындағы субъектілердің Қазақстан Республикасында дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника айналымын регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерді, стандарттарды, ережелер мен нормаларды сақтауын белгілеу мақсатында уәкілетті органның лауазымды адамдары жүзеге асырады.

Дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника айналымы саласындағы объектіні тексеруге:

1) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның Қазақстан Республикасының дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника айналымы саласындағы заңнамасы нормаларының сақталуын тексеру жөніндегі жұмыс ж о с п а р ы ;

2) Қазақстан Республикасының дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника айналымы саласындағы заңнамасы талаптарын бұзушылықтарды жою жөніндегі нұсқамалардың, қаулылардың орындалуын бақылау;

3) дәрілік заттар айналымы саласындағы объектінің халықтың денсаулығына қауіп төндіруі мүмкін қызметіне байланысты жағдайлар;

4) азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің жолданымдары негіз болып табылады.

2. Бақылаушы органның шешім қабылдауы үшін қажетті қосымша ақпарат алу мақсатында тексерілетін субъектімен шарттық немесе өзге де құқықтық қатынастарда тұрған (бұрын тұрған) адамдарға қатысты тексеру жүргізуге рұқсат етіледі.

3. Дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника айналымы саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органның лауазымды адамдары:

- 1) Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік фармацевтика инспекторы;
- 2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік фармацевтика инспекторлары;
- 3) тиісті облыстар (астана, республикалық маңызы бар қала) бойынша бас мемлекеттік фармацевтика инспекторлары;
- 4) тиісті облыстар (астана, республикалық маңызы бар қала) бойынша мемлекеттік фармацевтика инспекторлары болып табылады.

4. Дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника айналымы саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар жоғары фармацевтикалық білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары болуға тиіс.

5. Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік фармацевтика инспекторы, оның орынбасарлары, сондай-ақ осы баптың 3-тармағының 2) және 3) тармақшаларында аталған лауазымды адамдар Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

6. Дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника айналымы саласында мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар осы Кодекстің 18-бабының 6-тармағында көзделген құқықтардан бөлек:

- 1) сараптама жасау үшін оны жүргізуге жеткілікті және оған қажетті көлемнен аспайтын мөлшерде дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың үлгілерін, осы өнімнің құнын өтемей алуға;
- 2) Қазақстан Республикасының аумағына жарамсыз болған, жалған, жарамдылық мерзімі өткен және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтін басқа да дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы әкелуге, өндіруге, дайындауға, сақтауға, қолдануға және өткізуге тыйым салу туралы нұсқамалар беруге;
- 3) фармацевтикалық қызметке лицензияның күшін тоқтата тұруға бастамашы болуға құқығы бар.

7. Қазақстан Республикасының Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналымы саласындағы заңнамасы талаптарының анықталған бұзылуына қарай дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналымы саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар мемлекеттік бақылау нәтижелері бойынша құқықтық ықпал ету шараларын қабылдау мақсатында өз құзыреті шегінде осы Кодекстің 18-бабында көрсетілген актілерді шығарады.

**6-тарау. Денсаулық сақтау жүйесін қаржыландыру**

## **22-бап. Денсаулық сақтау жүйесін қаржылай қамтамасыз ету көздері**

1. Денсаулық сақтау бюджетін бөлу Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін әдістеме бойынша өңірлік коэффициенттерді ескере отырып, жан басына шағу принципімен жүзеге асырылады.

2. Денсаулық сақтау ұйымдарын қаржыландыру көздері:  
мемлекеттік бюджет қаражаты;  
медициналық сақтандыру қаражаты;  
ақылы негізде медициналық қызметтер көрсетуден алған қаражаттары;  
Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де көздер болып т а б ы л а д ы .

3. Тегін медициналық көмектің кепілді көлемі шеңберінде көрсетілетін медициналық қызметтерге арналған тарифтерді қалыптастыру мен шығындарды жоспарлау әдістемесін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

4. Тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсетуге арналған шығындарды қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

## **23-бап. Тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарын қаржыландыру нысандары**

Тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарын қаржыландыру мынадай нысандарда:

мемлекеттік медициналық мекемелер - жеке қаржыландыру жоспары бойынша;  
мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, денсаулық сақтау ұйымдары - бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерімен шарттық негізде жүзеге асырылады.

2. Медициналық ұйымдардың шығындарын бюджет қаражаты есебінен өтеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

## **24-бап. Денсаулық сақтау ұйымдарының қаржы қаражаттарын пайдалану**

Денсаулық сақтау жүйесінің қаржы қаражаттары: тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсету жөніндегі шығындарды өтеуге ;

денсаулық сақтау саласындағы бағдарламаларды іске асыруға;  
денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жабдықтауға;  
өмірлік маңызы бар дәрілік заттарды, қан мен оның компоненттерін, вакциналарды және басқа да медициналық иммунобиологиялық препараттарды, сондай-ақ медициналық техниканы және медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алуға;

жұқпалы аурулардың көріністері мен індетін жоюға;  
медицина және фармацевтика кадрларын даярлауға және олардың біліктілігін а р т т ы р у ғ а ;

медицина ғылымының жетістіктерін дамытуға және енгізуге;



өзге де тыйым салынбаған шығыстарға бағытталады.

2. Тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының шығындарын өтеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі а й қ ы н д а й д ы .

3. Шығындарды өтеу көрсетілген медициналық көмектің сапасы мен көлеміне медициналық қызметтер көрсету саласындағы бақылау жөніндегі мемлекеттік орган жүзеге асыратын бақылау нәтижелері ескеріле отырып жүргізіледі.

## **7-тарау. Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық және коммуникациялық технология**

### **25-бап. Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттандыру объектілері мен субъектілері**

1. Денсаулық сақтаудың электрондық ақпараттық ресурстары, ақпараттық жүйелері мен электрондық қызметтер көрсету денсаулық сақтау саласындағы ақпараттандыру объектілері болып табылады.

2. Денсаулық сақтауды ақпараттандыру саласындағы қызметті жүзеге асыратын немесе құқықтық қатынастарға араласатын мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар денсаулық сақтау саласындағы ақпараттандыру субъектілері болып табылады.

3. Денсаулық сақтауды ақпараттандыру саласындағы қызмет денсаулық сақтау саласының ақпараттық және коммуникациялық инфрақұрылымын "электрондық үкімет" шеңберінде дамытуды, сондай-ақ жеке және заңды тұлғаларды медициналық-статистикалық ақпаратпен қамтамасыз етуді, сондай-ақ өзге де электрондық қызметтер көрсетуді қамтиды.

4. Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстармен өзара іс- қимыл жасайтын ведомстволық ақпараттық жүйелерді құру, жұмыс істету және пайдалану тәртібін, сондай-ақ осы ақпараттық жүйелерді қолдана отырып электрондық қызметтер көрсету тәртібін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

### **26-бап. Денсаулық сақтауды ақпараттандырудың негізгі принциптері**

1. Денсаулық сақтауды ақпараттандыру:

1) әкімшілік процестерді басқарудың барлық деңгейлерінде стандарттау мен ресмилендіру, денсаулық сақтауды басқарудың бірыңғай саясатын әзірлеу мен іске асыру;

2) денсаулық сақтау және ақпараттандыру саласындағы халықаралық стандарттарды кеңінен пайдалану;

3) қолжетімдігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шектелген электрондық ақпараттық ресурстарды қоспағанда, денсаулық сақтау органдары мен ұйымдарының қызметі туралы ақпаратты қамтитын электрондық ақпараттық ресурстарға еркін қолжетімділікті қамтамасыз ету;

4) жариялы таратудың міндетті сипаты Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген электрондық ақпараттық ресурстарды берудің уақтылығы, оның объективтілігі, толықтығы және дәйектілігі;

5) денсаулық сақтаудың ақпараттық ресурстары деректерінің сақталуы мен құпиялылығын қамтамасыз ету;

6) әрбір пациент туралы ақпараттық ресурстарды персоналдауды және пациенттің персоналдық ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ету;

7) медициналық ақпараттың пациентпен ілесе жүруін қамтамасыз ету принциптеріне негізделеді.

## **27-бап. Пациенттер туралы ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету**

1. Жеке тұлғалар (пациенттер) туралы персоналдық деректерді қамтитын денсаулық сақтаудың электрондық ақпараттық ресурстары алынуы, өңделуі мен пайдаланылуы оларды жинау мақсатымен шектелетін құпия электрондық ақпараттық ресурстарға ж а т қ ы з ы л а д ы .

2. Электрондық ақпараттық ресурстар қалыптастыру үшін жеке тұлғалардың (пациенттердің) денсаулық жағдайы туралы мәлімет беру жеке тұлғаның (пациенттің) келісімі бойынша жүзеге асырылады.

3. Персоналдық медициналық деректерді қамтитын электрондық ақпараттық ресурстарды алған ақпараттық жүйелердің меншік иелері немесе иеленушілері оларды жарияланудан қорғау (құпиялылықты сақтау) жөнінде шаралар қабылдауға міндетті. Мұндай міндет персоналдық медициналық деректерді қамтитын электрондық ақпараттық ресурстар алынған кезден бастап оларды жойып жібергенге не дерек иесінен айырғанға дейін немесе осы деректерге қатысты адамнан оларды жариялауға келісім алынғанша сақталады.

4. Жеке тұлғалар (пациенттер) туралы персоналдық деректерді қамтитын электрондық ақпараттық ресурстары мүліктік және (немесе) моральдық зиян келтіру, Қазақстан Республикасының заңдарында кепілдік берілген құқықтар мен бостандықтарды іске асыруды шектеу мақсатында пайдалануға жол берілмейді.

5. Жеке тұлғалар (пациенттер) туралы персоналдық деректерді қамтитын электрондық ақпараттық ресурстарға медициналық персоналдық қолжетімділігі жеке тұлғаға (пациентке) медициналық көмек көрсету мақсаттарымен ғана шектелуге тиіс.

## **8-тарау. Денсаулық сақтау саласындағы халықаралық ынтымақтастық**

### **28-бап. Денсаулық сақтау саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың басымдықтары мен бағыттары**

1. Денсаулық сақтау саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың негізгі б а с ы м д ы қ т а р ы :

1) Қазақстан Республикасының және оның азаматтарының

денсаулық сақтау саласындағы мүдделерін қорғау;

2) тұрақты дамуға қол жеткізу;

3) Қазақстан Республикасының эпидемиологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

4) денсаулық сақтау саласындағы мәселелерді мемлекетаралық деңгейде шешу үшін халықаралық құқықтың нормалары мен принциптерін қолдану болып табылады.

2. Денсаулық сақтау саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың негізгі бағыттары:

1) денсаулық сақтау саласындағы халықаралық бастамаларға қатысу;

2) денсаулық сақтаудың жаһандық проблемаларын шешуге қатысу;

3) денсаулық сақтау саласындағы техникалық көмекті мемлекетаралық деңгейде тарту және көрсету;

4) Қазақстан Республикасының азаматтарын шетелге емделуге жіберу және шетелдік азаматтарға медициналық көмек көрсету;

5) халықаралық танылған технологияларды енгізу және денсаулық сақтау жүйесін жаңғырту;

6) әлемдік медицина ғылымына кірігу;

7) медицина және фармацевтика қызметкерлерінің ақпараттық және зияткерлік ресурстарға қолжетімдігін қамтамасыз ету;

8) медицина және фармацевтика кадрларын даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру саласында мемлекетаралық өзара іс-қимыл;

9) төтенше жағдайлар туындаған кезде денсаулық сақтау саласындағы халықаралық көмек көрсету;

10) дәрілік заттар айналымы саласындағы ақпарат, технология алмасу және фармацевтикалық және медициналық өнімнің қауіпсіздігі мен сапасына қойылатын талаптарды үйлестіру;

11) шекараларды санитариялық қорғау, әкелінетін заттардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

## **29-бап. Денсаулық сақтау саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың экономикалық және құқықтық негіздері**

1. Денсаулық сақтау саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың экономикалық негізін:

1) халықаралық ұйымдарға міндетті және ерікті жарналар;

2) халықаралық жобалар мен іс-шараларды қаржыландыруға қатысу;

3) гранттарды тарту мен пайдалану;

4) жасалған халықаралық шарттарға сәйкес қаржыландыру құрайды.

2. Денсаулық сақтау саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың құқықтық негізі жасалуы, орындалуы, өзгертілуі мен тоқтатылуы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттар туралы заңнамасымен реттелетін халықаралық (мемлекетаралық) шарттар мен келісімдер болып табылады.

## **ЕРЕКШЕ БӨЛІМ**

### **2-бөлім. Денсаулық сақтау жүйесі және медициналық көмекті ұйымдастыру**

#### **30-бап. Денсаулық сақтау жүйесінің құрылымы**

1. Қазақстан Республикасындағы денсаулық сақтау жүйесі мемлекеттік және мемлекеттік емес денсаулық сақтау секторларынан тұрады.

2. Мемлекеттік денсаулық сақтау секторы денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік органдардан, мемлекеттік меншік құқығына негізделген денсаулық сақтау саласындағы денсаулық сақтау ұйымдарынан, ғылыми ұйымдардан және білім беру ұйымдарынан тұрады.

3. Мемлекеттік емес денсаулық сақтау секторы жеке меншік құқығына негізделген денсаулық сақтау ұйымдарынан, денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйымдардан, білім беру ұйымдарынан, сондай-ақ жеке медициналық және фармацевтикалық практикамен айналысатын жеке тұлғалардан тұрады.

Мемлекеттік емес денсаулық сақтау секторында емдеуге тыйым салынатын аурулар тізбесін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

#### **31-бап. Денсаулық сақтау субъектілері**

1. Денсаулық сақтау ұйымдары, сондай-ақ жеке медициналық практикамен және фармацевтикалық қызметпен айналысатын жеке тұлғалар денсаулық сақтау субъектілері болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесінде мынадай денсаулық сақтау ұйымдары жұмыс істейді:

- 1) амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымдар;
- 2) стационарлық көмек көрсететін ұйымдар;
- 3) жедел медициналық көмек және санитариялық авиация ұйымдары;
- 4) қалпына келтіру емі және медициналық оңалту ұйымдары;
- 5) паллиативтік көмек және мейірбике күтімін көрсететін ұйымдар;
- 6) қан қызметі саласындағы қызметті жүзеге асыратын ұйымдар;
- 7) сот медицинасы және патологиялық анатомия саласындағы қызметті жүзеге асыратын ұйымдар;
- 8) фармацевтикалық қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары;
- 9) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары;
- 10) денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйымдар;
- 11) денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдары;
- 12) салауатты өмір салтын қалыптастыру саласындағы қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары.

3. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган: денсаулық сақтау ұйымдарының номенклатурасын және олардың қызметі туралы

е р е ж е н і ;

денсаулық сақтау ұйымдары қызметкерлерінің медициналық және фармацевтикалық мамандықтары мен лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік с и п а т т а м а л а р ы н ;

денсаулық сақтау ұйымдарының құрылымын, ұйымдық-құқықтық нысанын және ү л г і л і к ш т а т ы н ;

денсаулық сақтау ұйымдарының өзара іс-қимыл тәртібін әзірлейді және бекітеді.

4. Жеке тұлғалар осы мамандық бойынша маман сертификаты, кемінде бес жыл жұмыс стажы және тиісті лицензиясы болған ретте жекеше медициналық практикамен айналысуға құқылы болады.

### **32-бап. Медициналық көмекті ұйымдастыру**

1. Медициналық көмекті ұйымдастыруды - денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган, облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары, медициналық көмек көрсетуді денсаулық сақтау субъектілері осы Кодексте белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

2. Денсаулық сақтау субъектілері ведомствоның спецификасына қарай:

1) лицензияға сәйкес сапалы медициналық көмек көрсетуді;

2) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган рұқсат берген диагностиканың, профилактика мен емдеудің әдістерін, сондай-ақ дәрілік заттарды қолдануды:

3) төтенше жағдайлардағы жұмысқа әзірлікті;

4) айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулардың, сондай-ақ кәсіптік аурулардың алдын алу, олардың диагностикасы мен емделуі жөнінде іс-шаралар жүргізуді;

5) азаматтарға медициналық көмектің нысандары мен түрлері туралы тегін, жедел және дә й е к т і а қ п а р а т ұ с ы н у д ы ;

6) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен гигиеналық н о р м а т и в т е р д і ң с а қ т а л у ы н ;

7) басқа да денсаулық сақтау ұйымдарымен өзара іс-қимыл мен өз қызметіндегі с а б а қ т а с т ы қ т ы ;

8) салауатты өмір салтын насихаттауды және халықты гигиеналық оқытуды;

9) алғашқы медициналық құжаттарды жүргізуді, денсаулық сақтау және мемлекеттік статистика салаларындағы уәкілетті органдар белгілеген нысандар, түрлер, көлем, тәртіп пен мерзімдер бойынша есептіліктер тапсыруды;

10) айналасындағыларға қауіп төндіретін жұқпалы аурулар, улану, психикалық және мінез-құлықтың бұзылу жағдайлары туралы - денсаулық сақтау саласындағы тиісті мемлекеттік органдарға, ал жаңа алған жарақаттар, жаралар, қылмыстық түсіктер бойынша көрінген адамдар туралы мәліметтерді, сондай-ақ айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулардың жағдайлары туралы ішкі істер органдарына хабарлауды қамтамасыз етуге міндетті.

### **33-бап. Тегін медициналық көмектің кепілді көлемі**

1. Тегін медициналық көмектің кепілді көлемі Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандарға мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсынылады және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбеге сәйкес барынша дәлелденген тиімділікке ие профилактикалық, диагностикалық және емдік медициналық қызметтер көрсетуді қамтиды.

2. Тегін медициналық көмектің кепілді көлеміне:

1) жедел медициналық жәрдем мен санитариялық авиация;

2) амбулаториялық-емханалық көмек, ол:

- алғашқы медициналық-санитариялық көмекті;

- алғашқы медициналық-санитариялық көмек маманының (бұдан әрі АМСК) және бейінді мамандардың жолдамасы бойынша консультативтік-диагностикалық көмекті қамтиды;

3) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындайтын ауруханаға жатқызу жағдайларының жоспарланған саны (шекті көлемі) шеңберінде АМСК маманының немесе медициналық ұйымның жолдамасы, бойынша, төтенше жағдайда жолдаманың болу-болмауына қарамай берілетін стационарлық медициналық көмек;

4) АМСК маманының немесе медициналық ұйымның жолдамасы бойынша стационарды алмастыратын медициналық көмек кіреді.

3. Тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсету үшін дәрілік заттармен қамтамасыз ету денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілейтін тәртіпке сәйкес бекітілетін Негізгі (өмірлік маңызды) дәрілік заттар тізімі шегінде:

жедел, стационарлық және стационарды алмастыратын көмек көрсету кезінде - медициналық ұйымдар бекіткен дәрілік формулярларға сәйкес;

амбулаториялық-емханалық көмек көрсету кезінде белгілі бір аурулары (жай-күйі) бар азаматтардың жекелеген санаттарын тегін және (немесе) жеңілдікті шарттарда қамтамасыз ету үшін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітетін дәрілік заттар мен арнаулы дәрілік тағамдар тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады.

4. Тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсету жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алуды тиісті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырады.

5. Тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсету жөніндегі шарттарды жасасуда артықшылықты құқыққа денсаулық сақтаудың аккредиттелген ұйымдары ие болады.

### **34-бап. Ақылы медициналық көмек алу негіздері мен тәртібі**

Ақылы медициналық қызметтер көрсетуді мемлекеттік және жеке денсаулық сақтау ұйымдары, аурудың түрі мен медициналық қызметпен айналысуға арналған лицензияға сәйкес келгенде жеке медициналық практикамен айналысатын жеке тұлғалар көрсетеді.

## Ақылы медициналық қызметтер көрсету:

1) пациенттердің бастамасы бойынша, оның ішінде алғашқы медициналық-санитариялық көмек мамандарының және денсаулық сақтау ұйымдарының жолдамасынсыз диагностикалық және емдік қызметтер көрсету ;

2) негізгі (өмірлік маңызды) дәрілік заттар тізіміне енгізілмеген дәрілік заттармен емдеу ;

3) тегін медициналық көмектің кепілді көлемі тізбесіне кірмейтін медициналық зерттеулер жүргізу ;

4) шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға тегін медициналық көмектің кепілді көлемінен артық медициналық көмек көрсету;

5) тиісті жолдамасыз санаторийлік емдеу;

6) медициналық көрсетпесіз медициналық-генетикалық зерттеулер;

7) азаматтарды жұмысқа кіру және оқуға түсу үшін медициналық қарап тексеру;

8) ұйымдармен шарт бойынша, оның ішінде ерікті медициналық сақтандыру бойынша медициналық көмек көрсету;

9) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілейтін медициналық стандарттардан артық қосымша сервистік қызметтер ұсыну кезінде беріледі.

3. Ақылы медициналық қызметтер көрсету пациент пен осы көрсетілетін қызметті ұсынатын денсаулық сақтау субъектісі арасында жасалатын шарт негізінде көрсетіледі.

Ақылы медициналық қызметтер көрсетуге арналған шарт мынадай негізгі талаптарды :

медициналық көмектің түрлері мен келемін;

медициналық көмек көрсету мерзімін;

3) медициналық және медициналық емес көрсетілетін қызмет тарифтерін және оларды төлеу тәртібін ;

4) тараптардың құқықтары мен міндеттерін;

5) шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу және оның қолданылуын тоқтату тәртібін ;

6) тараптардың шарт міндеттемелерін тиісінше орындамау үшін материалдық жауапкершілік белгілеуін қамтуға тиіс.

4. Ақылы қызметтер көрсетудің түрлері мен олардың баға прейскуранты мемлекеттік және жеке денсаулық сақтау ұйымдарындағы және жеке медициналық практикамен айналысатын жеке адамдардағы көрнекі ақпарат арқылы азаматтардың назарына жеткізіледі.

5. Ақылы қызметтер көрсетудің бағалары медициналық, сервистік қызметтерді көрсетумен байланысты барлық шығын түрлерін және өзге де қосымша шығыстарды ескере отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады және ол

жарты жылда бір реттен аспайтын жиілікпен қайта қаралуы мүмкін.

Ақылы қызметтер көрсетудің бағасы тегін медициналық көмектің кепілді көлемі үшін бюджеттік бағдарлама әкімшісі белгілейтін ұқсас медициналық қызмет тарифінен төмен белгіленбейді.

6. Азаматтарға ақылы қызметтер көрсеткен кездегі есепке алу-есептілік медициналық құжаттамасын жүргізу денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша жүзеге асырылады.

7. Денсаулық сақтау ұйымы азаматтар өтініш жасаған кезден бастап ақылы медициналық қызметтер көрсетудің уақтылы және сапалы көрсетілуі үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жауапты болады.

8. Денсаулық сақтау ұйымдарында ақылы қызметтер көрсетудің шарттары мен тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

### **3-бөлім. Медициналық және фармацевтикалық қызмет**

#### **9-тарау. Медициналық және фармацевтикалық қызметтің мазмұны мен түрлері**

##### **35-бап. Медициналық және фармацевтикалық қызметтің мазмұны**

Медициналық және фармацевтикалық қызмет жоғары немесе орта кәсіптік медициналық немесе фармацевтикалық білім алған жеке тұлғалардың, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалардың кәсіптік қызметін қамтиды.

##### **36-бап. Медициналық және фармацевтикалық қызметтің түрлері**

1. Қазақстан Республикасында медициналық қызметтің мынадай түрлері жүзеге асырылады:

- 1) медициналық көмек;
  - 2) зертханалық диагностика;
  - 3) патологоанатомиялық диагностика;
  - 4) қан мен оның компоненттерін дайындау саласындағы қызмет;
  - 5) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қызмет;
  - 6) қоғамдық денсаулықты сақтау саласындағы қызмет;
  - 7) денсаулық сақтау саласындағы білім беру және ғылыми қызмет;
  - 8) денсаулық сақтау саласындағы сараптама;
- осы Кодексте тыйым салынбаған өзге де қызмет түрлері.

2. Фармацевтикалық қызмет дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы өндірумен, дайындаумен, өткізумен, бөлумен, пайдаланумен және жоюмен, сондай-ақ олардың қауіпсіздігі мен тиімділігін қамтамасыз етумен байланысты қызметті қамтиды.

#### **10-тарау. Медициналық көмек**

##### **37-бап. Медициналық көмектің түрлері**



Медициналық көмектің негізгі түрлері:

- 1) дәрігерге дейінгі медициналық көмек;
- 2) білікті медициналық көмек;
- 3) мамандандырылған медициналық көмек;

4) жоғары мамандандырылған медициналық көмек болып табылады.

### **38-бап. Дәрігерге дейінгі медициналық көмек**

1. Дәрігерге дейінгі медициналық көмек - профилактика мақсатында, сондай-ақ диагностика, емдеу және медициналық оңалту әдістерін дәрігердің қатысуымен пайдалануды талап етпейтін аурулар кезінде медициналық орта білімі бар медицина қызметкерлері көрсететін көмек.

Төтенше жағдайларда дәрігерге дейінгі медициналық көмекті парамедиктер - медициналық білімі жоқ, тиісті даярлығы бар адамдар көрсетуі мүмкін.

2. Дәрігерге дейінгі медициналық көмектің түрлері мен көлемін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

### **39-бап. Білікті медициналық көмек**

1. Білікті медициналық көмек - диагностиканың, емдеу және медициналық оңалтудың мамандандырылған әдістерін пайдалануды талап етпейтін аурулар кезінде жоғары медициналық білімі бар медицина қызметкерлері көрсететін медициналық көмек.

2. Білікті медициналық көмектің түрлері мен көлемін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

### **40-бап. Мамандандырылған медициналық көмек**

1. Мамандандырылған медициналық көмек - диагностиканың, емдеу және медициналық оңалтудың арнайы әдістерін пайдалануды талап ететін аурулар кезінде бейіндік мамандар көрсететін медициналық көмек.

2. Мамандандырылған медициналық көмекті денсаулық сақтаудың көп бейінді ұйымдары консультациялық-диагностикалық немесе стационарлық медициналық көмек нысанында көрсетеді.

3. Мамандандырылған медициналық көмектің түрлері мен көлемін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган және облыстардың, (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары белгілейді.

### **41-бап. Жоғары мамандандырылған медициналық көмек**

1. Жоғары мамандандырылған медициналық көмек диагностиканың емдеу және медициналық оңалтудың жаңа технологияларын пайдалануды талап ететін аурулар кезінде денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындайтын медициналық ұйымдарда бейіндік мамандар көрсететін медициналық көмек.

2. Жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсететін медициналық

ұйымдардың қызметін үйлестіруді денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

3. Жоғары мамандандырылған медициналық көмектің түрлері мен көлемін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

#### **42-бап. Медициналық көмек көрсету нысандары**

Медициналық көмек:

- 1) амбулаториялық-емханалық көмек;  
алғашқы медициналық-санитариялық көмек;  
консультациялық-диагностикалық көмек;
- 2) стационарлық көмек;
- 3) стационарды алмастыратын көмек;
- 4) жедел медициналық көмек;
- 5) санитариялық авиация;
- 6) қалпына келтіру емі және медициналық оңалту;
- 7) паллиативтік көмек және мейірбике күтімі;
- 8) дәстүрлі медицина, халық медицинасы (емшілік) нысандарында көрсетілуі мүмкін.

#### **43-бал. Алғашқы медициналық-санитариялық көмек**

1. Алғашқы медициналық-санитариялық көмек - адам, отбасы және қоғам деңгейінде көрсетілетін, қолжетімді медициналық қызмет көрсету кешенін:

- 1) неғұрлым кең таралған аурулардың диагностикасын және оларды емдеуді, сондай-ақ жарақаттануды, улануды және басқа да шұғыл жағдайларды;
- 2) жұқпалы аурулар ошақтарында профилактикалық, індетке қарсы іс-шараларды;
- 3) халықты гигиеналық оқыту, отбасын, ананы, әкені және баланы қорғау;
- 4) халыққа сумен қауіпсіз жабдықтау және тиімді тамақтану жөніндегі түсіндіру жұмыстарын қамтитын тәулік бойы медициналық бақылаусыз дәрігерге дейінгі немесе білікті медициналық көмек.

2. Алғашқы медициналық-санитариялық көмекті мынадай мамандар: учаскелік терапевтер, педиатрлар, акушерлер, жалпы практика дәрігерлері, фельдшерлер, акушерлер, мейірбикелер көрсетеді.

3. Алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін ұйымдардың қызметі медициналық ұйымды еркін таңдау құқығын ескере отырып, азаматтарға тұрғылықты және (немесе) бекітілген жері бойынша медициналық көмектің қолжетімдігін қамтамасыз ету мақсатында аумақтық принцип бойынша жүргізіледі.

4. Алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету түрлерін, көлемін, тәртібін, сондай-ақ азаматтарды алғашқы медициналық-санитариялық көмек ұйымдарына бекіту тәртібін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

5. Алғашқы медициналық-санитариялық көмекті ұйымдастыруды жергілікті мемлекеттік басқару органдары жүзеге асырады.

#### **44-бап. Консультативтік-диагностикалық көмек**

1. Консультациялық-диагностикалық көмек - тәулік бойы медициналық бақылаусыз мамандандырылған немесе жоғары мамандандырылған медициналық көмек.

2. Консультациялық-диагностикалық көмек көрсету тәртібін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

#### **45-бап. Стационарлық көмек**

1. Стационарлық көмек - тәулік бойы медициналық бақылауы бар білікті, мамандандырылған және жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету нысаны.

2. Стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары азаматтарға тиісті күтім мен тамақтануды қамтамасыз етеді.

3. Стационарлық көмек көрсету тәртібін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

#### **46-бап. Стационарды алмастыратын көмек**

1. Стационарды алмастыратын көмек - бір күннің ішінде ұзақтығы төрт сағаттан сегіз сағатқа дейін болатын медициналық бақылауы бар дәрігерге дейінгі, білікті, мамандандырылған және жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету нысаны.

2. Стационарды алмастыратын көмек көрсету тәртібін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

#### **47-бап. Жедел медициналық көмек**

1. Жедел медициналық көмек - денсаулыққа елеулі зиянды болғызбау немесе өмірге теңген қатерді жою үшін аса шұғыл медициналық көмекті талап ететін аурулар мен жай-күй туындаған кездегі медициналық көмек көрсету нысаны.

2. Жедел медициналық көмек көрсету үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгілеген тәртіппен мамандандырылған ұйымдар және жедел медициналық көмек қызметтері құрылады.

3. Жедел медициналық көмек көрсету тәртібін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

#### **48-бап. Санитариялық авиация**

1. Санитариялық авиация қызметі - пациенттің тұрған жеріндегі медициналық ұйымда медициналық жабдықтың немесе тиісті біліктіліктегі мамандар болмауы себебінен медициналық көмек көрсетіле алмаған жағдайда халыққа шұғыл медициналық көмек көрсету нысаны. Санитариялық авиация нысанында медициналық көмек көрсету әртүрлі көлік түрлерімен мамандарды межелі жерге жеткізу немесе науқасты тиісті медициналық ұйымға тасымалдау жолымен жүзеге асырылады.

2. Санитариялық авиация нысанында медициналық көмек көрсету тәртібін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

#### **49-бап. Қалпына келтіру емі және медициналық оңалту**

1. Қалпына келтіру емі мен медициналық оңалту туа біткен және жүре келе пайда болған аурулардан, қатты, созылмалы аурулар және жарақаттар салдарынан зардап шегуші азаматтарға көрсетіледі.

2. Қалпына келтіру емі мен медициналық оңалту денсаулық сақтау ұйымдарында, халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің ұйымдарында, сондай-ақ санаторий-курорттық ұйымдарда жүргізіледі.

3. Азаматтарға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен санаторий-курорттық емделуге жолдамалар беріледі.

4. Қалпына келтіру емі мен медициналық оңалту тәртібін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органдар белгілейді.

#### **50-бап. Паллиативтік көмек және мейірбикенің күтімі**

1. Паллиативтік көмек аурудың терминалдық (түпкі) сатысындағы дауасыз науқастарға мамандандырылған құрылымдық бөлімшелерде, дербес медициналық ұйымдарда (хопсистерда) немесе үйдегі стационар нысанында дәрігердің басшылығымен көрсетіледі.

2. Мейірбике күтімін дәрігер бақылауы талап етілмейтін жағдайларда мамандандырылған құрылымдық бөлімшелерде, дербес медициналық ұйымдарда (мейірбике күтімі ауруханаларында) немесе үйдегі стационар нысанында орта медициналық білімі бар медицина қызметкерлері жүзеге асырады.

3. Паллиативтік көмекті және мейірбикенің күтімін көрсету тәртібін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

#### **51-бап. Дәстүрлі медицина; халық медицинасы (емшілік)**

1. Дәстүрлі медицина медициналық практиканың көп ғасырлық дәстүрлерінде бекітілген сауықтыру, профилактика, диагностика және емдеу әдістеріне негізделеді. Дәстүрлі медицина әдістеріне гомеопатия, гирудотерапия, мануальдық терапия, рефлексотерапия, фитотерапия және табиғи текті құралдармен емдеу жатады.

Тиісті лицензия алған, медициналық білімі бар адамдардың дәстүрлі медицина саласындағы қызметке құқығы бар.

2. Халық медицинасы (емшілік) - емшілік құралдар, тәсілдер мен дағдылар туралы эмпирикалық мәліметтерді және оларды практикада қолдануды қамтиды.

Жеке тұлғалардың халық медицинасы (емшілік) әдістерін қолдануы денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган аккредиттеген денсаулық сақтау ұйымдары берген сертификат негізінде жүзеге асырылады. Осы сертификатты алған жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының емшілер тізіліміне енгізуге жатады. Сертификаттың және Қазақстан Республикасы емшілері тізілімінің нысанын, сондай-ақ оны жүргізу тәртібін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

Жаппай емшілік сеанстарын, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып өткізуге тыйым салынады. Халық медицинасымен (емшілікпен)

заңсыз түрде шұғылданатын адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

## **11-тарау. Медициналық қызметтің өзге де түрлері**

### **52-бап. Зертханалық диагностика**

1. Зертханалық диагностика - ауру диагнозын пациенттен алынған биоматериалдарды зертханалық зерттеу жолымен белгілеуге бағытталған медициналық қызметтер көрсету кешені.

2. Зертханалық диагностиканы жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарының және (немесе) денсаулық сақтау ұйымдары құрылымдық бөлімшелерінің қызмет тәртібін, сондай-ақ олар жүргізетін зерттеулердің көлемі мен түрлерін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

### **53-бап. Патологоанатомиялық диагностика**

1. Патологоанатомиялық диагностика патологоанатомиялық ашып қарау барысында мәйіттің тіндері мен ағзаларындағы, сондай-ақ аурудың хирургиялық операция және (немесе) биопсия жолымен алынған ағзаларындағы (ағзаларының фрагменттеріндегі) және тіндеріндегі өзгерістердің жиынтығын талдау арқылы диагноз қою мақсатында жүргізіледі және тікелей қарап тексеру (макроскопиялық зерттеулер), үлкейткіш аспаптар пайдалану арқылы зерттеулер (микроскопиялық зерттеулер), өзге де технологиялар пайдалану арқылы зерттеулер нәтижелеріне, сондай-ақ клиникалық анатомиялық салыстыруларға негізделеді.

2. Патологоанатомиялық ашып қарау өлімнің себептерін белгілеу және ауру диагнозын нақтылау мақсатында жүргізіледі.

2. Ана және/немесе сәби өлімі жағдайларын, сондай-ақ ерекше қауіпті жұқтырғыштардан қайтыс болуды қоспағанда, өлімнің күш қолданудан болғанына күдік болмаған және қайтыс болғанның жұбайының (зайыбының), жақын туыстарының немесе заңды өкілдерінің жазбаша өтініші не қайтыс болғанның тірі кезінде айтылған ырық білдіруі болған кезде, мәйітті патологоанатомиялық ашып қарау жүргізілмей, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысанда өлімнің болу фактін куәландыратын құжат бере отырып, беруге рұқсат етіледі.

Қайтыс болғанның туыстарының немесе заңды өкілдерінің талап етуі бойынша патологоанатомиялық ашып қарауды тәуелсіз сарапшы (сарапшылар) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүргізуі мүмкін.

3. Патологоанатомиялық диагностиканы жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарының және (немесе) денсаулық сақтау ұйымдары құрылымдық бөлімшелерінің қызмет тәртібін, сондай-ақ патологоанатомиялық ашып қарауды жүргізу тәртібін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

### **54-бап. Қан қызметі, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы, қоғамдық денсаулықты сақтау саласындағы**

## **қызмет, денсаулық сақтау және медициналық сараптама саласындағы білім беру және ғылыми қызмет**

Қан қызметі, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы, қоғамдық денсаулықты сақтау саласындағы қызмет, денсаулық сақтау және медициналық сараптама саласындағы білім беру және ғылыми қызмет осы Кодекспен реттеледі.

### **12-тарау. Денсаулық сақтау саласындағы сараптама**

#### **55-бап. Денсаулық сақтау саласындағы сараптама**

1. Денсаулық сақтау саласындағы сараптама азаматтардың денсаулығын қорғауды қамтамасыз етудің құрамдас бөлігі болып т а б ы л а д ы .

2. Қазақстан Республикасында денсаулық сақтау саласындағы сараптаманың мынадай түрлері жүзеге асырылады:

1) медициналық қызметтер көрсету сапасына сараптама;

2) еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптамасы;

3) әскери-дәрігерлік сараптама;

4) сот-медицина, сот-психиатрия және сот-наркология сараптамалары;

5) санитариялық-эпидемиологиялық сараптама;

6) дәрілік заттарға, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техникаға с а р а п т а м а с ы ;

7) ғылыми-медициналық сараптама.

3. Денсаулық сақтау саласындағы сараптаманы жеке және заңды тұлғалар тиісті лицензиясы және (немесе) аккредиттеу туралы куәлігі негізінде жүзеге асырады.

#### **56-бап. Медициналық қызметтер көрсету сапасына сараптама**

1. Медициналық қызметтер көрсету сапасына сараптама - жеке және заңды тұлғалар ұсынатын медициналық қызмет сапасының деңгейі жөнінде қорытынды жасау үшін медициналық қызметтер көрсетудің тиімділік, толымдылық және денсаулық сақтау саласындағы стандарттарға сәйкестік көрсеткіштерін бейнелейтін индикаторларды пайдалана отырып жүзеге асырылатын ұйымдастырушылық, талдамалық және практикалық іс-шаралар жиынтығы.

2. Медициналық қызметтер көрсету сапасына сараптама ішкі және сыртқы болып б ө л і н е д і .

3. Ішкі сараптама жүргізу үшін әрбір медициналық ұйымда ішкі бақылау (аудит) қызметі құрылады. Осы қызметтің құрылымы мен құрамын ұйым басшысы көрсетілетін медициналық қызметтер көлеміне қарай бекітеді.

Ішкі бақылау (аудит) қызмет медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыруға, медициналық ұйымның клиникалық қызметіне, медициналық көмек көрсету тәртібі мен стандарттарын бұзу фактілерін анықтауға ағымдағы талдау жүргізеді, сондай-ақ емделуде жатқан пациенттердің өтініштерін 5 күннен аспайтын мерзімде қарауды жү р г і з е д і .

Ішкі бақылау (аудит) қызметі жүргізілген аудит нәтижелері бойынша медициналық ұйым басшысына көрсетілетін медициналық көмек сапасының төмендеуінің анықталған себептері мен жағдайларын жою жөнінде ұсыныстар енгізеді.

4. Медициналық қызметтер көрсету сапасына сыртқы сараптаманы медициналық қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік орган және (немесе) тәуелсіз медициналық ұйымдар және (немесе) сарапшылар жүргізеді.

5. Медициналық қызметтер көрсету сапасына ішкі және сыртқы сараптама ұйымдастыру мен жүргізу тәртібін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

#### **57-бап. Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама**

1. Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жеке тұлғаның еңбекке жарамсыздығын ресми тану және оны ауру кезеңінде еңбек міндеттерін орындаудан уақытша босату мақсатында жүргізіледі.

2. Еңбекке уақытша жарамсыздық сараптамасын жүргізудің, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парағын және анықтамасын беру тәртібін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

#### **58-бап. Әскери-дәрігерлік сараптама**

1. Әскери-дәрігерлік сараптама (бұдан әрі - ӘДС) денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке немесе әскери қызметке теңестірілген арнайы қызметке (бұдан әрі - әскери қызмет) жарамдылықты белгілеу үшін, сондай-ақ азаматтардың әскери қызметті (әскери жиындарды) өткерумен байланысты сырқаттануының, мертігуінің (жаралануының, жарақаттануының, контузия алуының) (бұдан әрі - мертігу) және қайтыс болуының себепті байланыстарын анықтау үшін жүргізіледі.

2 . Ә Д С :

1) медициналық куәландыруды ұйымдастыру мен өткізу кезінде:

2) шақыру учаскелеріне тіркелетін, әскери қызметке шақырылатын және әскери (арнайы) оқу орындарына, республикалық әскери мектеп-интернаттарға (лицейлерге) т ү с е т і н а з а м а т т а р ғ а ;

3) әскери қызметке, оның ішінде келісімшарт бойынша әскери қызметке кіретін а з а м а т т а р ғ а ;

4) әскери (арнайы) оқу орындарының курсанттарына, кадеттер мен т ә р б и е л е н у ш і л е р г е ;

5) радиоактивтік заттармен, иондандырушы сәулелену көздерімен, зымыран отыны компоненттерімен, электромагниттік өрістер көздерімен қызметке (жұмысқа) іріктеп алынатын және қызмет (жұмыс) өткеріп жүрген әскери қызметшілерге (Қарулы күштер қ ы з м е т ш і л е р і н е ) ;

б) есепке алу мақсатында әскери жиындарға немесе әскери қызметке шақырылған к е з д е з а п а с т а ғ ы а з а м а т т а р ғ а ;

2) ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдарына әскери қызметке кіретін азаматтарға психологиялық іріктеуді жүзеге асыру кезінде;

3) әскери қызметті (әскери жиындарды) өткерген әскери қызметшілердің немесе азаматтардың мертігуінің, сырқаттануының себепті байланыстарын анықтау кезінде;

4) әскери қызметшілердің немесе әскери міндеттілердің әскери қызмет кезінде не әскери қызметтен (жиыннан) босатылғаннан кейін әскери қызметті (жиындарды) өткеру кезеңінде алынған сырқаттану, мертігу салдарынан қаза табуының (қайтыс болуының) себепті байланыстарын анықтау кезінде;

5) азаматтардың әскери қызметтен босатылған кездегі денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамдылық санатын анықтау кезінде жүргізіледі.

3. ӘДС штаттағы, штатта жоқ тұрақты жұмыс істейтін, штатта жоқ уақытша жұмыс істейтін әскери-дәрігерлік комиссиялар (бұдан әрі - ӘДК) жүргізеді.

Біліктілік комиссиясын қалыптастыру мен оның қызмет тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

4. ӘДС өткізу ережесі мен ӘДК туралы үлгілік қағиданы Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

5. ӘДК құрамы мен ол туралы Ережені уәкілетті органдар өз құзыреттері шегінде бекітеді.

#### **59-бап. Сот-медициналық, сот-психиатриялық және сот-наркологиялық сараптама**

1. Сот-медицина, сот-психиатрия және сот-наркология сараптамалары мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында жүргізіледі.

2. Азаматтың немесе оның заңды өкілінің сот-медицина, сот-психиатрия немесе сот-наркология сараптамаларын тағайындаған органның алдында сараптама комиссиясының құрамына тиісті маманды оның келісімімен енгізу жөнінде өтініш ж а с а у ғ а қ ұ қ ы ғ ы б а р .

3. Сот-медицина, сот-психиатрия және сот-наркология сараптамаларын ұйымдастыру мен жасау тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында а й қ ы н д а л а д ы .

4. Сот-медицина, сот-психиатрия және сот-наркология сараптамаларының қорытындысына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа шағым жасалуы мүмкін.

#### **60-бап. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама**

1. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама - физикалық факторларды органолептикалық, санитарлық-гигиеналық, эпидемиологиялық, микробиологиялық, паразитологиялық, санитариялық-химиялық, токсикологиялық, радиологиялық, радиометриялық, дозиметрлік өлшемдердің, және басқа да зерттеулер мен сынаулардың кешені, сондай-ақ кәсіпкерлік және (немесе) өзге қызмет өнімдері, жұмыстары, қызмет көрсетулері мен объектілері жобаларының халықтың



санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге және гигиеналық нормативтерге сәйкестігін анықтау мақсатында жобаларды с а р а п т а у .

2. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптаманы санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдары мен ұйымдары Қазақстан Республикасының санитариялық-эпидемиологиялық қызметінің лауазымды адамдарының қаулылары немесе нұсқамалары бойынша әрі жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен өз құзыреттері ш е г і н д е жү р г і з е д і .

3. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптаманы жобалардың сараптамасы бөлігінде мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдары, санитариялық-эпидемиологиялық зертханалық зерттеулер бөлігінде мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет ұйымдары жүргізеді.

4. Санитариялық-эпидемиологиялық зертханалық зерттеулер - санитариялық-эпидемиологиялық сараптаманың органолептикалық, санитариялық-гигиеналық, токсикологиялық, санитариялық-химиялық, микробиологиялық, эпидемиологиялық, бактериологиялық, вирусологиялық және паразитологиялық зертханалық зерттеулер, шуыл мен дірілді, электромагниттік өрістерді және физикалық факторларды өлшеуді жүргізумен, радиометрия мен дозиметрияны қамтитын радиациялық зерттеулер жүргізумен байланысты бөлігі.

5. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізу үшін олар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржыландыруды қамтамасыз етеді және қажетті құжаттама табыс етеді.

6. Сөзсіз жарамсыз тағам өнімдері мен азық-түлік шикізаттары болған жағдайларда санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізілмейді.

7. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама не ғылыми сараптама нәтижелері бойынша адамның немесе болашақ адам ұрпақтарының денсаулығы үшін ықтимал қауіпті деп танылған химиялық және биологиялық заттарды Қазақстан Республикасында қолдануға тыйым салынады. Қазақстан Республикасында қолдануға тыйым салынған ықтимал қауіпті химиялық, биологиялық заттар тіркелімі мерзімді баспасөз басылымдарында жариялануға жатады.

8. Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдары тексерулер мен санитариялық-эпидемиологиялық сараптама нәтижелерінің негізінде:

атом энергетикасы мен өнеркәсібі, ғарыш қызметі және жер қойнауын пайдалану объектілерін, қоршаған ортаға химиялық және биологиялық заттардың шығарындылары, физикалық факторлары бар объектілерді, экологиялық зілзала аймақтарындағы объектілерді және баламалары жоқ жана технологиялық процестері бар объектілерді орналастыруға, қайта жаңғырту мен кеңейтуге;

өндірістік күштерді, қалалар мен ауылдық елді мекендер, курорттық аймақтар құрылысының бас жоспарларын орналастыруға, өнеркәсіптік және азаматтық мақсаттағы объектілердің техникалық-экономикалық негіздемелеріне, құрылысы мен қайта жаңғырту жобаларына;

функционалдық бағдарын (мақсатын) ауыстыра отырып, қайта жаңғыртылатын болжамды құрылыстар немесе объектілер учаскесінің санитариялық-эпидемиологиялық жағдайы туралы материалдарға;

рұқсат етілген шекте зиянды заттар мен физикалық факторлардың қоршаған ортаға шығару мен тастау, санитариялық қорғалатын аймақтар мен санитариялық-қорғаныш аймақтары, геологиялық зерттеулер, технологиялар бойынша техникалық-экономикалық негіздемелерге, жобаларға және басқа да нормативтік құжаттамаға;

шикізатқа, тамақ өнімдеріне, тауарларға, бұйымдарға, заттарға, тетіктерге, машиналарға, жабдыққа, құрылыс материалдарына, сондай-ақ оқыту, тәрбиелеу, дене шынықтыру, еңбек ету, өмір сүру, демалу, тамақтану, сумен жабдықтау, халықтың әр түрлі тобына медициналық қызмет көрсету режимінің нормативтік-техникалық құжаттамасының жобаларына;

шикізатты, тамақ өнімдерін, ауыз суды, құрылыс материалдарын, кең тұтынылатын тауарларды, уытты, радиоактивті және биологиялық заттарды өндіру, тасымалдау, сақтау, қолдану және сату, сондай-ақ жұмыстар орындау мен қызмет көрсету жағдайларына;

халықтың әр түрлі топтарын оқыту, тәрбиелеу, тәни дамыту, еңбек ету, өмір сүру, демалу, тамақтану, сумен жабдықтау мен медициналық қызмет көрсету жағдайларына;

санитариялық-эпидемиологиялық жағдайды, халық денсаулығының жай-күйін сипаттайтын материалдарға, кәсіптік, жұқпалы аурулар мен уланулар туралы мәліметтерге;

топыраққа, су қоймаларына және атмосфералық ауаға химиялық, биологиялық, уытты, радиологиялық салмақ түсіру жөніндегі материалдарға; жаңа өнімдерге, технологияларға, жабдықтарға;

жобаланған, салынып жатқан және пайдаланылып отырған өнеркәсіптік және азаматтық мақсаттағы объектілерге, өнеркәсіп бұйымдары мен көлікке, сондай-ақ халық денсаулығы үшін ықтимал қауіпті және (немесе) маңызды басқа да объектілерге;

сәйкестікті міндетті растауға жатпайтын тағам өнімдеріне, тағам өнімдерімен араласатын материалдар мен бұйымдарға;

білім беру ұйымдарындағы оқу-еңбек жүктемесі мен оқыту режиміне; балаларға арналған тауарларға, тағамдық қоспаларға; елді мекендер құрылысын, өнеркәсіптік және азаматтық мақсаттағы объектілерді орналастыруды, салуды және қайта жаңғыртуды жоспарлаудың, жер қойнауын

пайдалануға, санитарлық-қорғау аймақтарына, суды пайдалану мен сарқынды суларды бөліп тастау жағдайларына, уытты, радиоактивтік және басқа да зиянды заттарды кәдеге асыру мен көмуге арналған келісімшарттардың жобаларына, шикізаттың, технологиялық жабдықтың, тамақ өнімдері өндірісі процестерінің, азық-түлік шикізатының, өнеркәсіп бұйымдарының, құрылыс материалдарының, иондандырушы сәулелену көздерінің, химиялық заттар мен өнімдердің, биологиялық, дәрі-дәрмектік, дезинфекциялаушы, дезинсекциялаушы және дератизациялаушы құралдардың және азық-түлік шикізатымен және тамақ өнімдерімен, ауыз сумен араласатын ыдыстардың, орауыш және полимерлік материалдардың, парфюмерлік-косметикалық және басқа да кең тұтынылатын тауарлардың, медициналық иммунобиологиялық препараттардың, жабдықтардың, аспаптар мен жұмыс құралдарының жаңа түрлеріне арналған стандарттар мен стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың жобаларына; елді мекендердегі шаруашылық және (немесе) өзге де қызмет объектілеріне, олардың санитариялық-қорғаныш аймақтарының көлемдеріне санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды береді.

9. Санитарлық-эпидемиологиялық сараптама негізінде санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды (гигиеналық қорытынды, гигиеналық сертификат) - жобалық құжаттаманың, тіршілік ету ортасы факторларының, кәсіпкерлік және (немесе) өзге де қызметтің, өнімдердің, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге және гигиеналық нормативтерге сәйкестігін (сәйкес еместігін) куәландыратын құжат беріледі.

10. Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдары тексерулер мен санитарлық-эпидемиологиялық сараптама нәтижелері негізінде санитариялық паспорт береді.

Санитариялық паспорт - мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылауға жататын объектінің, көлік құралының халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы гигиеналық нормативтердің және нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкестігін растайтын және оларды пайдалануға немесе қолдануға құқық беретін құжат;

Санитариялық-паспортты беру, есепке алу және жүргізу тәртібін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындайды

## **61-бап. Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың сараптамасы**

1. Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың сараптамасы - дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы физикалық-химиялық, биологиялық, клиникаға дейінгі (клиникалық емес) сынақтар, клиникалық зерттеулер жүргізу, биоэквиваленттігін анықтау арқылы оның қауіпсіздігі, тиімділігі және сапасы тұрғысында зерттеу немесе

сынау, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы тіркеуге ұсынған тіркеу деректерінің құжаттарын, стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарды зерделеу.

2. Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың қауіпсіздігін, тиімділігін және сапасын бағалауды дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналымы саласындағы сарапшылық ұйым денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырады.

3. Дәрілік заттарға сараптаманы дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың әзірлеуге және өндіруге тікелей қатыспаған, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындайтын дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналымы саласындағы сарапшылық ұйым жүргізеді.

#### **62-бап. Ғылыми-медициналық сараптама**

1. Ғылыми-медициналық сараптаманың объектілері мыналар:

- 1) іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер бағдарламаларының жобалары;
- 2) республикалық нысаналы ғылыми-медициналық бағдарламалар;
- 3) аяқталған ғылыми-медициналық бағдарламалар нәтижелері;
- 4) Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларын алуға ұсынылатын

ғылыми жұмыстар;

5) денсаулық сақтау практикасына енгізу жоспарланатын ғылыми-медициналық әзірлемелер.

2. Ғылыми-медициналық сараптаманы жүргізудің тәртібін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

#### **3-бөлім. Азаматтардың денсаулығын сақтау**

#### **13-тарау. Денсаулық сақтау саласындағы құқықтар мен міндеттер және олардың қамтамасыз етілуінің кепілдіктері**

1. Жеке және заңды тұлғалардың кепілдіктері, жалпы құқықтары мен міндеттері

#### **63-бап. Денсаулық сақтау саласындағы құқықтардың қамтамасыз етілуінің кепілдіктері**

Мемлекет Қазақстан Республикасының азаматтарына:

- 1) денсаулық сақтау құқығына;
- 2) тегін медициналық көмектің кепілді көлемінің ұсынылуына;
- 3) медициналық көмекке бірдей қол жеткізуге;
- 4) сапалы медициналық көмектің ұсынылуына;
- 5) дәрілік заттардың қол жетімділігіне, сапасы мен қауіпсіздігіне;
- 6) аурудың профилактикасы және салауатты тұрмыс салтын насихаттау жөніндегі

- қажетті іс-шаралардың іске асырылуына;
- 7) жеке өмірге қол сұғылмауы, дәрігерлік құпияны құрайтын мәліметтерді сақтауға;
- 8) ұрпақты болудағы таңдау жасау еркіндігі, ұрпақты болу денсаулығын сақтауға және ұрпақты болу құқықтарының сақталуына;
- 9) санитариялық-эпидемиологиялық, экологиялық салауаттылыққа және радиациялық қауіпсіздікке;
- 10) денсаулық сақтау саласындағы кәсіпкерлік қызмет еркіндігі құқығына кепілдік береді.

#### **64-бап. Азаматтардың, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың құқықтары**

##### **1. Қазақстан Республикасының азаматтары:**

- 1) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбеге сәйкес тегін медициналық көмектің кепілді көлемін алуға;
- 2) тегін медициналық көмектің кепілді көлемінің шеңберінде дәрілік заттармен қамтамасыз етілуге, оның ішінде белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар азаматтардың жекелеген санаттарын денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітетін тізбеге сәйкес амбулаториялық деңгейде дәрілік заттармен және мамандандырылған емдік өнімдермен қамтамасыз етуге;
- 3) медициналық ұйымды, сапалы әрі уақтылы медициналық көмекті еркін таңдап алуға ;
- 4) өзінің жеке қаражаты, ұйымдардың, ерікті медициналық сақтандыру жүйесінің қаражаты есебінен және тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен тегін медициналық көмектің кепілді көлемінен тыс қосымша медициналық көмек алуға; денсаулық сақтау субъектілерінен ақылы медициналық көмек алу Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген негіздер мен тәртіпте жүргізіледі;
- 5) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен медициналық айғақ болған жағдайда бюджет қаражаты есебінен шет елде медициналық көмек алуға;
- 6) медициналық қызметкерлердің дәрілік заттарды, медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды дұрыс тағайындамауынан олардың денсаулығына келтірілген зиянды өтетуге;
- 7) еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақ немесе еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтама беріп, уақытша еңбекке жарамсыздық фактісін куәландыруға ;
- 8) аурудың профилактикасы, диагностикасы, ауруды емдеу және медициналық оналту әдістері, клиникалық зерттеулер туралы, қоршаған ортаның жай-күйі, еңбек, тұрмыс және демалыс жағдайларын, оның ішінде санитариялық-эпидемиологиялық сараптама қорытындысын қоса алғанда, денсаулыққа әсері болатын факторлар туралы мемлекеттік органдардан, ұйымдардан және емдеуші дәрігерден олардың құзыреті

шегінде дәйекті ақпаратты тегін алуға;

9) дәрілік заттар, медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдар айналымы саласындағы мемлекеттік органдардан, тәуелсіз сарапшы ұйымдардан және субъектілерден өткізілетін дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың қауіпсіздігі, тиімділігі мен сапасы туралы ақпарат алуға;

10) медицина және фармацевтика қызметкерлерінің іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым беру денсаулық сақтау ұйымына, жоғары тұрған органға немесе сот тәртібімен жүзеге асырылады. Мемлекеттік медициналық сараптаманың қорытындысына келіспеген жағдайда тәуелсіз медициналық сарапшылар қаруға өтініш беруге құқылы.

2. Әйел ана болу туралы мәселені өзі шешуге және отбасын жоспарлау мен ез денсаулығын сақтау мақсатында, ықтиярсыз жүктіліктен сақтанудың қазіргі заманғы әдістерін ерікті түрде таңдауға құқылы.

Азаматтардың ана болуды қорғау құқығы:

1) ұрпақты болу жасындағы әйелдерді тегін медициналық көмектің кепілді көлемінің шеңберінде медициналық тексеріп-қарау, динамикалық бақылау және сауықтыру жүргізу;

2) науқас баланы күтіп-бағу үшін стационарға түскен кезде әйелдердің ұрпақты болу денсаулығына және баланың денсаулығына тікелей әсері болатын негізгі ауруларды медициналық айғақтар бойынша емдеу арқылы қамтамасыз етіледі.

Жүкті әйелдер мен бала емізетін аналардың жұмыс уақытының режимі, жүктілігі мен босануы бойынша демалысы, еңбек жағдайлары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес белгіленеді.

3. Психикалық аурулары бар адамдардан басқа, жыныстық сәйкестендіруде ауытқушылығы бар адамдар жынысын ауыстыруға құқылы.

Жыныстық сәйкестендіруде ауытқушылығы бар адамдарды медициналық куәландыруды және жынысын ауыстыруын жүргізу ережесін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

4. Бас бостандығы шектеулі, сондай-ақ сот үкімі бойынша жазасын бас бостандығынан айыру орындарында өтеп жүрген, арнайы мекемелерге орналастырылған азаматтарға медициналық көмек уәкілетті орган және ішкі істер, әділет органдары қылмыстық-атқару жүйесі, ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс уәкілетті органдары белгілейтін тәртіппен көрсетіледі. Аталған адамдар медициналық көмек алу кезінде Қазақстан Республикасы азаматтарының жоғарыда келтірілген барлық құқықтарын пайдаланады.

5. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының аумағында жүрген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар айналасындағылар үшін қауіп төндіретін аурулары болған кезде медициналық көмекті мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен алуға құқылы.

**65-бап. Балалардың денсаулық сақтауға құқығы**

## 1 . Б а л а л а р :

- 1) денсаулық сақтау саласындағы білім мен тәрбие алуға;
- 2) тегін медициналық көмектің кепілді көлемінің шеңберінде медициналық қарауға және динамикалық бақылауға, емделуге, дәрілік қамтамасыз етілуге және с а у ы қ т ы р ы л у ғ а ;
- 3) денсаулық сақтау ұйымдарында жылы ниетті көзқарас көрсетілуіне құқылы.

### 2. Балаларды стационарлық емдеу кезінде:

1) дәрігерлердің қорытындысы бойынша қосымша күтіп-бағуға мұқтаж үш жасқа дейінгі балаларды, сондай-ақ жасы үлкен ауыр науқасты балаларды күтіп-бағуды тікелей жүзеге асыратын анасына (әкесіне) немесе өзге адамға ауырып қалған баланы күтіп-бағуға байланысты уақытша еңбекке жарамсыздық туралы парақ немесе анықтама беріліп, онымен медициналық ұйымда бірге болу мүмкіндігі жасалады.

2) бір жасқа дейінгі баланы емізетін ана баланы күтіп-бағу үшін стационарда болған бүкіл кезеңде медициналық ұйымда тегін тамақпен қамтамасыз етіледі.

3. Мектеп жасындағы балалар стационарлық, қалпына келтіру, санаториялық емделу кезеңінде стационар, оңалту орталығы, санаторий жағдайында үздіксіз білім а л у ғ а қ ұ қ ы л ы .

Балалар стационарлық бөлімшелерінің және мамандандырылған балалар стационарлық медициналық ұйымдарының пациенттеріне ойын ойнау, дем алу және тәрбие жұмысын жүргізу үшін қажетті жағдайлар жасалады.

4. Мүмкіндігі шектеулі балалар, сондай-ақ АҚТҚ инфекциясын жұқтырған, ЖҚТБ-мен ауыратын балалардың білім беру, денсаулық сақтау ұйымдарында Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына сәйкес тегін медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау алуға қ ұ қ ы л ы .

АҚТҚ инфекциясын жұқтырған балалар балалар үйлері мен жалпы мақсаттағы оқу-тәрбиелеу ұйымдарында болуға құқылы.

5. Балалар үйлерінде және білім беру ұйымдарында, жетім балаларға және ата-ана қамқорлығынан айырылған балаларға арналған ұйымдарда балаларды орналастыруға медициналық қарсы айғақтар тізбесін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

### **66-бап. Жеке және заңды тұлғалардың міндеттері**

1. Қазақстан Республикасының азаматтары өз денсаулығын сақтаудың қамын ж а с а у ғ а м і н д е т т і .

2. Стационарлық және санаториялық емделуден адамдар медициналық ұйымдардың қолданыстағы режимін сақтауға міндетті.

3. Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес профилактикалық медициналық тексеріп-қараудан өтуге міндетті.

4. Жүкті әйелдер жүктіліктің он екі аптасына дейінгі мерзімде

медициналық есепке тұруға міндетті.

5. Азаматтар медицина қызметкерлерінің, денсаулық сақтау органдары мен ұйымдарының нұсқамаларын орындауға міндетті.

6. Жұқпалы аурулары және айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулары бар азаматтар өз денсаулығын және айналасындағылардың денсаулығын сақтау әрі сақтану жөніндегі шараларды сақтауға және медициналық ұйымдардың талап етуі бойынша тексерілуден етуге және емделуге міндетті.

Айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулары бар азаматтар тексерілуден және емделуден жалтарған жағдайда, осы Кодекске және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына сәйкес мәжбүрлеу тәртібімен куәландыруға және емдеуге тартылады.

Айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулардан зардап шегетін азаматтарды мәжбүрлеп емдеуге жіберудің негіздері мен тәртібі Қазақстан Республикасының осы Кодексімен реттеледі.

7. Жұқпалы аурулары және айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулары бар және бұл ауруынан хабардар азаматтар медициналық көмек алуға барған кезде медицина персоналын өзінің ауруы туралы хабардар етуге міндетті.

8. Азаматтар санитарлық ережелер мен гигиеналық нормативтерді, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттығы саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға міндетті.

9. Қазақстан Республикасының азаматтары денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органға оларды қолдану және пайдалану кезіндегі дәрілік заттардың, медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың жанама теріс әсері туралы ақпарат беруге міндетті.

10. Қазақстан Республикасының аумағында жүрген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар денсаулық сақтау саласында Қазақстан Республикасының азаматтары сияқты міндеттерді орындайды.

11. Жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар олар жүзеге асыратын қызметке сәйкес:

1) санитарлық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шаралар жүргізуге;

2) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің және гигиеналық нормативтердің, сондай-ақ мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың санитарлық-эпидемиологиялық қорытындыларының талаптарын орындауға;

3) өнімдер өндіру, тасымалдау, сақтау және халыққа өткізу кезінде орындалатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтер мен өнімдердің қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз етуге;

4) өз құзыреті шегінде өндірістік бақылау жасауды, оның ішінде зертханалық зерттеулер мен сынақтарды жүргізуге, жұмыстар орындау мен қызметтер көрсету кезінде, сондай-ақ өнімді өндіру, тасымалдау, сақтау және өткізу кезінде халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттығы саласындағы нормативтік құқықтық



актілердің сақталуына бақылау жасауды жүзеге асыруға;

5) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығына қауіп төндіретін авариялық жағдайлар, өндірістің тоқтауы, технологиялық процестердің бұзылуы туралы жаппай және топтық жұқпалы, паразиттік, кәсіби аурулар мен уланулар пайда болған, дәрілік заттардың, медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың жанама теріс әсері анықталған жағдайда халықты, жергілікті атқарушы органдарды, Қазақстан Республикасы санитарлық-эпидемиологиялық қызметінің мемлекеттік органдарын уақтылы хабардар етуге;

6) қызметкерлерді кәсіби және гигиеналық оқытуды қамтамасыз етуге және кәсіби даярлығы бар мамандардың жұмыс істеуіне рұқсат беруге;

7) олардың құзыретіне сәйкес зертханада зерттеулер жүргізу үшін санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органдарының лауазымды тұлғаларына өнімдердің, шикізаттың, тауарлардың, өндірістік ортаның сынамаларын іріктеп алуға мүмкіндік жасауға;

8) халықтың декреттелген тобының қатарындағы адамдарды, жұқпалы аурулармен ауыратын науқастарды және арнайы киім мен жеке қорғаныш құралдарын пайдаланбайтын түрлі ауру көздерін таратушыларды, сондай-ақ алдын ала және мерзімді медициналық қараудан өтпегендерді жұмысқа жібермеуге және жұмыстан ш е т т е т у г е ;

9) тауарлардың, өнімдердің, шикізаттардың халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен гигиеналық нормативтерге сәйкес еместігі анықталған жағдайда оларды өткізуге рұқсат бермеуге, сондай-ақ оларды пайдалану немесе кәдеге асыру мүмкіндігі туралы ш е ш і м қ а б ы л д а у ғ а ;

10) санитарлық паспорты болуға;

11) санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органдарына халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы мәселелеріне қатысты есепке алу және есептілік құжаттамасын тексеруге беруге;

12) егер ол халықтың өміріне немесе денсаулығына қауіп төндіретін болса, кәсіпкерлік және (немесе) және өзге де шаруашылық қызметті тоқтата тұруға;

13) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің және гигиеналық нормативтердің сақталуы нысанасында тексеру мақсатында объектілерге мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың кедергісіз кіруін қамтамасыз етуге;

14) эпидемиологиялық көрсеткіштер мен Қазақстан Республикасының санитарлық-эпидемиологиялық қызметі лауазымды адамдарының нұсқамалары бойынша өз қаражаты есебінен дезинфекция, дератизация және дезинсекция і с - ш а р а л а р ы н жүргізуге ;

15) салауатты тұрмыс алтын жүргізу және қалыптастыру әрі салауатты тұрмыс салтын жүргізетін адамдарды көтермелеу үшін қызметкерлерге жағдай жасауға.

## **2. Пациенттердің құқықтары мен міндеттері**

### **67-бап. Пациенттердің құқықтары**

1. 65-бапта көрсетілген құқықтардан басқа, пациент мынадай:

- 1) диагностика, емдеу және күту процестерінде өзіне құрмет көрсетілуіне, өзінің мәдени және жеке басының құндылықтарына құрмет көрсетілуіне;
- 2) әлде бір кемсітушілік факторларының әсерінсіз, тек қана медициналық өлшемдер негізінде айқындалатын кезекте медициналық көмек көрсетілуіне;
- 3) дәрігерді немесе медициналық қызмет көрсетушіні, оның ішінде және медициналық ұйымды таңдауға әрі ауыстыруға;
- 4) отбасының, туыстары мен достарының, сондай-ақ діни бірлестіктер қызметшілерінің қолдауын алуға;
- 5) қазіргі медициналық технологиялар мүмкіндік беретін шамада дерт азабының жеңілдетілуіне;
- 6) тәуелсіз пікір естуге әрі медициналық консилиум өткізуге;
- 7) заңнамада және медициналық қызмет көрсету туралы шартта көзделген өзге де құқықтарға ие.

2. Пациент өз құқықтары мен міндеттері, көрсетілетін қызметтер, ақылы қызметтер құны, сондай-ақ олардың ұсынылу тәртібі туралы ақпарат алуға құқылы. Пациент құқықтары туралы ақпарат медициналық ұйымдардың көрнекі үгіт орналасатын жерлерінде орналастырылуы тиіс.

Медициналық ұйымға келген кезде пациентке оған медициналық қызмет көрсететін адамдардың аты-жөні мен кәсіптік мәртебесі туралы, сондай-ақ медициналық ұйымның ішкі тәртібінің ережелері туралы мәліметтер берілуі тиіс.

3. Медициналық көмек хабардар етілген пациенттің ерікті түрде келісімі алынғаннан кейін көрсетілуі тиіс.

4. Медициналық көмек алу кезінде пациент ұсынылатын және баламалы емдеу әдістерінің ықтимал қатері мен артықшылықтары туралы деректерді, емделуден бас тартудың ықтимал салдарлары туралы мәліметтер, пациентке түсінікті түрде диагноз, емдік іс-шаралардың болжамы мен жоспары туралы ақпарат, сондай-ақ оның ауруханадан шығарылуы немесе басқа медициналық ұйымға ауыстырылуы сияқты өз денсаулығының жай-күйі туралы толық ақпарат алуға құқылы.

5. Егер медициналық құжаттарда үшінші тараптың мүддесі қозғалмаса, пациенттің талабы бойынша оған өз денсаулығының жай-күйін көрсететін медициналық құжаттардың көшірмелері беріледі.

6. Өз денсаулығы туралы ақпаратты оған хабарлау қажет адамды пациент тағайындай алады. Пациенттің ақпарат алудан бас тартуы жазбаша ресімделеді және медициналық құжаттамада қамтылады.

7. Егер медициналық ақпараттың берілуі пациентке пайда келтірмейді, елеулі зиян тигізеді деуге кесімді негіз болған жағдайда ақпарат пациенттен жасырылуы мүмкін. Мұндай жағдайда осы ақпарат пациенттің жұбайына (зайыбына), оның жақын туыстарына немесе заңды өкпідеріне хабарланады.

8. Медициналық білім беру ұйымдарының клиникалық базалары жағдайында медициналық көмек алатын пациенттер оқу процесіне қатысудан, сондай-ақ оқу-диагностика рәсімдері өткізілуі кезінде үшінші тұлғалардың қатысуынан бастартуға құқылы.

9. Пациент құқықтарын қорғауды денсаулық сақтау органдары, ұйымдары, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктер өздерінің құзыреті шегінде жүзеге асырады.

10. Ажал төнген адам оған ізгілік көрсетілуіне және өлімді лайықты қарсы алуға құқылы.

### **68-бап. Пациенттердің міндеттері**

Осы Кодекстің 67-бабында көрсетілген міндеттерден басқа, Пациент:

- 1) өз денсаулығын сақтауға және нығайтуға шаралар қабылдауға;
- 2) медицина қызметкерлерімен қатынаста сыйластық пен сабырлылық көрсетуге;
- 3) медициналық араласуға келісім бергеннен кейін диагноз қою және ауруды емдеу үшін қажетті бүкіл ақпаратты дәрігерге хабарлауға, емдеуші дәрігердің барлық нұсқамаларын мүлтіксіз орындауға;
- 4) ол жатқан медициналық ұйымның ішкі тәртібінің ережелерін сақтауға, медициналық көмек алу кезінде медициналық персоналмен ынтымақтастық жасауға, денсаулық сақтау ұйымының мүлкін ұқыпты сақтауға;
- 5) диагностика мен емдеу процесінде өз денсаулығы жай-күйінің өзгерісі туралы, айналасындағы адамдарға қатері бар аурудың орын алуына күдіктенсе немесе ол бар болса, медициналық қызметкерлерді уақтылы хабардар етуге;
- 6) басқа пациенттердің құқықтарын бұзуы мүмкін іс-әрекет жасамауға;
- 7) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

### **69-бап. Медициналық көмек алудан бас тарту құқығы**

1. Осы Кодекстің 70-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, пациент немесе оның заңды өкілі медициналық көмек алудан бас тартуға құқылы.

2. Медициналық көмек алудан бас тартқан кезде пациентке немесе оның заңды өкіліне оған түсінікті түрде аурудың ықтимал салдарлары туралы түсіндірілуге тиіс.

3. Медициналық көмек алудан бас тарту, оның ықтимал салдарлары көрсетіле отырып, медициналық құжаттарға жазу арқылы ресімделеді және оған пациент не оның заңды өкілі, сондай-ақ медицина қызметкері қол қояды.

Пациент не оның заңды өкілі медициналық көмек алудан бас тартуға қол қоюдан бас тартқан жағдайда, медициналық құжаттамаға бұл туралы тиісті жазуды медицина қызметкері жүзеге асырады және қол қояды.

4. Кәмелетке толмаған балалардың не іс-әрекетке қабілетсіз адамның заңды өкілдері аталған адамдардың өмірін сақтап қалу үшін қажетті медициналық көмектен бас тартқан жағдайда, медициналық ұйым олардың мүдделерін қорғау үшін қорғаншы және қамқоршы органға және (немесе) сотқа жүгінуге құқылы.

#### **70-бап. Азаматтардың келісімінсіз медициналық көмек көрсету**

##### **1. Пациенттің келісімінсіз:**

- 1) өз еркін білдіруге мүмкіндік бермейтін есеңгіреген, ес-түссіз жағдайдағы;
- 2) айналасындағы адамдарға қауіп төндіретін аурулардан зардап шегуші;
- 3) психикасының ауыр түрде бұзылуынан (ауруынан) зардап шегуші;
- 4) психикасының бұзылуынан (ауруынан) зардап шегуші және қоғамға қауіпті әрекет жасаған адамдарға қатысты медициналық көмек көрсетуге жол беріледі.

2. Он сегіз жасқа толмаған адамдарға және заңда белгіленген тәртіппен іс-әрекетке қабілетсіз деп танылған азаматтарға қатысты медициналық көмек көрсетуге келісімді олардың заңды өкілдері береді. Заңды өкілдері болмаған кезде медициналық көмек көрсету туралы шешімді консилиум қабылдайды, ал консилиумды жинау мүмкін болмаған кезде, медициналық ұйымның лауазымды адамдарын және заңды өкілдерді кейіннен хабардар ете отырып, тікелей медицина қызметкері қабылдайды.

3. Азаматтардың келісімінсіз медициналық көмек көрсету осы баптың 1-тармағында көзделген негіздер жойылғанға дейін немесе соттың шешімі бойынша жалғастырылады.

#### **71-бап. Дәрігерлік құпия**

1. Медициналық көмекке жүгіну фактісі, азаматтың денсаулығының жай-күйі, оның ауруының диагнозы туралы ақпарат пен оны тексеру және (немесе) емдеу кезінде алынған өзге де мәліметтер дәрігерлік құпияны құрайды.

2. Осы баптың 3 және 4-тармақтарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, оқыту, кәсіптік, қызметтік және өзге де міндеттерді орындау кезінде дәрігерлік құпияны құрайтын мәліметтер белгілі болған адамдардың оларды жария етуіне жол берілмейді.

3. Пациентті тексеру мен емдеу мүддесіне орай, ғылыми зерттеулер жүргізу, осы мәліметтерді оқыту процесінде және өзге де мақсаттарға пайдалану үшін дәрігерлік құпияны құрайтын мәліметтерді азаматтың немесе оның заңды өкілінің келісімімен басқа азаматтарға беруге рұқсат етіледі.

4. Азаматтың немесе оның заңды өкілінің келісімінсіз мынадай жағдайларда:

1) өзінің жай-күйіне байланысты өз еркін білдіруге қабілетсіз азаматты тексеру және емдеу мақсатында;

2) айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулар таралу қатері болған кезде;

3) тергеу немесе сот талқылауын жүргізуге байланысты анықтау және алдын ала тергеу органдарының, прокурордың және (немесе) соттың сұрау салуы бойынша;

4) кәмелетке толмаған немесе әрекетке қабілетсіз адамға медициналық көмек көрсету кезінде оның заңды өкілдерін хабардар ету үшін;

5) азаматтың денсаулығына зақым құқыққа қарсы әрекеттер салдарынан келтірілді деп есептеуге негіздер бар болған кезде дәрігерлік құпияны құрайтын мәліметтерді беруге рұқсат етіледі.

5. Медициналық ұйымның әкімшілігі пациент туралы медициналық ақпараттың құпиялығын қамтамасыз ету және оны сақтау үшін жауап береді.

6. Пациенттің рұқсатынсыз оның жеке өміріне қатысты жеке сипаттағы ақпаратты автоматтандырылған дерекқорға енгізуге әрі пайдалнуға жол берілмейді.

7. Олардың басқа дерекқорлармен байланыстыратын желілерге жеке сипаттағы ақпаратты автоматтандырылған дерекқорға қосуға жол берілмейді.

#### **14-тарау. Адамның ұрпақты болу құқықтарын қорғау**

#### **72-бап. Ұрпақты болу құқықтарын қорғау саласындағы азаматтардың құқықтары мен міндеттері**

##### **1. Азаматтар :**

- 1) ұрпақты болуды еркін таңдау жасауға;
- 2) ұрпақты болу денсаулығын сақтау және отбасын жоспарлау жөнінде көрсетілетін қызметтерді алуға;
- 3) өзінің ұрпақты болу денсаулығының жай-күйі туралы дұрыс және толық ақпарат алуға;
- 4) жүктілік кезеңінде, босанғанда және босанғаннан кейін денсаулығын сақтауға;
- 5) бедеуліктен емделуге, соның ішінде Қазақстан Республикасында рұқсат етілген ұрпақты болудың қазіргі заманғы қосалқы әдістері мен технологияларын қолдана отырып емделуге;
- 6) жыныстық клеткалар донорлығына;
- 7) контрацепция әдістерін пайдалануға және еркін таңдауға;
- 8) хирургиялық стерилизациялауға;
- 9) жүктілікті жасанды түрде үзуге;
- 10) өзінің ұрпақты болу құқықтарын қорғауға құқылы.

2. Азаматтар өздерінің ұрпақты болу құқықтарын жүзеге асыру кезінде басқа азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін сақтауға міндетті.

3. Қазақстан Республикасында адамды клондауға - генетикалық жағынан бірдей екінші адамды жасауға тыйым салынады.

4. Азаматтар балалардың санына және олардың некеде немесе некеден тыс тууының уақытына, туудың арасындағы ана мен баланың денсаулығын сақтау үшін қажетті аралық жиілікке қатысты еркін шешім қабылдауға құқылы.

5. Кәмелетке толмағандар ұрпақты болу денсаулығын сақтауға, сондай-ақ имандылық және жыныстық тәрбие мен білім алуға құқылы.

Кәмелетке толмағандарға жыныстық білім беруді білім беру ұйымдарында арнайы әзірленген бағдарлама бойынша арнайы дайындықтан өткен адамдар кәмелетке толмағандардың жынысын, жасын, психофизикалық дамуының ерекшеліктерін және

ата-аналарының пікірін ескере отырып, жүзеге асырады.

Кәмелетке толмағандарға имандылық және жыныстық білім мен тәрбие беру, ұрпақты болу денсаулығын сақтау, оларды отбасылық өмірге дайындау жөніндегі білім беру бағдарламаларын әзірлеуді білім беру саласындағы уәкілетті орган денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен бірлесе отырып қамтамасыз етеді.

6. Неке қию жасына жеткен еркектер мен әйелдер жыныстық клеткаларын сақтауға қ ұ қ ы л ы .

Жыныстық клеткаларды сақтау тәртібі мен шарттарын денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

### **73-бап. Әйелдердің жүктілік, босану және босанғаннан кейінгі кезеңінде денсаулығын сақтау**

1. Әйелдер жүктілік кезеңінде, босану кезінде және босанғаннан кейін Қазақстан Республикасының аумағында рұқсат етілген әдістерді қолдана отырып, денсаулығын сақтауға және көмек алуға құқылы.

2. Жүкті, босанатын және босанған әйелдерге денсаулық сақтау жүйесі ұйымдарында медициналық, консультациялық және дәрілік көмек кепілдік берілген тегін медициналық көмек көлемі шегінде беріледі.

3. Жүктілік кезеңінде тексеру, емдеу және медициналық араласу әйелдің немесе оның заңды өкілінің келісімімен ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

Тексеруді, емдеуді және медициналық араласуды кешеуілдету өз еркін білдіруге мүмкіндік бермейтін жағдайдағы не айналасындағылар үшін қауіпті аурудан (аурулардан) зардап шегетін әйелдің өміріне қатер төндіретін жағдайларда тексеруді, емдеуді және медициналық араласуды жүзеге асыру туралы шешімді дәрігер немесе дәрігерлік комиссия қабылдайды.

### **74-бап. Бедеуліктен емделу**

1. Азаматтар денсаулық сақтау ұйымдарында, жеке медициналық практикамен айналысатын жеке тұлғаларда қауіпсіз және тиімді әдістермен, соның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес рұқсат еткен ұрпақты болудың қосалқы әдістері мен технологияларын пайдалана отырып, олардың тиімділігін, қолданудың оңтайлы мерзімдері, ықтимал асқынулар, медициналық және құқықтық салдарлар туралы толық әрі түбегейлі ақпаратты және олардың ағзаға әсер етуіне қатысты өзге де мәліметтерді міндетті түрде ала отырып, бедеуліктен емделуге құқылы.

2. Тіркелген некеде тұрған азаматтар ұрпақты болудың қосалқы әдістері мен технологияларын өзара келісім бойынша ғана пайдалануға құқылы.

3. Ұрпақты болудың қосалқы әдістері мен технологияларын пайдалануға келісім берген азаматтар ата-аналардың болашақ баланы тәрбиелеуге және асырауға қатысты тең құқықтары мен міндеттеріне ие болады.

## **75-бап. Жасанды инсеминация, жасанды ұрықтандыру және эмбрионды имплантациялау**

1. Әйелдер жасанды инсеминацияға (ұрықтандыру мақсатында жатырға еркектің жыныстық клеткаларын жасанды түрде енгізу), жасанды ұрықтандыруға және эмбрионды имплантациялауға құқылы.

2. Ұрпақты болудың қосалқы әдістері мен технологияларын (жасанды инсеминацияны, жасанды ұрықтандыруды және эмбрионды имплантациялауды) жүргізудің тәртібі мен шарттарын денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

3. Жыныспен байланысты аурулардың тұқым қуалау мүмкіндігі жағдайларын қоспағанда, ұрпақты болудың қосалқы әдістері мен технологияларын пайдалану кезінде болашақ баланың жынысын таңдауға жол берілмейді.

4. Адамның эмбрионын коммерциялық (сатып алу-сату), әскери және өнеркәсіптік мақсаттар үшін алуға болмайды.

## **76-бап. Құрсақ ана (суррогат ана) болу**

1. Құрсақ ана (донорлық эмбрион енгізілгеннен кейін ұрықты көтеріп жеткізетін әйел) болу құрсақ ана (суррогат ана) мен ықтимал ата-ана арасындағы шарт бойынша, сыйақы төлеп не онсыз бала көтеруді және уақытынан бұрын босану жағдайларын қосалғанда, бала тууды білдіреді.

2. Құрсақ ана (суррогат ана) болғысы келетін әйел шарт жасасуға дейін құрсақ ана (суррогат ана) болу әдісін қолдануға шешім қабылдаған адамдарға өзінің дене, психикалық және ұрпақты болу денсаулығы, сондай-ақ медициналық-генетикалық тексеру нәтижелері туралы толық ақпаратты беруге міндетті. Құрсақ ананың (суррогат ананың) медициналық, соның ішінде медициналық-генетикалық тексеруден өтуіне байланысты материалдық шығыстарды онымен шарт жасасатын адамдар көтереді.

3. Балалы болғысы келетін адамдар мен эмбрионды имплантациялау әдісін қолдануға өз келісімін берген әйел арасындағы келісім құрсақ ана (суррогат ана) болу шарты болып табылады.

Құрсақ ана (суррогат ана) болу шартында:

1) балалы болғысы келетін адамдардың және құрсақ ана (суррогат ана) болуға тілек білдірген әйелдің деректері;

2) құрсақ ананы (суррогат ананы) күтуге арналған материалдық шығыстарды төлеудің тәртібі мен шарттары;

3) тараптардың құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі;

4) құрсақ ана (суррогат ана) өзі туған баланы өзімен шарт жасасқан адамдарға беруден бас тартқан жағдайда оған қатысты, сондай-ақ осы адамдар баланы алудан бас тартқан жағдайда оларға қатысты шарттар мен шаралар;

5) тараптардың келісімі бойынша айқындалатын өзге де шарттар қамтылуға тиіс.

Құрсақ ана (суррогат ана) болу шарты жазбаша нысанда жасалады және

нотариаттық куәландыруға жатады, құрсақ ана (суррогат ана) болу туралы шарт құрсақ ана (суррогат ана) жүктілік режимін әдейі бұзған жағдайда бұзылуы мүмкін.

#### 4. Құрсақ ана (суррогат ана):

- 1) жүктіліктің ерте мерзімінде (он екі аптаға дейін) медициналық есепке тұруға;
- 2) ұдайы дәрігердің байқауында болуға және оның ұсынымдарын қатаң орындауға;
- 3) өз денсаулығының жай-күйін ұдайы қадағалауға;
- 4) өзімен шарт жасасқан адамдарды жүктіліктің өтуі туралы хабардар етуге міндетті

Құрсақ ананың (суррогат ананың) өзі туған баланы өзімен шарт жасасқан адамдарға беруден бас тартуға, сол сияқты баланы өзге адамдарға беруге құқығы жоқ.

5. Құрсақ ана (суррогат ана) болу әдісін қолдануға шешім қабылдаған адамдар оның қолданылуына, сондай-ақ құрсақ ананың (суррогат ананың) жүктілік, босану кезеңінде және босанғаннан кейін елу алты күн (асқынған босану немесе екі және одан көп бала туу жағдайында - күнтізбелік жетпіс күн) ішінде сауығуына байланысты материалдық шығыстарды көтереді.

6. Құрсақ анамен (суррогат анамен) шарт жасасқан адамдар баладан бас тартқан жағдайда өздері құрсақ ананы (суррогат ананы) медициналық тексеруге, ұрпақты болудың қосалқы технологияларын қолдануға, сауықтыруға жұмсаған материалдық шығыстарды, өзге де шығындарды, сондай-ақ сыйақы болған жағдайда, оның сомасын құрсақ анадан (суррогат анадан) талап етуге құқығы жоқ.

Құрсақ анамен (суррогат анамен) шарт жасасқан адамдар баладан бас тартқан кезде және құрсақ ана (суррогат ана) баланы қабылдаған кезде бұл адамдар құрсақ анаға (суррогат анаға) шартта белгіленетін мөлшерде және тәртіппен өтемақы төлеуге міндетті.

7. Құрсақ анамен (суррогат анамен) шарт жасасқан адамдар баладан бас тартқан жағдайда аналық құқық құрсақ анада (суррогат анада) болады.

8. Құрсақ ана (суррогат ана) баланы оның ата-анасына бергеннен кейін бұл балаға деген барлық құқықтарынан айырылады.

#### **77-бап. Жыныстық клеткалар донорлығы**

Он сегіз жастан отыз бес жасқа дейінгі, тәні мен психикасы сау, медициналық-генетикалық тексеруден өткен азаматтар жыныстық клеткалардың доноры болуға құқылы.

Донорлардың өздерінің донорлық жыныстық клеткаларының кейінгі тағдыры туралы ақпаратқа құқығы жоқ.

Донорлықты жүргізудің және жыныстық клеткаларды сақтау тәртібі мен шарттарын денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

#### **78-бап. Контрацепцияны пайдалану**

1. Азаматтар контрацепция әдістері мен құралдарын, соның ішінде медициналық контрацепция әдістері мен құралдарын таңдауға, сондай-ақ олардан бас тартуға құқылы



2. Азаматтарға денсаулығы жай-күйін, жасын және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, контрацепцияның қолайлы әдістері мен құралдарын жеке таңдау жөнінде медициналық-әлеуметтік, консультациялық көмек көрсетіледі.

#### **79-бап. Хирургиялық стерилизациялау**

1. Қаламаған жүктілікті болдырмау әдісі ретінде хирургиялық стерилизациялау отыз бес жастан асқан немесе кемінде екі баласы бар азаматтарға қатысты, ал медициналық айғақтар мен азаматтың келісімі болған жағдайда - жасына және балаларының бар-жоғына қарамастан жасалуы мүмкін.

2. Хирургиялық стерилизациялауды денсаулық сақтау ұйымдары, жеке медициналық практикамен айналысатын, осы қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар жеке тұлғалар осы операцияның қайтымсыздығы туралы міндетті түрде алдын ала хабардар ете отырып, азаматтың жазбаша келісімі бойынша ғана жүргізеді.

3. Азаматтарды хирургиялық стерилизациялауды жүргізудің және жүктілікті жасанды түрде үзудің тәртібі мен шарттарын денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

#### **80-бап. Жүктілікті жасанды түрде үзу**

1. Әйел жүктілікті жасанды түрде үзуге құқылы.

Жүктілікті жасанды түрде үзудің алдын алу мақсатында дәрігерлер моральдық-этикалық, психологиялық және теріс физиологиялық салдарларды, ықтимал асқынуларды түсіндіруге бағытталған әңгімелер өткізуге міндетті.

2. Жүктілікті жасанды түрде үзу - әйелдің қалауы бойынша жүктіліктің он екі аптаға дейінгі мерзімінде, әлеуметтік айғақтар бойынша - жүктіліктің жиырма екі аптаға дейінгі мерзімінде, ал жүкті әйелдің өміріне қатер төндіретін медициналық айғақтар және оның келісімі болған жағдайда - жүктіліктің мерзіміне қарамастан ж а с а л а д ы .

3. Кәмелетке толмағандардың жүктілікті жасанды түрде үзуі олардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің келісімімен жүргізіледі.

4. Емдеу-профилактикалық ұйымдарда әйелдің қалауы бойынша жүктілікті жасанды түрде үзуге дейін және одан кейін, контрацепция әдістері мен құралдарын жеке таңдауды қоса алғанда, медициналық-әлеуметтік консультация өткізіледі.

5. Абортты заңсыз жасау Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасына сәйкес жауаптылыққа әкеп соқтырады.

#### **15-тарау. Туберкулезбен ауыратын адамдарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету**

#### **81-бап. Туберкулезбен ауыратын адамдарға медициналық көмек көрсету**

1. Туберкулезбен ауыратын адамдар міндетті түрде медициналық бақылауға және емдеуге жатады, тегін медициналық көмектің кепілді

көлемі шеңберінде қажетті дәрілік заттармен қамтамасыз етіледі.

2. Туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын адамдар міндетті түрде ауруханаға жатқызылып, емделуге және оңалтылуға тиіс.

### **82-бап. Азаматты туберкулездің жұқпалы түрімен ауырады деп танудың тәртібі**

1. Азаматты туберкулездің жұқпалы түрімен ауырады, яғни туберкулездің бактерияларын сыртқы ортаға шығаруына байланысты қауіп төндіретін науқас деп тануды, зертханалық және құралдық зерттеулердің нәтижесін ескере отырып, денсаулық сақтау ұйымы жүзеге асырады.

Азаматты туберкулездің жұқпалы түрімен ауырады деп тану мақсатында медициналық тексеру жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының азаматтар денсаулығын сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

2. Туберкулездің жұқпалы түрімен ауырады деп танылған азамат денсаулық сақтау ұйымының шешіміне оның жоғары тұрған органына немесе сотқа шағымдана алады.

### **83-бап. Туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын азаматтарды мәжбүрлеп емдеуге жіберудің негізі мен тәртібі**

1. Туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын азаматтарды мәжбүрлеп емдеуге олардың дәрігер тағайындаған емдеуден бас тартуы негіз болып табылады.

Туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын және емделуден жалтаратын азаматтарды мәжбүрлеп емдеу туралы шешімді денсаулық сақтау (органының) органдарының ұсынысы бойынша сот қабылдайды.

Ерікті емделуден жазбаша түрде бас тартқан, туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінен босаған азаматтарға соттың шешімімен мәжбүрлеп емдеу тағайындалады, бұл үшін босатудан бір ай бұрын түзеу мекемесінің әкімшілігі сотқа материалдарды жібереді.

2. Мәжбүрлеп емдеуге жіберу туралы материалдарды, олар келіп түскен күннен бастап бес күн мерзімде, сот мәжбүрлеп емдеуге жіберілетін азаматтың және мәжбүрлеп емдеуге жіберу туралы ұсыныс енгізген денсаулық сақтау ұйымының немесе қылмыстық-атқару жүйесі мекемесі өкілінің қатысуымен қарайды.

3. Туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын азаматты мәжбүрлеп емдеуге жіберу туралы сот шешімін орындау атқарушылық іс жүргізу органдарына жүктеледі.

### **84-бап. Мәжбүрлеп емделуде жүрген туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын адамдардың құқықтары**

1. Мәжбүрлеп емделуде жүрген аурулар Қазақстан Республикасы азаматтарының барлық құқықтарын туберкулезге қарсы мамандандырылған емдеу-алдын алу ұйымында болу режимін сақтау қажеттігіне байланысты шектеулермен пайдаланады.

2. Туберкулезге қарсы мамандандырылған емдеу-алдын алу ұйымында мәжбүрлеп емдеуге жіберу соттылыққа әкеп соқпайды.

3. Мәжбүрлеп емдеуге жіберілген туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын арудың жұмыс орны сақталады.

4. Мәжбүрлеп емдеуде болу уақытында жалпы еңбек стажы үзілмейді және оған е с е п т е л е д і .

5. Мемлекеттік тұрғын үй қорының тұрғын үйінде тұратын, мәжбүрлеп емдеуге жіберілген туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын аурулардың емдеуде болуының бүкіл уақыты ішінде тұрғын үйі сақталады.

**85-бап. Туберкулезге қарсы мамандандырылған ұйымдарда туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын адамдарды емдеу және ұстау**

1. Мәжбүрлеп емдеуге арналған туберкулезге қарсы мамандандырылған ұйымдарында науқастарды емдеу және ұстау мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады .

2. Туберкулезге қарсы мамандандырылған ұйымда мәжбүрлеп емдеуді ұйымдастыру мен жүргізу, сондай-ақ онда науқастардың болу режимі денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын адамдарды мәжбүрлеп емдеу олардан туберкулездің микробактериялары бөлініп шығуы тоқтатылғанға дейін жалғастырылады, содан соң олар тұрғылықты жері бойынша амбулаторлық деңгейде емдеуді жалғастыру үшін шығарылуға тиіс.

**86-бап. Туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын адамдарды мәжбүрлеп емдеу аяқталғаннан кейінгі медициналық бақылау және емдеу**

Мәжбүрлеп емдетілген аурулар туберкулезге қарсы мамандандырылған емдеу-алдын алу ұйымынан шығарылғаннан кейін тұрғылықты жері бойынша туберкулезге қарсы ұйымда есепке тұруға және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен туберкулездің жұқпалы түрімен ауырудың қайталануын болдырмайтын ем алып тұруға міндетті.

**87-бап. Туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын адамдарға әлеуметтік көмек**

Мәжбүрлеп емдеу аяқталғаннан кейін туберкулезге қарсы мамандандырылған емдеу-алдын алу ұйымынан шығарылған науқастарға жергілікті атқарушы органдар олардың еңбекке және тұрмыстық жағынан орналасуына көмек көрсетеді.

**88-бап. Туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын азаматтардың емделуден бас тартқаны және инфекция таратқаны үшін жауаптылығы**

Туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын және емделуден жалтарып жүрген азаматтар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

## **16-тарау. АҚТҚ инфекциясын жұқтырған адамдарға, ЖҚТБ науқастарына медициналық-әлеуметтік көмек көрсету**

### **89-бап. АҚТҚ инфекциясының және ЖҚТБ-ның алдын алу мен емдеу мәселелеріндегі мемлекет кепілдіктері**

М е м л е к е т :

1) тегін негізде жасырын тексерудің, ерікті, құпия медициналық куәландырудың қолжетімділігі мен сапасына, АҚТҚ жұқтырғандарды және ЖҚТБ-мен ауыратын науқастарды диспансерлеуді, психологиялық-әлеуметтік, заңгерлік және медициналық консультацияларға;

2) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шегінде медициналық және дәрі-дәрмектік көмек көрсетуге;

3) әлеуметтік және құқықтық қорғауға;

4) ауруының сипатына байланысты қандай да бір кемсітушілік нысандарына жол бермеуге;

АҚТҚ инфекциясының анадан ұрыққа берілу қаупін азайту жөніндегі алдын алу іс-шараларын жүзеге асыруға кепілдік береді.

### **90-бап. Адамның қорғаныш тапшылығы қоздырғышын жұқтырған адамдарды әлеуметтік қорғау**

1. Адамның қорғаныш тапшылығы қоздырғышын жұқтырған немесе ЖҚТБ-мен ауырған балалар мен жеткіншектердің мектепте және басқа оқу орындарында оқуы қ а м т а м а с ы з е т і л е д і .

2. Адамның қорғаныш тапшылығы қоздырғышын жұқтырған немесе ЖҚТБ-мен ауыратын адамдарды жұмыстан босатуға, жұмысқа қабылдаудан бас тартуға, мектеп жасына дейінгі балалар мекемелеріне және оқу орындарына қабылдаудан бас тартуға, сондай-ақ олардың өзге де құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіруге, сол сияқты олардың туысқандары мен жақындарының тұрғын үй және өзге де құқықтарына қ ы с ы м ж а с а у ғ а ж о л б е р і л м е й д і .

3. Медициналық қызметкерлер мен тұрмыстық қызмет көрсету саласы қызметкерлерінің өз міндеттерін тиісінше орындамағаны салдарынан АҚТҚ жұқтырып алған немесе ЖҚТБ-мен ауыратын адамдар өздерінің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтетуге құқылы.

### **91-бап. АҚТҚ жұқтырған адамдар профилактикасы**

АҚТҚ жұқтырған адамдар профилактикасы жөніндегі іс-шаралар:

1) халықтың әртүрлі топтарына арналған нысаналы профилактикалық және білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске а с ы р у ;

2) халықты бұқаралық ақпарат құралдары арқылы АҚТҚ инфекциясы бойынша

- эпидемиялық ахуал және оның алдын алу шаралары туралы хабардар ету;
- 3) халықтың әр түрлі топтары үшін ақпараттық материалдар әзірлеу және тарату;
- 4) АҚТҚ инфекциясының жыныстық қатынас пен қан арқылы жұғуынан қорғау жөніндегі бағдарламаларды іске асыру;
- 5) сенім, жасырын тестілеу, психологиялық, заңдық және медициналық консультациялар беру пункттерін ашу;
- 6) халыққа тері қабаттары бүтіндігінің бұзылуына байланысты қызметтер көрсету кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолымен жүзеге асырылады.

## **92-бап. АҚТҚ-ға тексеру жүргізу**

1. Қазақстан Республикасының азаматтары, Қазақстан Республикасының аумағында тұрып жатқан немесе осында болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар АҚТҚ инфекциясы мәселелері бойынша жасырын тексерудің, ерікті, тегін құпия медициналық тексеру мен медициналық консультацияларға;

### **2 . М ы н а л а р :**

Қазақстан Республикасы әділет органдарының қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын адамдар;

Денсаулық сақтау, прокуратура, тергеу және сот органдарының құру салуы негізінде АҚТҚ жұқтырғаны ықтимал деуге жеткілікті негіз бар адамдарға қатысты АҚТҚ инфекциясының болуына міндетті құпия медициналық тексеру жүргізілуі тиіс.

3. АҚТҚ инфекциясының болуына тексеруден немесе профилактикалық қадағалаудан жалтарған Қазақстан Республикасының аумағында тұрып жатқан немесе осында болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар осы баптың 2-тармағында көрсетілген негіздер бойынша Қазақстан Республикасынан тыс шығарылады.

Қазақстан Республикасының аумағында дипломатиялық артықшылықтар мен иммунитетті пайдаланатын шет мемлекеттердің дипломатиялық, өкілдік және консулдық мекемелерінің қызметкерлері мен өзге де адамдары куәландырудан тек өздерінің келісімдерімен ғана өтеді. Оларды куәландырудан өткізу қажеттігі туралы ұсынысты уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен алдын ала келіседі.

4. Он сегіз жасқа дейінгі балалар мен әрекет қабілеті жоқ адамдарды куәландыру олардың заңды өкілдерінің келісімімен немесе олардың қалауы бойынша жүргізіледі.

5. Медициналық куәландыру кезінде АҚТҚ жұқтырған адамды анықтаған денсаулық сақтау ұйымдары оған тексеру нәтижелері туралы жазбаша түрде хабар беріп, өз денсаулығын және айналасындағылардың денсаулығын сақтауға бағытталған сақтық шараларын орындау қажеттілігі туралы ұғындырады, сондай-ақ емделуден жалтарып, басқа адамдарға жұқтырғаны үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілігі туралы ескертеді.

6. АҚТҚ жұқтырғандар мен ЖҚТБ-мен ауыратын науқастардың диагностикасына, оларды емдеуге, зертханалық зерттеу нәтижелеріне қатысты мәліметтер құпия болып

табылады және тек тікелей бұл мәліметтердің қатысы бар адамға, оның заңды өкіліне немесе денсаулық сақтау, прокуратура, алдын ала тергеу, анықтау және сот органдарының сұрауы бойынша ғана берілуі мүмкін.

## **17-тарау. Психикалық науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету**

### **93-бап. Психиатриялық жәрдем алудың еріктілігі**

1. Психиатриялық жәрдем психиканың бұзылуының алдын алуды, азаматтардың психикалық денсаулығын тексеруді, психикалық бұзылудың диагностикасын, психикасының бұзылуынан зардап шегуші адамдарды емдеу, оларға күтім көрсету мен медициналық-әлеуметтік оңалтуды қамтиды.

2. Осы Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, психиатриялық жәрдем адам ерікті түрде өтініш жасаған немесе оның жазбаша келісімі болған жағдайда көрсетіледі.

3. Кәмелетке толмаған адамға, сондай-ақ заңда белгіленген тәртіппен іс-әрекетке қабілетсіз деп танылған адамға психиатриялық жәрдем осы Кодексте көзделген тәртіппен олардың заңды өкілдерінің келісімімен көрсетіледі.

### **94-бап. Кәсіптік қызметтің жекелеген түрлерін атқаруды шектеу**

1. Азамат психикасының бұзылуы салдарынан уақытша, соңынан қайта куәландыру құқығымен кәсіби қызметтің жекелеген түрлерін, сондай-ақ жоғары қауіп көзіне байланысты жұмысты атқаруға жарамсыз деп танылуы мүмкін.

Жарамсыз деп тану тиісті сараптаманы жүзеге асыруға лицензиясы және (немесе) аккредиттеу туралы куәлігі бар мамандандырылған медициналық психиатриялық ұйымда құрылатын дәрігерлік комиссияның шешімі негізінде жүргізіледі. Азамат мұндай шешіммен келіспеген жағдайда ол жөнінде сотқа шағымдануына болады.

2. Кәсіби қызметтің жекелеген түрлерін, сондай-ақ жоғары қауіп көзіне байланысты жұмысты атқаруға арналған медициналық психиатриялық қарсы айғақтар тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді және ол кемінде бес жылда бір рет жинақталған тәжірибе мен ғылыми жетістіктер ескеріле отырып, қайта қаралады.

### **95-бап. Психиатрия жәрдем көрсетілетін азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғау**

1. Азамат өзіне психиатриялық жәрдем көрсетілген кезде өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін өз қалауымен өкілін таңдауға құқылы. Өкілдікті ресімдеу Қазақстан Республикасының қылмыстық және азаматтық іс жүргізу заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

2. Кәмелетке толмаған және белгіленген тәртіп бойынша іс-әрекетке қабілетсіз деп танылған адамның психиатриялық жәрдем көрсетілген кездегі құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды олардың заңды өкілдері жүзеге асырады.

3. Азаматқа психиатриялық жәрдем көрсетілген кезде оның құқықтары мен заңды

мүдделерін қорғауды адвокат немесе заңды өкіл жүзеге асырады. Адвокатты шақыру және оның қызметіне ақы төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделеді. Психиатриялық жәрдем көрсететін ұйымның әкімшілігі осы Кодекстің 73-бабының 3-тармағының екінші бөлігінде және 99-бабының 5-тармағындағы көзделген жағдайларды қоспағанда, басқа жағдайларда адвокат шақыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

#### **96-бап. Психиканың бұзылуының диагностикасы және оны емдеу**

1. Психиатр дәрігер психиатриялық көмек көрсетеді.

2. Психиканың бұзылуы диагнозын клиникалық көріністерге, лабораториялық деректерге, объективті мәліметтерге сәйкес психиатр дәрігер қояды. Диагнозды азаматтың қоғамда қабылданған моральдық, мәдени, саяси және діни құндылықтармен келіспеуіне не оның психикалық денсаулық жағдайына тікелей байланысы жоқ өзге де себептерге негіздеуге болмайды.

3. Психиканың бұзылуынан зардап шегуші адамға диагноз қою және оны емдеу үшін Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау туралы заңнамасымен рұқсат етілген медициналық құралдар мен әдістер қолданылады.

4. Медициналық құралдар мен әдістер аурудың ауытқулар сипатына қарай диагностикалық және емдеу мақсаттарында ғана қолданылады, оларды адамды жазалау түрінде пайдалануға тыйым салынады.

5. Дәрігер психиканың бұзылуынан зардап шегуші адамға немесе заңды өкіліне, немесе адвокатқа психиканың бұзылуының сипаты туралы ақпаратты, емдеу мақсаттары мен әдістері туралы, сондай-ақ ұсынылатын емдеудің ұзақтығы туралы деректерді, ықтимал ауыру түйсіктері, жанама әсерлер мен күтілетін нәтижелер туралы ақпаратты беруге міндетті, Берілген ақпарат туралы медициналық құжаттамада жазба жасалады.

6. Осы баптың 7-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, психиканың бұзылуынан зардап шегуші адамды емдеу оның немесе оның заңды өкілдерінің келісімі алынғаннан кейін жүргізіледі.

7. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген негіздер бойынша, сондай-ақ осы Кодекстің 70-бабының 1-тармағында көзделген негіздер бойынша мәжбүрлеп ауруханаға жатқызуға, психиканың бұзылуынан зардап шегуші адамның немесе оның заңды өкілінің келісімінсіз медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларымен емдеу жүргізілуі мүмкін. Шұғыл ауруханаға жатқызу жағдайларынан басқа, осындай жағдайларда емдеу психиатр дәрігерлер комиссиясының шешімі бойынша қолданылады.

8. Осы баптың 7-тармағында көзделгенді қоспағанда, басқа жағдайларда, психиканың бұзылуынан зардап шегуші адамға немесе заңды өкілі ұсынылып отырған емдеуден бас тартуға немесе оны тоқтатуға құқылы.

9. Емдеуден бас тартқан адамға не оның заңды өкіліне емдеуден бас тартудың

ықтимал зардаптары түсіндірілуі тиіс. Ықтимал зардаптары туралы мәліметтер көрсетіле отырып, психиканың бұзылуынан зардап шегуші адамның немесе оның заңды өкілінің және психиатр дәрігердің қолы қойылып, медициналық құжаттамада жазба ресімделеді.

### **97-бап. Психиканың бұзылуынан зардап шегетін адамдарға қатысты медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары**

1. Психикасының бұзылуынан зардап шегетін, қоғамға қауіпті әрекеттер жасаған адамдарға қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша сот шешімімен медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қ о л д а н ы л а д ы .

2. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары денсаулық сақтау органдарының психиатриялық ұйымдарында мәжбүрлі амбулаториялық бақылау мен психиатрда емделу және психиатриялық стационарда мәжбүрлеп емдеу түрінде жүзеге асырылады.

3. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану үшін психиатриялық стационарға орналастырылған адамдар осы баптың 5, 6-тармақтарында көзделген барлық құқықтарды пайдаланады. Олар психиатриялық стационарда болған бүкіл кезеңінде еңбекке жарамсыз деп танылады және олардың мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру бойынша жәрдемақы немесе жалпы негіздер бойынша зейнетақы алуға құқылы. Мемлекеттік әлеуметтік және арнаулы жәрдемақылар, пациенттердің ақшалай қаражатын есепке алуды жүргізу жөніндегі операцияларды жүзеге асыру үшін мемлекеттік психиатриялық мекемелерде олар алғашқы талап бойынша немесе әлде бір мерзімде, толық немесе ішінара, алдын ала келісілген үстемемен не онсыз, тікелей жеке немесе заңды тұлғаларға не тиісті республикалық немесе жергілікті бюджеттерге не үшінші тұлғалардың пайдасына қайтарылуы тиістігіне қарамастан номиналды түрде олардың қайтарылуы шартымен мемлекеттік мекемеге жеке немесе заңды тұлға беретін ақша бойынша қолма-қол ақшаның бақылаушы шоттары ашылады.

4. Психиатриялық стационарға орналастырылған пациентке оның құқықтары мен стационарда белгіленген ережелер оның өзі білетін тілде түсіндірілуге тиіс, бұл туралы медициналық құжаттамаға жазба жасалып, кейіннен заңды өкіліне хабарланады.

5. Психиатриялық стационарда емделіп немесе тексеріліп жатқан пациенттердің б а р л ы ғ ы :

емделу, тексерілу, психиатриялық стационардан шығу және осы Кодекспен берілген құқықтарының сақталуы мәселелері бойынша тікелей бас дәрігерге немесе бөлімше меңгерушісіне өтініш жасауға, мемлекеттік органдар мен адвокатқа шағымдар және арыздар беруге, адвокатпен және діни қызметшімен оңаша кездесуге, діни салттарды орындауға, діни қағидаларды сақтауға;

газеттер мен журналдарды жаздырып алуға;

егер пациент 18 жасқа толмаған болса, жалпы білім беретін мектептің немесе



ақыл-ойы кем балаларға арналған арнаулы мектептің бағдарламасы бойынша білім алуға ;

еңбегінің мөлшері мен сапасына сәйкес басқа азаматтармен бірдей сыйақы алуға;

х а т - х а б а р а л ы с у ғ а ;

сәлемдеме, бандероль, ақша аударымдарын алуға және жіберуге;

т е л е ф о н д ы п а й д а л а н у ғ а ;

к е л у ш і л е р д і қ а б ы л д а у ғ а ;

ең қажетті заттарды ұстауға және сатып алуға, өз киімін пайдалануға құқылы.

6. Бұқаралық ақпарат құралдарын жеке жаздырып алу, байланыс қызметін пайдалану олар берілетін пациенттің есебінен немесе қайырымдылық түсімдер есесінен жүзеге асырылады.

### **98-бап. Мемлекет кепілдік беретін психиатриялық жәрдем және әлеуметтік қорғау**

1 . М е м л е к е т :

1) шұғыл және жоспарлы психиатриялық жәрдем көрсету;  
2) психиатриялық сараптамаға, еңбекке уақытша жарамсыздықты анықтауға;  
3) психикасының бұзылуынан зардап шегуші адамдарға әлеуметтік-тұрмыстық көмек көрсетуге және олардың ішінен мүгедектерді-оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес еңбекке орналастыруға жәрдемдесуге кепілдік береді.

2. Психикасының бұзылуынан зардап шегуші адамдарға психиатриялық жәрдем көрсетуді қамтамасыз ету үшін және оларды әлеуметтік қорғау мақсатында мемлекет:

1) психиатриялық жәрдем көрсетуді ұйымдастырады;  
2) психикасының бұзылуынан зардап шегуші кәмелетке толмағандарға, олардың ішінен мүгедектерді - оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес жалпы және кәсіптік білім беруді ұйымдастырады ;

3) өндірістік-емдеу ұйымдарын, сондай-ақ еңбек терапиясына, психикасының бұзылуынан зардап шегуші адамдарды, оның ішінде мүгедектерді қоса алғанда, еңбекке орналастыру үшін жаңа мамандықтарға оқытуға арналған еңбек жағдайлары жеңілдетілген арнайы өндірістер, цехтар немесе учаскелер құрады.

### **99-бап. Психиатриялық куәландыру**

1. Психиатриялық куәландыру тексерілуші адамның психикасы бұзылғанын, оның психиатриялық жәрдемге мұқтаждығын және мұндай жәрдемнің түрлерін анықтау мақсатында, сондай-ақ қорғаншылық, еңбекке уақытша жарамсыздығы және мүгедектігі туралы мәселені шешу үшін жүргізіледі.

2. Психиатриялық куәландыру, сондай-ақ профилактикалық қарау тексерілушінің өтініші немесе жазбаша келісімі, немесе оның заңды өкілдерінің куәландыру себептері көрсетілген жазбаша арызы бойынша; кәмелетке толмаған және заңда белгіленген тәртіппен іс-әрекетке қабілетсіз деп танылған адамға - олардың заңды өкілдерінің өтініші немесе жазбаша келісімі бойынша жүргізіледі.

Тексерілушінің психикалық денсаулығы жай-күйін психиатриялық куәландыру мен ол туралы қорытындының деректері медициналық құжаттамада тіркеледі, онда психиатр-дәрігерге көріну себептері мен медициналық ұсынымдар да көрсетіледі.

3. Заңды өкілі қарсылық білдірген немесе ол болмаған жағдайда кәмелетке толмаған адамды куәландыру қорғаншы және қамқоршы органның шешімі бойынша жүргізіледі, оған сотқа шағым жасалуы мүмкін.

4. Осы баптың 5-тармағының екінші абзацында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, психиатриялық куәландыру жүргізетін дәрігер тексерілуші мен оның заңды өкіліне өзін психиатр ретінде таныстыруға міндетті.

5. Тексерілуші психикасының бұзылуы асқынған деп жорамалдауға негіз болатын іс-әрекеттер жасаған кезде, мұның өзі:

оның өзіне және айналасындағыларға тікелей қауіп төндіруіне; оның дәрменсіздігіне, яғни тиісті күтім болмаған жағдайда негізгі тіршілік қажеттерін өз бетінше қанағаттандыруға қабілетсіздігіне;

егер адамға психиатриялық жәрдем көрсетілмей қалдырылатын болса, психикалық жай-күйінің нашарлауы салдарынан оның денсаулығына елеулі зиян келуіне байланысты оған оның келісімінсіз немесе заңды өкілінің келісімінсіз психиатриялық куәландыру жүргізілуі мүмкін.

6. Егер тексерілуші осы Кодекстің 100-бабының 2-тармағында көзделген тәртіппен динамикалық бақылауда тұрса, оған оның заңды өкілінің келісімінсіз психиатриялық куәландыру жүргізілуі мүмкін.

7. Әртүрлі психиатриялық сараптамалар мен адамды психиатриялық куәландыру Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

8. Осы баптың 5-тармағында көзделген жағдайларда психиатриялық куәландыру туралы шешімді психиатр дәрігер адамның заңды өкілін хабардар ете отырып, қабылдайды.

9. Осы баптың 6-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, оның келісімінсіз немесе оның заңды өкілінің келісімінсіз психиатриялық куәландыру туралы шешімді психиатр дәрігер осы баптың 5-тармағында санамаланған осындай куәландыру үшін негіздердің бар-жоғы туралы мәліметтер қамтылған өтініш бойынша қабылдайды.

10. Психиатриялық куәландыруға келісім беру туралы өтінішті психиатриялық куәландыруға жататын адамның заңды өкілі, кез келген медициналық мамандықтағы дәрігер және өзге де азаматтар беру, мүмкін. Көрінеу жалған арыз беру қылмыстық жауапқа тартылуға әкеп соғады.

11. Алынған мәліметтер бойынша адам өзіне немесе айналасындағыларға тікелей қауіп төндіретін жағдайларда нақты адам ауызша немесе жазбаша арыз беруі мүмкін. Психиатр-дәрігер психиатриялық куәландыру туралы дереу шешім қабылдап, ол медициналық құжаттамаға жазумен ресімделеді де, кейіннен адамның заңды өкіліне

х а б а р л а н а д ы .

12. Адам өзіне немесе айналасындағыларға тікелей қауіп төндірмейтін жағдайда психиатриялық куәландыру туралы арыз жазбаша түрде берілуге, онда мұндай куәландырудың қажет екенін негіздейтін толық мәліметтер және ол адамның не оның заңды өкілінің психиатр-дәрігерге көрінуден бас тартатыны туралы деректер болуға тиіс. Психиатр-дәрігер шешім қабылдау үшін қажетті қосымша мәліметтер сұратып алуға құқылы Психиатр дәрігер арызды осы Заңның баптың 5-тармағындағы үшінші және төртінші, абзацтарда көзделген мен-жайлардың болуын дәлелдейтін деректер жоқ екенін анықтап, психиатриялық куәландырудан негіздей отырып, жазбаша түрде бас тартады.

### **100-бап. Психиканың бұзылуымен ауыратындарға динамикалық бақылау**

1. Осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларда психикасының бұзылуынан зардап шегуші адамның немесе оның заңды өкілінің келісіміне қарамастан, динамикалық бақылау белгіленуі мүмкін және ол психиатр дәрігердің тұрақты тексеріп тұруы арқылы оның психикалық денсаулық жай-күйін бақылауды, оған қажетті медициналық және әлеуметтік жәрдем көрсетуді көздейді.

2. Динамикалық бақылау психикасының бұзылуы тұрақты және созылмалы болып, ауыр, өзгермейтін сипат алған, көбіне асқынған ауру көріністеріне ұштасатын адамға белгіленуі мүмкін.

3. Динамикалық бақылауды белгілеу қажет екені туралы және оны тоқтату туралы мәселені шешуді амбулаториялық психиатриялық жәрдем көрсететін психиатриялық ұйымның әкімшілігі тағайындайтын психиатр дәрігерлер комиссиясы немесе денсаулық сақтау органы тағайындайтын психиатр дәрігерлер комиссиясы қабылдайды, комиссияда кемінде үш дәрігер болуы тиіс.

4. Психиатр-дәрігерлер комиссиясының негізделген шешімі медициналық құжаттамаға жазылып ресімделеді. Динамикалық бақылауды белгілеу немесе тоқтату туралы шешімге осы Кодексте белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

5. Психикасының бұзылуынан зардап шегуші адам сауыққан немесе оның психикалық жай-күйі айтарлықтай әрі тұрақты жақсарған жағдайда бұрын белгіленген динамикалық бақылау тоқтатылады. Динамикалық бақылау тоқтатылғаннан кейін сол адамның өтініші немесе келісімі бойынша, не оның заңды өкілінің өтініші немесе келісімі бойынша психиатриялық жәрдем консультация және емдеу түрінде көрсетіледі. Психикасының бұзылуынан зардап шегуші адам психикалық жай-күйі өзгерген кезде осы Кодекстің 99-бабында көзделген негіздер мен тәртіп бойынша өзінің келісімінсіз немесе заңды өкілінің келісімінсіз куәландырылуы мүмкін. Мұндай жағдайларда психиатр дәрігерлер комиссиясының шешімі бойынша динамикалық бақылау қайта жалғастырылуы мүмкін.

### **101-бап. Психиатриялық стационарға орналастыру**

1. Адам психикасының бұзылуы мен психиатр-дәрігердің оған тексеру жүргізу немесе стационар жағдайында емдеу туралы шешімі немесе сот ұйғарымы оны психиатриялық стационарға орналастыру үшін негіз болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен сот-психиатриялық сараптама жүргізу қажетті де психиатриялық стационарға орналастыру үшін негіз болуы мүмкін.

3. Осы Кодекстің 70-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, адамды психиатриялық стационарға орналастыру оның өтініші бойынша немесе оның жазбаша келісімімен ерікті түрде жүзеге асырылады.

4. Кәмелетке толмаған адам психиатриялық стационарға ата-анасының немесе өзге де заңды өкілінің жазбаша келісімі бойынша орналастырылады.

5. Заңда белгіленген тәртіп бойынша іс-әрекетке қабілетсіз деп танылған адам психиатриялық стационарға оның заңды өкілінің өтініші немесе жазбаша келісімі бойынша орналастырылады.

6. Заңды өкілі қарсы болған немесе өзге заңды өкілі болмаған жағдайда кәмелетке толмаған адамды психиатриялық стационарға орналастыру қорғаншы және қамқоршы органның шешімі бойынша жүзеге асырылады, ол жөнінде сотқа шағым жасалуы мүмкін.

7. Адамды ауруханаға жатқызуға алынған келісім медициналық құжаттамаға жазылып ресімделеді, оған сол адам немесе оның заңды өкілі және психиатр дәрігер қол қояды.

8. Адамның психиатриялық стационарда еріксіз түрде ұсталуы оны ауруханаға салу жөніндегі негіздер сақталатын уақыт ішінде ғана жалғастырылады.

9. Психиатриялық стационарға еріксіз түрде орналастырылған адамды алғашқы алты ай ішінде оның ауруханада болу мерзімін ұзарту туралы мәселені шешу үшін психиатриялық ұйымның психиатр дәрігерлер комиссиясы кемінде айына бір рет куәландырып отыруға тиіс. Ауруханада болу мерзімін алты айдан астам уақытқа ұзарту Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен психиатр дәрігерлер комиссиясының жүгінуі негізінде сот шешімі бойынша жүргізіледі.

10. Ауруханаға еріксіз түрде орналастырылған адамды кезектен тыс куәландыру пациенттің өзінің немесе оның заңды өкілінің, адвокаттың тілегі бойынша жүргізілуі мүмкін.

Осы кодекстің 70-бабының 1-тармағында көзделген негіздер бойынша психиатриялық стационарға орналастырылған адамды ол жатқызылған сәтінен бастап 48 сағат ішінде жатқызудың негізділігі туралы шешім қабылдаған психиатриялық ұйымның психиатр дәрігерлер комиссиясы міндетті түрде куәландыруға тиіс. Жатқызу негізді деп танылған және жатқызылған адам психиатриялық стационарда қалғысы

келмеген жағдайда ол дереу шығарылуы тиіс.

11. Еріксіз түрде психиатриялық стационарға орналастырылуына келісім бермеген, психикасының бұзылуынан зардап шегуші адам немесе оның заңды өкілі сотқа жүгінуі мүмкін.

**102-бап. Заңды өкілдерінің өтініші немесе келісімі бойынша психиатриялық стационарға орналастырылған кәмелетке толмағандарды және іс-әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдарды куәландыру**

1. Заңды өкілдерінің өтініші немесе жазбаша келісімі бойынша психиатриялық стационарға орналастырылған кәмелетке толмаған адамды және заңда белгіленген тәртіппен іс-әрекетке қабілетсіз деп танылған адамды осы Кодекстің 99-бабымен көзделген тәртіппен психиатриялық ұйымның психиатр дәрігерлер комиссиясы міндетті түрде куәландыруға тиіс.

2. Бұл адамдарды ауруханада болу мерзімін ұзарту туралы мәселені шешу үшін алғашқы алты ай ішінде кемінде айына бір рет психиатр дәрігерлер комиссиясы куәландырады, ауруханада болу мерзімін алты айдан астам уақытқа ұзарту туралы мәселені шешу Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен психиатр дәрігерлер комиссиясының өтініші негізінде сот шешімі бойынша жүргізіледі.

3. Психиатр дәрігерлер комиссиясы немесе психиатриялық стационардың әкімшілігі кәмелетке толмаған адамның немесе заңмен белгіленген тәртіп бойынша іс-әрекетке қабілетсіз деп танылған адамның заңды өкілдері оларды ауруханаға орналастыру кезінде қиянат жасауға жол берілгенін анықтаған жағдайда психиатриялық стационардың әкімшілігі бұл туралы қамқорлыққа алынған адамның тұрғылықты жері бойынша қорғаншы және қамқоршы органға хабарлайды.

**103-бап. Психиатриялық жәрдем көрсету кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары**

1. Стационарлық психиатриялық жәрдемді, ауруханаға орналастырылған адам мен басқа адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мейлінше аз шектеулі жағдайларда, медициналық персонал оның құқықтары мен заңды мүдделерін сақтай отырып, жүзеге асырады.

2. Ауруханаға еріксіз орналастырылып, психиатриялық стационарда болған кезінде ауруханаға орналастырылған адамға күш қолданып, қысым жасау мен оқшаулау шаралары оның өзіне немесе басқа адамдарға тікелей қауіп төндіретін іс-әрекетін, психиатр дәрігердің пікірінше, өзге әдістермен тыю мүмкін болмаған кезде қолданылады және медициналық персоналдың тұрақты бақылауымен жүзеге асырылады. Күш қолданып, қысым жасау немесе оқшаулау шараларының түрлері мен қолданылу уақыты туралы медициналық құжаттамада жазба жасалып, оның заңды өкіліне хабарланады.

3. Құқық қорғау органдарының қызметкерлері ауруханаға еріксіз орналастырылған адамды еріксіз куәландыруды жүзеге асырған кезде медицина қызметкерлеріне көмектесуге, ауруханаға орналастырылатын адамды тексеру мақсатымен оның қасына бару үшін, сондай-ақ ауруханаға орналастырылған, ауруханаға орналастырылуға тиіс адам (орналастырылуға тиіс адамдар) тарапынан айналадағыларының өмірі мен денсаулығына қатер төндірілетін жағдайларда қауіпсіз жағдайларды қамтамасыз етуге міндетті.

#### **104-бап. Психиатриялық стационардан шығару**

1. Пациент психиатриялық стационардан сауыққан немесе оның психикалық жай-күйі стационарда одан әрі емдеуді қажет етпейтіндей жақсарған, сондай-ақ стационарға орналастыру үшін негіз болған тексеру немесе сараптама аяқталған жағдайда шығарылады.

2. Психиатриялық стационарда өз еркімен жатқан пациент одан өзінің жеке арызы, оның заңды өкілінің арызы бойынша немесе оны емдеуші дәрігердің шешімі бойынша шығарылады.

3. Психиатриялық стационарға еріксіз түрде орналастырылған пациентті одан шығару психиатр дәрігерлер комиссиясының қорытындысы бойынша жүргізіледі.

4. Соттың ұйғарымы бойынша медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылған пациенттің шығарылуы тек сот ұйғарымы бойынша ғана жүзеге асырылады.

5. Психиатриялық стационарға өз еркімен орналастырылған пациенттің, егер психиатриялық ұйымның психиатр дәрігерлер комиссиясы оны осы Кодекстің 70-бабының 1-тармағында көзделгендей ауруханаға еріксіз түрде орналастыру негіздерін анықтайтын болса, одан шығарылуынан бас тартылуы мүмкін. Мұндай жағдайда оның психиатриялық стационарда болуы, ауруханада ұсталуын ұзарту және стационардан шығарылуы туралы мәселелер осы Кодекстің 101-бабының 8-10-тармақтарында және осы баптың 3-тармағында белгіленген тәртіппен шешіледі.

#### **105-бап. Психоневрологиялық ұйымдарға адамдарды орналастырудың негіздері мен тәртібі**

1. Психикасының бұзылуынан зардап шегуші адамды психоневрологиялық ұйымға орналастыру үшін туыстарының не оның заңды өкілінің арызы және психиатр дәрігер қатысатын дәрігерлер комиссиясының қорытындысы; кәмелетке толмаған адамға психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы; заңда белгіленген тәртіппен іс-әрекетке қабілетсіз деп танылған адамға - психиатр-дәрігердің қатысуымен дәрігерлер комиссиясы берген қорытынды негізінде қабылданған қорғаншы және қамқоршы органның шешімі негіз болады.

Қорытындыда адам психикасының оны әлеуметтік қамсыздандырудың

мамандандырылмаған ұйымында болу мүмкіндігінен айыратындай болып бұзылғаны туралы, ал іс-әрекетке қабілетті адамдарға қатысты - сот алдында оны іс-әрекетке қабілетсіз деп тану туралы мәселе қоюға негіз болмауы жөніндегі мәліметтер де болуға т и і с .

2. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қорғаншы және қамқоршы органдар психоневрологиялық ұйымға орналастырылатын адамдардың мүліктік мүдделерін қорғау үшін шаралар қолдануға міндетті.

3. Кәмелетке толмаған адамды арнайы оқыту мақсатымен психоневрологиялық ұйымға жіберу үшін адам психикасының бұзылуы негіз болады. Ол ата-анасының не оның заңды өкілінің арызы және республикалық, облыстық немесе қалалық психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар қорытындысының негізінде жіберіледі. Қорытындыда кәмелетке толмаған адамды ақыл-ойы кем балаларға арналған арнаулы мектептер жағдайында оқыту қажеттігі туралы мәліметтер қ а м т ы л у ы т и і с .

4. Психиатр дәрігердің, психологиялық-медициналық- педагогикалық консультацияның қатысуымен дәрігерлер комиссиясы мамандандырылған психоневрологиялық ұйымда тұруға не оқуға медициналық айғақтар болмауы туралы берілген қорытынды психикасының бұзылуынан зардап шегуші адамды психоневрологиялық ұйымнан немесе арнайы оқытатын мектептен жалпы үлгідегі осындай ұйымға ауыстыру үшін негіз болады.

5. Психоневрологиялық ұйымнан немесе арнайы оқытатын мектептен шығару:

1) психикасының бұзылуынан зардап шегуші адамның өз арызы бойынша, психиатр дәрігердің қатысуымен дәрігерлер комиссиясының денсаулығы жай-күйі бойынша бұл адамның жеке тұра алатыны туралы қорытындысы болған кезде;

2) шығарылатын кәмелетке толмағанды не заңда белгіленген тәртіп бойынша іс-әрекетке қабілетсіз деп танылған адамды күтіп-бағуды жүзеге асыруға міндеттенетін ата-анасының, өзге де туыстарының немесе заңды өкілінің арызы бойынша жүзеге асырылады.

**18-тарау. Алкоголизмге, нашақорлық пен уытқұмарлық ауруларына шалдыққан адамдарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету**

**106-бап. Алкоголизмге, нашақорлық пен уытқұмарлық ауруларына шалдыққан адамдарға медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру**

Мемлекет алкоголизм, нашақорлық пен уытқұмарлық ауруларының алдын алу және емдеу жөніндегі шаралар жүйесін қамтамасыз етеді.

Алкоголизмге, нашақорлық пен уытқұмарлық ауруларына шалдыққан және бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жүрген адамдарды мәжбүрлеп емдеу сот шешімі бойынша ұйымдастырылады.

**107-бап. Нашақорлықпен ауыратын және медициналық-әлеуметтік оңалтуға мұқтаж адамдардың медициналық ұйымдарға өтініш жасауы**

1. Нашақорлықпен ауыратын адамдар наркологиялық ұйымдарға медициналық көмек сұрап өтініш жасаған жағдайда, оларды медициналық-әлеуметтік оңалту ерікті түрде және пациент тілек білдірген жағдайда - жасырын түрде жүргізіледі.

2. Нашақорлықпен ауыратын кәмелетке толмаған адамды, сондай-ақ нашақорлықпен ауыратын, белгіленген тәртіппен іс-әрекетке қабілетсіз деп танылған адамды медициналық-әлеуметтік оңалту олардың заңды өкілдерінің келісімімен жүргізіледі.

### **108-бап. Адамда алкоголизмге, нашақорлық пен уытқұмарлық дертіне шалдыққан деп тану тәртібі**

Алкоголизмге, нашақорлық немесе уытқұмарлық дертіне шалдыққан деп тануды денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен тиісті медициналық куәландырудан кейін мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары жүзеге асырады.

Мәжбүрлеп емдеуге жіберу туралы мәселені шешу кезінде медициналық куәландырудан жалтарған адамдарды мәжбүрлеп тексеру үшін наркологиялық мекемеге ішкі істер органдары ықтиярсыз алып келеді.

Алкоголизмге, нашақорлық немесе уытқұмарлық дертіне шалдыққан деп танылған адам мұнымен келіспеген жағдайда бұл шешімге жоғары тұрған денсаулық сақтау саласын басқару органына немесе сотқа шағым жасауына болады.

### **109-бап. Алкоголизмге, нашақорлық пен уытқұмарлық дертіне шалдыққан адамдардың құқықтары**

1. Алкоголизмге, нашақорлық пен уытқұмарлық дертіне шалдыққан адамдар:

1) білікті медициналық көмек алуға;

2) наркологиялық ұйымды таңдауға;

3) өз құқықтары мен өздерінің наркологиялық сырқатқа шалдығуының сипаты және қолданылатын емдеу мен оңалту әдістері туралы ақпарат алуға;

4) медициналық-әлеуметтік оңалтуды - тұрғылықты жері бойынша, сондай-ақ қажет болған жағдайда жүрген жері бойынша өткізуге құқылы.

2. Нашақорлықпен ауыратын адам немесе оның заңды өкілі ұсынылып отырған медициналық-әлеуметтік оңалтудың кез келген кезеңінде одан бас тартуға құқылы.

3. Медициналық-әлеуметтік оңалтудан бас тартқан адамға не оның заңды өкіліне оңалту іс-шараларын тоқтатудың ықтимал зардаптары түсіндірілуге тиіс. Медициналық-әлеуметтік оңалтудан бас тарту, оның ықтимал зардаптары туралы мәліметтер көрсетіле отырып, медициналық құжаттамаға жазбамен рәсімделеді, оған нашақорлықпен ауыратын адамның немесе оның заңды өкілінің және психиатр-нарколог дәрігердің қолы қойылады.

4. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда,



нашақорлық диагнозының болуы, наркологиялық ұйымда динамикалық қадағалауда тұру фактісі негізінде ғана нашақорлықпен ауыратын адамдардың құқықтары мен бостандықтарын шектеуге жол берілмейді.

**110-бап. Алкоголизмге, нашақорлық пен уытқұмарлық дертіне шалдыққан адамдарды есепке алу және қолдап емдеу**

Алкоголизмнен, нашақорлық пен уытқұмарлықпен еріксіз емделген адамдар мамандандырылған емдеу-алдын алу мекемелерінен шығарылған соң тұрғын жайлары бойынша наркологиялық мекемелерге есепке тұруға және оларда денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен тәртіппен қолдап емдеуден етуге тиіс.

**19-тарау. Азаматтардың жекелеген санаттарына медициналық және медициналық-әлеуметтік көмек көрсету**

**111-бап. Әскери қызметшілерге, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер органдарының, әділет органдары қылмыстық-атқару жүйесінің, өртке қарсы күрес қызметінің, қаржы полициясының қызметкерлеріне, олардың отбасы мүшелері мен осы ведомстволардың зейнеткерлеріне медициналық көмек көрсету**

Әскери қызметшілерге, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер органдарының, әділет органдары қылмыстық-атқару жүйесінің, өртке қарсы күрес қызметінің, қаржы полициясының қызметкерлеріне, олардың отбасы мүшелері мен осы ведомстволардың зейнеткерлеріне медициналық көмек Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ұйымдастырылады.

Қызметін өткеріп жатқан жерде немесе тұрғылықты жерінде олар болмаса немесе ведомстволық медициналық ұйымдарда тиісті бөлімшелер, мамандар не арнайы жабдықтар болмаса, медициналық көмек тегін медициналық көмектің кепілді көлемі шеңберінде медициналық ұйымдарда көрсетіледі.

**112-бап. Иондаушы сәуленің әсеріне ұшыраған азаматтарға медициналық көмек көрсету**

1. Иондаушы сәуленің әсеріне ұшыраған азаматтарға медициналық көмекті Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес алады.

2. Иондаушы сәуленің әсеріне ұшыраған азаматтардан қан мен тін алу, оларды сақтау және пайдалану тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

**113-бап. Бас бостандығы шектеулі азаматтарға медициналық көмек көрсету**

Бас бостандығы шектеулі, сондай-ақ сот үкімі бойынша жазасын бас бостандығынан айыру орындарында өтеп жүрген, арнайы мекемелерге орналастырылған азаматтарға медициналық көмек денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган және ішкі істер, әділет органдары қылмыстық-атқару жүйесі, ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс уәкілетті органдары белгілейтін тәртіппен көрсетіледі.

## **20-тарау. Денсаулық сақтау саласындағы жекелеген қатынастарды реттеу**

### **114-бап. Хирургиялық араласу, қан құю және диагностиканың инвазиялық әдістерін қолдану тәртібі**

1. Хирургиялық араласу, қан құю, диагностиканың инвазиялық әдістері науқастардың жазбаша келісімімен қолданылады.

Сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған, психикасы бұзылудан (аурулардан) зардап шегетін науқастарға, он сегіз жасқа толмаған адамдарға хирургиялық араласу, қан құю, диагностиканың инвазиялық әдістері олардың заңды өкілдерінің жазбаша келісімімен ж а с а л а д ы .

2. Медицина қызметкерлері тіршілік сақтау айғақтары бойынша хирургиялық араласуға кірісіп кеткен және оны тоқтату осы адамның өмірі мен денсаулығына қауіп төндіруіне байланысты мүмкін болмаған жағдайларды қоспағанда, келісім кері қ а й т а р ы п а л ы н у ы м ү м к і н .

3. Хирургиялық араласуды, қанды және оның препараттарын құюды, диагностиканың инвазиялық әдістерін қолдануды кідірту науқастың өміріне қауіп төндіретін, ал науқастың немесе оның заңды өкілдерінің келісімін алу мүмкін болмаған жағдайда, дәрігер немесе консилиум науқасты немесе оның заңды өкілдерін қолданылған шаралар туралы кейіннен хабардар ете отырып, шешім қабылдайды.

### **115-бап. Биологиялық өлімді анықтау. Өмірге дем беріп тұрған аппаратураны тоқтатудың жағдайлары**

1. Биологиялық өлімді медициналық қызметкер мынадай белгілердің жиынтығы н е г і з і н д е р а с т а й д ы :

1) жүрек қызметінің тоқтауы;

2) тыныс алудың тоқтауы;

3) орталық жүйке жүйесі жұмысының тоқтауы.

2. Өмірге дем беру жөніндегі жасанды шаралар тек қана:

1) биологиялық елім расталған;

2) маман дәрігерлердің консилиумы бас миының біржола семуін тіркеген кезде, жақын туыстарының және (немесе) заңды өкілдерінің бірауызды жазбаша келісімі болған кезде тоқтатылуы мүмкін.

### **116-бап. Эвтаназия**

Эвтаназияны жүзеге асыруға тыйым салынады.

### **117-бап. Анатомиялық сый**

1. Анатомиялық сый - іс-әрекетке қабілетті адам тиісінше ресімдеген өсиеті арқылы жүзеге асыратын, өз денесінің бөліктерін, органдарын және тіндерін тірі кезінде де, қайтыс болғаннан кейін де жазбаша өкім жасау арқылы өз еркімен құрбандыққа беруі.

2. Анатомиялық сый туралы деректер жария етуге жатпайды.

3. Өсиет етілген органдар мен тіндерден басқа, табылған күннен бастап қырық бес

күн ішінде танылмаған және сұрауы болмаған адамдардың мәйіттері де анатомиялық сый ретінде танылады.

4. Анатомиялық сый биомедициналық зерттеулер жүргізу үшін ғылыми, ғылыми-практикалық және оқу мақсаттарында пайдаланылуы мүмкін.

5. Анатомиялық сыйды денсаулық сақтау ұйымдарына жасау мен берудің тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

**5-бөлім. Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қызмет және қоғамдық денсаулықты сақтау**

**21-тарау. Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қызмет**

**118-бап. Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет жүйесі**

Қазақстан Республикасының санитарлық-эпидемиологиялық қызметі мемлекеттік органдар, сондай-ақ санитарлық-эпидемиологиялық қызмет ұйымдары кіретін бірыңғай жүйе болып табылады.

1. Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдарына:

1) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік орган, оның тиісті аумақтардағы, көліктегі және көліктегі аумақтық бөлімшелері;

2) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың бөлімшелері жатады.

2. Санитарлық-эпидемиологиялық қызметке кіретін ұйымдар:

1) республикалық санитарлық-эпидемиологиялық станция;

2) Мемлекеттік шекарада, аумақтарда, көлікте, сондай-ақ мемлекеттің лауазымды тұлғаларының қатысуымен ресми іс-шаралар өткізу кезінде санитарлық-эпидемиологиялық сараптаманы жүзеге асыратын мемлекеттік ұйым;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын республикалық ғылыми-зерттеу ұйымдары;

4) обаға қарсы мемлекеттік мекемелер болып табылады.

**119-бап. Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық нормалау**

1. Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық нормалау: нормативтік құқықтық актілердің негіздемесі бойынша бірыңғай талаптарды әзірлеуді және олардың әзірленуін бақылауды; нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуді (қайта әзірлеуді), сараптауды, бекіту мен жариялады;

нормативтік құқықтық актілерді зерделеуді, қолдану практикасын қорытындылауды, қолданылуын бақылады;

халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің бірыңғай деректер банкін түзу мен жүргізуді;

санитарлық-эпидемиологиялық нормалау мемлекеттік жүйесінің құжаттарын жалпыға бірдей қабылданған халықаралық талаптарымен үйлесімді етуді қамтиды.

2. Санитарлық-эпидемиологиялық нормалау мемлекеттік жүйесінің құжаттары санитарлық ережелер, гигиеналық нормативтер, нұсқаулықтар, әдістемелік ұсынымдар, әдістемелік нұсқамалар, әдістемелер, бұйрықтар, регламенттер, ережелер мен стандарттар болып табылады.

3. Санитарлық-эпидемиологиялық нормалау мемлекеттік жүйесінің құжаттарын әзірлеу мен бекіту тәртібін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

4. Санитарлық ережелер - оларды сақтамау адамның өмірі немесе денсаулығына қауіп төндіретін, сондай-ақ аурулардың пайда болуы мен таралуына қатер төндіретін санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды (оның ішінде тіршілік ету факторларының, кәсіпкерлік және өзге де қызметтің, өнімдер, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің адам үшін қауіпсіздігі және (немесе) зиянсыздығының өлшемдері) белгілейтін халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілер болып табылады.

5. Гигиеналық норматив - адам үшін оның қауіпсіздігі және (немесе) зиянсыздығы тұрғысынан алғанда, зерттеулерде белгіленген белгілі бір тіршілік ету ортасын сипаттайтын көрсеткіштің жол берілетін ең жоғары немесе ең төменгі сапалық және (немесе) сапалық шамасы.

6. Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілер, гигиеналық нормативтер Қазақстан Республикасының аумағындағы барлық жеке және заңды тұлғалар орындауы үшін міндетті.

7. Мемлекеттік органдар халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы мәселелеріне қатысты өздерінің нормативтік құқықтық актілерін әзірлеу мен бекіту кезінде оларды халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен келісуге міндетті.

8. Нормативтік-техникалық сипаттағы санитарлық ережелер, гигиеналық нормативтер мемлекеттік тіркеуге жатпайды.

## **120-бап. Санитарлық-эпидемиологиялық талаптар**

Санитарлық ережелер, гигиеналық нормативтер:

1) өндірістік, қоғамдық, тұрғын үй және басқа да үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды, жабдықтарды, көлік құралдарын күтіп ұстау мен пайдалануға;

2) құрылыс салуға жер учаскесін таңдауға;

3) объектілерді ұстауға, пайдалануға, жобалауға, салуға және пайдалануға беруге;

4) өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдерге;

5) шаруашылық-тұрмыстық және гигиеналық мақсаттағы тауарларға және оларды өндіру технологияларына;

6) тамақ өнімдеріне, оларды өндіруге, тасымалдауға, сақтауға және сатуға, кәдеге жарату және жоюға;

- 7) Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін өнімдерге;
- 8) халықтың арнаулы, емдік-профилактикалық, балалар тағамын, диеталық және қоғамдық тамақтануын ұйымдастыруға;
- 9) химиялық заттарды, биологиялық және дәрі-дәрмек заттары мен материалдарын қолдануға;
- 10) су көздеріне (шаруашылық-ауыз су үшін су жинау орындарында) шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және мәдени-тұрмыстық су пайдалану орындарына;
- 11) қалалық және селолық елді мекендердегі, өнеркәсіп ұйымдары аумақтарындағы атмосфералық ауаға, өндірістік, тұрғын үйдің және басқа да үй-жайлардың ауасына;
- 12) топырақ пен оның қауіпсіздігіне, қалалық және селолық елді мекендердің, өнеркәсіп алаңдарының аумақтарын күтіп-ұстауға;
- 13) өндіріс пен тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, зарарсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге;
- 14) еңбек, тұрмыстық қызмет көрсету, медициналық қамтамасыз ету арнайы және емдеу-профилактикалық тамақтану жағдайларына;
- 15) биологиялық заттармен, биологиялық және микробиологиялық организмдермен және олардың токсиндерімен жұмыс істеу жағдайларына;
- 16) адамға әсер етудің физикалық факторлардың көздерімен жұмыс істеу жағдайларына;
- 17) халықтың әртүрлі топтарын тәрбиелеу, оқыту және өндірістік практика жағдайларына;
- 18) халықты гигиеналық тәрбиелеуге және оқытуға;
- 19) радиациялық, химиялық, микробиологиялық, токсикологиялық, паразитологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге;
- 20) жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді ұйымдастыруға, шикізаттың жаңа түрлеріне, технологиялық жабдықтар мен процестерге, құрал-саймандарға, азық-түлік шикізаты мен тамақ өнімдеріне, құрылыс материалдарына, ион сәулелерінің көздеріне, ыдысқа, химиялық, биологиялық және дәрі-дәрмек заттарына, орайтын және полимерлік материалдарға, парфюмерлік-косметикалық, полиграфиялық өнім мен кеңінен тұтынылатын басқа да тауарларға әзірленетін нормативтік-техникалық құжаттамаға (стандарттарға, техникалық шарттарға, рецептілерге);
- 21) дезинфекциялық, дератизациялық және дезинсекциялық құралдарды, жабдықтарды, материалдарды әзірлеуді, сынауды, дайындауды, өндіруді, сақтауды, тасымалдауды, сатуды, қолдануды, дезинфекция қызметі объектілерін ұстау мен пайдалануды қамтитын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді ұйымдастыру және жүзеге асыру, сондай-ақ жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тиімділігі мен қауіпсіздігін бақылау;
- 22) медициналық мақсаттағы бұйымдарды стерилизациялау мен дезинфекциялауды

ж ү р г і з у

ш а р т т а р ы н а ;

23) дәрілік заттардың өнеркәсіптік өндірісінің жағдайларына;

24) тамақ өнімдерін йод, темір мен микроэлементтер қосылыстарымен байытатын  
т ұ з д ы й о д т а у ғ а ;

25) ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық заттарды қолдану мен пайдалануға және олардың жол берілетін шекті шоғырлануына;

26) оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағын санитарлық қорғауды жүзеге асыру жөніндегі санитарлық-індетке қарсы (профилактикалық) іс-шараларды, шектеу іс-шараларын енгізу, оның ішінде жұқпалы және паразитарлық аурулармен науқастарға қатысты карантиндік іс-шараларды енгізу, медициналық қарауды жүргізу, халықты профилактикалық егу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге;

27) шикізатты сақтау және қайта өңдеуге;

28) объектілерді кәріздеуге, жарықтандыруға, вентиляциялауға және сумен  
қ а м т а м а с ы з е т у ғ е :

29) жүктерді, улы заттарды тасымалдау мен сақтауға;

30) жолаушылар мен жүктерді тасымалдау шарттарына;

31) объектілерді жоюға, консервациялауға, бейінін қайта өзгертуге;

32) өндірістік бақылауды жүзеге асыруға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды белгілейді.

## **121-бап. Санитарлық-эпидемиологиялық мониторинг**

1. Санитарлық-эпидемиологиялық мониторинг халықтың денсаулығы мен тіршілік ету ортасының жай-күйін бақылаудың, оларға талдау жасаудың, бағалау мен болжам жасаудың, сондай-ақ халықтың денсаулығының жай-күйі мен тіршілік ету ортасы факторлары әсері арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды анықтаудың мемлекеттік ж ү й е с і б о л ы п т а б ы л а д ы .

2. Санитарлық-эпидемиологиялық мониторингті санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органдары мен ұйымдары денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырады.

## **122-бап. Жұқпалы, паразиттік аурулар таралуының және халықтың улануының алдын алу**

1. Жұқпалы, паразиттік аурулар мен уланулардың пайда болуының және таралуының алдын алу мақсатында санитарлық-эпидемиологиялық нормалаудың мемлекеттік жүйесінің құжаттарында көзделген санитарлық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шаралар, соның ішінде Қазақстан Республикасының аумағын санитарлық қорғауды, шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантин енгізуді, өндірістік бақылау жасауды жүзеге асыру, жұқпалы және паразиттік аурулармен ауыратын науқастарға қатысты шараларды жүзеге асыру, азаматтарды медициналық қарауды, профилактикалық егулерді, гигиеналық тәрбие беру мен оқытуды жүргізу жөніндегі

іс-шаралар

жүргізіледі.

2. Санитарлық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шаралар аумақтарды дамыту және өзге де өңірлік бағдарламаларға енгізілуге тиіс.

3. Жұқпалы, паразиттік аурулармен ауыратын науқастар мен жұқпалы, паразиттік аурулармен ауырады деп күдік туғызатын адамдар және бактерия таратушылар оқшауландырылуға және емделуге тиіс, олармен қарым-қатынаста болған адамдар медициналық қадағалауға алынады және қажет болған кезде оқшауландырылады және емделеді.

4. Айналасындағылар үшін қауіп төндіретін созылмалы жұқпалы, паразиттік аурулармен ауыратын науқастар мен созылмалы бактерия таратушылар Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыстан уақытша шеттетілуі тиіс.

### **123-бап. Қазақстан Республикасының аумақтарын санитарлық қорғау**

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінде халық денсаулығына қауіп төндіретін жолаушыларға, экипаждарға, поезд бригадаларына, көлік құралдарына, жүктерге санитарлық-эпидемиологиялық бақылау жасау жүзеге асырылуға тиіс.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде (санитарлық-карантиндік пункттерде) санитарлық- карантиндік бақылауды халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелері жүргізеді.

3. Қазақстан Республикасының заңнамасында әкелінуіне тыйым салынатын қауіпті жүктер мен тауарларды, сондай-ақ оларға қатысты жұқпалы аурулардың немесе жаппай жұқпалы емес аурулар мен уланулардың пайда болуы мен таралу қаупін төндіреді деп белгіленген жүктер мен тауарларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге жол берілмейді.

### **124-бап. Жұқпалы аурулар эпидемиясы пайда болу қаупі төнген жағдайда шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантин енгізудің шарттары**

1. Жұқпалы және паразиттік аурулардың әкеліну және таралу қаупі болған жағдайда осы Кодекске сәйкес уәкілетті органдар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде және тиісті аумақтарда шектеу іс-шараларын, оның ішінде кәсіпкерліктің және (немесе) өзге шаруашылық қызметтің және халық тіршілігінің айрықша жағдайларымен карантин енгізеді.

2. Шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда орталық және жергілікті атқарушы органдардың, жеке және заңды тұлғалардың қызметін үйлестіру жөніндегі жедел басшылық жасау індетке қарсы республикалық және аумақтық төтенше комиссияларға жүктеледі.

3. Шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин жекелеген объектілерде тиісті

аумақтың (көліктегі) бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің немесе оның орынбасарларының, сондай-ақ ведомстволық объектілерде халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың бөлімшелері басшыларының шешімімен енгізіледі ( т о қ т а т ы л а д ы ) .

4. Шектеу іс-шараларын, соның ішінде карантинді жүзеге асыру тәртібін және пайда болуы мен таралу қаупі болған кезде шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантин енгізілетін жұқпалы аурулар тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

#### **125-бап. Жұқпалы, паразиттік, кәсіби аурулар мен улану оқиғаларын тіркеу және тексеру**

1. Жұқпалы, паразиттік, кәсіби аурулар мен уланулардың барлық оқиғаларын, олардың анықталу орны бойынша денсаулық сақтау ұйымдары тіркеуге алуға, Қазақстан Республикасы мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметінің мемлекеттік органдары мен ұйымдары мемлекеттік есепке алу мен есептілік жүргізуге тиіс. Аталған аурулар мен улану оқиғаларының мемлекеттік есебін жүргізу тәртібін, сондай-ақ олар бойынша есеп беруді жүргізу тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

2. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мамандары жұқпалы, паразиттік, кәсіби аурулардың және адамдардың улану оқиғаларына тексеру жүргізуге тиіс.

#### **126-бап. Дезинфекциялық, дератизациялық және дезинсекциялық іс-шаралар**

1. Жұқпалы және паразиттік аурулардың пайда болуының, таралуының алдын алу мақсатында жеке кәсіпкерлер, жеке және заңды тұлғалар өз қаражаты есебінен эпидемиологиялық көрсеткіштер мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметі лауазымды адамдарының ұйғарымдары, қаулылары бойынша өз қаражаты есебінен жұқпалы және паразиттік аурулардың қоздырғыштарын жоюға (дезинфекциялық), жәндіктерді, басқа буын аяқтыларды жоюға (дезинсекциялық) және кеміргіштерді жоюға (дератизациялық) бағытталған іс-шаралар жүргізуге міндетті.

2. Төтенше эпидемия жағдайлары пайда болған кезде мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдарының ұсынуы бойынша облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органдарының шешімімен бюджет қаражаты есебінен кезектен тыс міндетті дезинфекциялық, дератизациялық және дезинсекциялық іс-шаралар жүргізіледі.

3. Ошақтық дезинфекцияны медициналық ұйымдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының санитарлық-эпидемиологиялық қызметі ұйымдары жүргізеді.



## **22-тарау. Қоғамдық денсаулықты сақтау**

### **127-бап. Аурулар профилактикасының мақсаты мен түрлері**

1. Профилактиканың мақсаты аурулардың туындауы немесе өршуінің, сондай-ақ олардың зардаптары мен асқынуының алдын алу болып табылады.

2. Профилактика бастапқы, қайталама және жалғаспалы болып бөлінеді.

Бастапқы профилактика (жаппай және жеке) аурулардың туындауының алдын алу мақсатында тіршілік ету үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған.

Қайталама профилактика аурулардың алдыңғы кезеңдерде өршуінің және олардың салдарларының алдын алуға бағытталған.

Жалғаспалы профилактика өршіген асқынуды, органдар мен тіндердің зақымдануын бақылауға бағытталған.

### **128-бап. Салауатты өмір салтын насихаттау**

Салауатты өмір салтын насихаттау салауатты өмір салтын қалыптастыруды, ақпараттық қамтамасыз ету жолымен ұтымды тамақтану және аурулардың профилактикасын, тұрмыс салтымен байланысты денсаулық сақтау әрі аурулардың алдын алу мәселелерінде халықты гигиеналық оқыту және тәрбиелеуді қамтиды.

Салауатты өмір салтын насихаттауды денсаулық сақтау субъектілері денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның үйлестіруімен және әдістемелік басшылығымен басқа да мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, халықаралық ұйымдардың, қоғамдық бірлестіктердің қатысуымен қамтамасыз етеді.

### **129-бап. Медициналық қарау**

1. Медициналық қарауды өткізудің басты мақсаты денсаулықты қалыптастыруға әрі нығайтуға, аурулардың алдын алуға, анықтауға және таралуының алдын алуға, оның ішінде кәсіби аурулардың, уланулардың, жазатайым оқиғалардың алдын алуға бағытталған уақтылы медициналық тексерулерді жүргізуді қамтамасыз ету, сондай-ақ қандай да бір ұйымдар қызметкерлерінің, қандай да бір шаруашылық және (немесе) өндірістік қызметті жүзеге асыратын адамдардың еңбек қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету болып табылады.

2. Медициналық қарау міндетті және профилактикалық болып табылады.

3. Міндетті медициналық қарау алдын ала және мерзімдік болып бөлінеді.

Міндетті алдын ала медициналық қараулар кәсіби немесе оқуы бойынша міндеттерін орындауға жарамдылығын анықтау, сондай-ақ жалпы, кәсіптік, аурулардың алдын алу және жұқпалы әрі паразитарлық аурулардың таралуының алдын алу мақсатында жұмысқа кіру немесе оқуға түсу кезінде жүргізіледі.

Мерзімдік міндетті медициналық қараулар жұмыс істеушілер денсаулығы жай-күйін динамикалық бақылауды, аурулардың бастапқы нышандарын уақтылы анықтау, жалпы, кәсіби аурулардың алдын алу және жұқпалы әрі паразитарлық аурулардың таралуының алдын алу мақсатында жүргізіледі.

Міндетті медициналық қараулар өткізілетін зиянды өндірістік факторлардың,

кәсіптердің тізбесін, сондай-ақ осы қарауларды өткізудің тәртібі мен кезеңділігін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

Жұмыс берушілер өз қаражаты есебінен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы қараулардан өтуге тиіс қызметкерлердің мерзімдік міндетті медициналық қараулардан уақтылы өтуін қамтамасыз етеді.

4. Профилактикалық медициналық қараулар жаппай және іріктелген болып бөлінеді.

Жаппай медициналық қараулар ауруларды ертерек анықтау және аурулардың өршуінің, олардың туындауына әсер ететін қатер факторларының алдын алу, халықтың денсаулығын қалыптастыру әрі нығайту мақсатында халықтың нысаналы топтарына жаппай әдіспен жүргізіледі.

Іріктеп медициналық қарау белгілі бір аурудан зардап шегетін немесе қатер тобына жататын азаматтардың ауруларын емдеу әрі оларды қалыпқа келтіру жөніндегі іс-шаралар кешенін жүзеге асыратын динамикалық бақылау мақсатында жүргізіледі.

Профилактикалық медициналық қарауға жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ осы қарауды өткізудің тәртібі мен кезеңділігін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган олардың тиімділігі, қауіпсіздігі және экономикалық орындылығы туралы дәлелденген ғылыми деректер негізінде белгілейді.

Жұмыс берушілер Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тегін медициналық көмектің кепілді көлемінің тізбесіне сәйкес осы қараудан өтуге тиіс адамдардың профилактикалық медициналық қараудан өтуі үшін жағдай жасайды.

Өндірістік және шаруашылық қызметтегі жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар алдын ала немесе мерзімдік медициналық қараулардан өтпеген немесе денсаулығының жай-күйі бойынша жарамсыз деп танылған адамдарды жұмысқа жібермейді.

5. Жеке медициналық кітапшаларды беру, есепке алу және жүргізудің тәртібін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

6. Міндетті және профилактикалық медициналық қараудың уақтылы өткізілуі мен олардан етуді халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласында, медициналық қызмет көрсету саласында қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік органдар және еңбек жөніндегі уәкілетті органның мемлекеттік инспекторлары бақылайды.

### **130-бап. Профилактикалық егулерді жүргізу**

1. Қазақстан Республикасының аумағында жүрген жеке тұлғалар тегін медициналық көмектің кепілді көлемі шеңберінде жұқпалы және паразиттік ауруларға қарсы профилактикалық егу алуға міндетті.

2. Профилактикалық егулер жүргізілетін аурулар тізбесін, тәртібін, оларды жүргізу мерзімдерін және жоспарлы түрде егілуі тиіс халық топтарын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

3. Профилактикалық препараттарды (иммунологиялық, диагностикалық,

дезинфекциялық) сақтау, тасымалдау және пайдалану денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылуы тиіс.

### **131-бап. Жұқпалы емес аурулардың, оның ішінде кәсіби аурулардың және травматизмнің профилактикасы**

1. Жұқпалы емес аурулардың, оның ішінде кәсіби аурулардың профилактикасы м ы н а л а р д ы қ а м т и д ы :

1 ) м ы н а л а р :  
салауатты өмір салтын насихаттау;  
бұқаралық ақпарат құралдары, ғылыми-көпшілік басылымдар, аурулар профилактикасы мәселелері бойынша оқытатын бағдарламалар арқылы халықты х а б а р д а р е т у ;

созылмалы жұқпалы емес аурулардан зардап шегетін адамдарды қажетті өзіне көмек көрсету әдістеріне үйрету жөніндегі денсаулық мектептерін ұйымдастыру а р қ ы л ы ;

бастапқы медициналық-санитарлық көмек мамандарының, сондай-ақ жұмыс істеушілердің кәсіби ауруларының - халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салуаттылығы саласында қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мамандарының өздеріне бекітілген халықтың ауыруы қатеріне мониторингі;

олардың өкілеттігі шегінде мемлекеттік органдардың, сондай-ақ меншік нысанына қарамастан өзге де органдар мен ұйымдардың, сондай-ақ жеке кәсіпкерлердің ауру қатерінің өндірістік факторлары әсерін барынша азайту;

4) созылмалы инфекциялық, оның ішінде кәсіби аурулары бар адамдарды халыққа медициналық қарау жүргізу, олардың ертерек дәрігерге қаралуына уәждеу арқылы а н ы қ т а у ;

5) жекелеген санаттарды амбулаторлық дәрілік қамтамасыз етуді, қалпына келтіру емі мен медициналық-әлеуметтік оңалтуды қоса алғанда, созылмалы аурулары бар адамдарды, оның ішінде кәсіби аурулары бар адамдарды динамикалық бақылау және у а қ т ы л ы с а у ы қ т ы р у ;

б) созылмалы аурулардан, оның ішінде кәсіби аурулардан зардап шегетін адамдарды, сондай ауруы бар екеніне немесе олардың өршуіне күмән болған кезде оларды медициналық ұйымның қорытындысы бойынша денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен медициналық көрсетім бойынша басқа жұмысқа уақытша немесе тұрақты түрде ауыстыру арқылы ауыру қатерінің мінез-құлықтық факторларының профилактикасы және халықтың медициналық сауаттылығын арттыру.

2. Травматизмнің профилактикасын сектораралық деңгейде олардың өкілеттігі шегінде мемлекеттік органдар, жеке тұлғалар, сондай-ақ меншік нысанына қарамастан заңды тұлғалар жүзеге асырады.

### **132-бап. Психоактивті заттарға тәуелділіктің профилактикасы**

1. Психоактивті заттарға тәуелділіктің профилактикасы (алкоголь, есірткілер, психотроптық заттар, психостимуляторлар, галлюциногендер, ұшпалы ерітінділер, темекі) мыналарды қамтиды:

1) психоактивті заттарға тәуелділіктің зияны, сондай-ақ оларды қолданудың медициналық-әлеуметтік-құқықтық аспектілері туралы білімді насихаттау;

2) психоактивті заттар айналымы саласындағы жарнамаға тыйым салу, психоактивті заттарды әзірлеу тәсілдері, әдістері мен пайдалануды, психоактивті заттарды сатып алу орындарында насихаттауға тыйым салу, сондай-ақ мамандандырылған медициналық басылымдарда құрамында есірткі заттары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік препараттар жарнамасын шектеу;

3) психоактивті заттарды қолданудан туындаған психикалық және мінез-құқықтық ауытқуы бар қатер топтарындағы адамдарды профилактикалық бақылау және есепке алу ;

4) тәуелділіктен зардап шегуші адамдарды ерікті түрде жасырын емдеу;

5) нашақорларды ерікті түрде медициналық-санитарлық оңалту.

2. Психоактивті заттарға тәуелділіктің профилактикасын барлық жеке, сондай-ақ заңды тұлғалар олардың құқықтары шегінде жүзеге асырады.

### **133-бап. Темекі тартудың профилактикасы және оны шегуді шектеу**

1. Темекі тартудың профилактикасы және оны шегуді шектеу халықтың денсаулығын сақтауға, темекі бұйымдарын сатып алуға құқылы адамдарға жас мөлшерін шектеу, кәмелетке толмағандар арасында темекі шегуді болдырмау, темекі тартудың зиянды зардаптары, темекі тартудан туындаған аурушаңдық пен өлімділік туралы ақпаратты тарату, темекі тартуға денсаулық пен өмірге қатердің артуы факторына халықтың көзқарасын қалыптастыру, темекі тарту таралуының алдын алу жөнінде келіскен іс-шаралар жүргізу.

2. Халықтың денсаулығын сақтау мақсатында темекі бұйымдарының жарнамасы жарнама туралы заңнамада көзделген шектеулермен жүзеге асырылады.

3. Мынадай жағдайларда:

1) он сегіз жасқа дейінгі адамдарға;

2) ашық қораптан немесе бір данадан сатуға;

3) сатушысыз, сауда автоматтары, өзге де электронды немесе механикалық құрылғылар арқылы ;

4) денсаулық сақтау, білім беру, физкультуралық-сауықтыру ұйымдарының ғимараттарында, спорт және спорт-техникалық ғимараттарда, стадиондарда сатуға;

5) өнім сапасын растайтын тиісті құжаттарсыз;

6) акциздік маркамен немесе есептік-бақылау маркаларымен таңбалаусыз;

7) егер темекі қорабында жиырма сигареттен аз болса;

8) қорапқа құрамында шайырлы заттар мен никотиннің деңгейі туралы деректер

енгізілмесе;

9) қорапқа темекі тартудың зияны туралы ескерту енгізілмесе, темекі бұйымдарын сатуға тыйым салынады.

4. Темекі бұйымдарын сату жүзеге асырылатын орындарда, кассалық аппаратта немесе олардың жанында көрнекі орында мынадай мазмұндағы жазба: "Он сегіз жасқа дейінгі адамдарға темекі бұйымдарын сатуға тыйым салынады.", сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен темекінің зияны туралы ескерту болуы тиіс.

5. Олардың түрі он сегізден жас болып көрінетін азаматтарға темекі сату кезінде темекі бұйымдарын сатуды жүзеге асыратын адамдар:

1) сатып алушының жасын анықтау мақсатында жеке басын куәландыратын құжатты ұсынуды талап етуге;

2) егер жеке басын куәландыратын құжатты ұсынбаса темекі бұйымдарын сатудан бас тартуға міндетті.

6. Мынадай жерлерде:

1) білім беру ұйымдарында, сондай-ақ кәмелетке толмағандар дем алатын ұйымдарда;

2) денсаулық сақтау ұйымдарында;

3) қоғамдық тамақтандыру пункттерінде;

4) кинотеатрларда, театрларда, цирктерде, концерт, байқау және көрме залдарында, спорт ареналарында және жаппай демалысқа арналған басқа да жабық ғимараттарда;

5) мұражайларда, кітапханаларда және лекторийлерде;

6) жергілікті және алыс қатынастағы поездардағы әуе, теңіз және өзен көлігі кемелеріндегі, сондай-ақ қалалық, қалааралық автобустарда, маршруттық таксилерде және қалалық электр көлігіндегі белгіленбеген орындарда;

7) әуежайлардың, темір жол, автомобиль және су вокзалдарының ғимараттарында;

8) мемлекеттік органдар мен ұйымдарда темекі тартуға тыйым салынады.

7. Егер темекі тарту үшін арнайы жабдықталған орындар болса, осы баптың 6-тармағының 3), 6), 7) тармақшаларында белгіленген нормалар қолданылмайды.

8. Жұмыс берушілер темекі тарту үшін арнайы жабдықталған орындар бөлуге, осы мақсатқа арналмаған туалеттік бөлмелер мен үй-жайларда темекі тартуға тыйым салынады.

9. Темекі тартуға арнайы бөлінген орындар тиісті санитарлық ережелерге сәйкес жабдыкталуы тиіс.

### **134-бап. Темір тапшылығы жай-күйінің профилактикасы**

1. Темір тапшылығы жай-күйінің профилактикасы жөніндегі іс-шаралар:

1) мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасында байытылған тамақ өнімдерінің өндірісіне, оларды әкелуге, әкетуге, өткізуге және айналымының басқа да сатыларында қойылатын талаптарды қамтамасыз

ету мен сақтауға жауапкершілік;

2) құрамында темір бар препараттармен халықтың нысаналы топтарын профилактикалық қамтамасыз ету;

3) темір тапшылығы анемиясынан зардап шегетін адамдардың денсаулық сақтау ұйымдарында медициналық көмек алуға қол жеткізуі;

4) ұнды және өзге де тамақ өнімдердің құрамында темір бар витаминдік-минералдық қоспалармен, препараттармен және өзге де ингредиенттермен байыту (фортификация) принциптерімен жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасының аумағында сатылатын жоғары және бірінші сортты бидай ұны міндетті түрде құрамында темір бар витаминдік-минералдық қоспалармен, препараттармен және өзге де ингредиенттермен байытылуға (фортификация) тиіс.

Тамақ өнімдерін құрамында темір бар витаминдік-минералдық қоспалармен, препараттармен және өзге де ингредиенттермен байыту (фортификация) тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

### **135-бап. Йод тапшылығы ауруларының профилактикасы**

1. Йод тапшылығы ауруларының профилактикасы жөніндегі іс- шаралар:

1) мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасында йодталған ас тұзы мен жемдік тұз өндірісіне, оларды әкелуге, әкетуге, өткізуге қойылатын талаптарды қамтамасыз ету мен сақтауға жауапкершілік;

2) йод тапшылығы ауруларынан зардап шегетін адамдардың денсаулық сақтау ұйымдарында медициналық көмек алуға қол жеткізуі;

3) йодталған ас тұзының және йод қосындыларымен байытылған басқа да тамақ өнімдерінің зиянды әсерінің салдарынан денсаулығынан айырылған жағдайда азаматтардың құқықтарын қорғау принциптерінде жүзеге асырылады.

2. Ас тұзын және жемдік тұзды йодтау Қазақстан Республикасының йод тапшылығы ауруларының профилактикасы туралы заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

### **6-бөлім. Донорлық және транспланттау**

#### **23-тарау. Қан мен оның компоненттерінің донорлығы**

#### **136-бап. Донорлық, қан мен оның компоненттерін және препараттарын дайындау**

1. Қан мен оның компоненттерінің донорлығы (бұдан әрі - донорлық) деп қан мен оның компоненттерін медициналық мақсаттар үшін тапсыру (донация) арқылы азаматтардың денсаулығын сақтауға донорлардың ерікті түрде қатысуы болып табылады.

2. Қан мен оның компоненттерін дайындау - донордан қан алуды оны консервациялауды және компоненттерге бөлуді қамтитын іс-шаралар кешенін қамтиды.

3. Қан мен оның компоненттерін дайындау процесін мыналарды қамтиды:

1) қан донациясы - донор тапсыратын қанның біржолғы алынуы;

2) плазма донациясы - плазмаферез әдісімен қан плазмасының біржолғы алынуы.

Алынатын плазманың иммундық сипаттамасына қарай:

қан препараттары мен диагностикалық реагенттер өндіру үшін пайдаланылатын, белгілі бір концентрациядағы табиғи өзіндік белок құрылымдары (изоиммундық қарсы денелер) құрамында бар изоиммундық плазма;

құрамында табиғи немесе жасанды түрдегі белгілі бір концентрациядағы табиғи өзіндік белок құрылымдары (изоиммундық қарсы денелер) бар және ауру қоздырғыштардың белгілі бір түрлеріне өзара емдік іс-әрекетті нысаналы түрде жасауға қасиеті бір иммундық плазма. Иммундық плазма реципиентке құю немесе қан препараттарын өндіру үшін қолданылады.

3) клеткалар донациясы - цитаферез әдісімен донордың қанының клеткаларын біржолғы алу.

4. Қанды дайындау және өңдеу процесінде:

1) қан компоненттерін - одан клеткалар және клеткасыз орта түрінде алынатын қанның құрамдас бөліктері;

2) қан препараттары - қан компоненттерін қайта өңдеу кезінде алынатын дәрілік заттар.

5. Қанды, оның компоненттерін дайындау, қайта өңдеу, сақтау, өткізу, сондай-ақ қанды, оның компоненттері мен препараттарды сақтау, қан құю ережелерін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

**137-бап. Денсаулық сақтау ұйымдары және донорлық, қанды, оның компоненттері мен препараттарды дайындау саласындағы қызметті жүзеге асыратын ұйымдар**

1. Қан мен оның компоненттерін дайындауды, өңдеуді, сақтауды және өткізуді тиісті лицензиясы бар мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары жүзеге асырады.

2. Қан препараттарын өндіруді тиісті лицензиясы бар ұйымдар жүзеге асырады.

3. Қан мен оның компоненттерін және препараттарды дайындау саласындағы қызметті жүзеге асыратын ұйымдар олардың сапасы үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жауаптылықта болады.

4. Қан мен оның компоненттерін, қан препараттарын құюды (реципиент ағзасына енгізу) жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары реципиенттің денсаулығы үшін Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен жауаптылықта болады.

5. Қан құю қызметі саласындағы ұйымдар шығаратын қан мен оның компоненттері, қан препараттары, консервациялау құралдары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндетті бақылауға жатады.

6. Қазақстан Республикасының аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде

төтенше немесе соғыс жағдайы жарияланған кезде донорлықты ұйымдастыру Қазақстан Республикасының төтенше немесе соғыс жағдайы туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

### **138-бап. Донорлық қанның, оның компоненттерінің қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз ету**

1. Қан мен оның компоненттерінің қауіпсіздігі карантиндеу, вирусинактивация, радиациялық сәуле және Қазақстан Республикасының аумағында рұқсат етілген басқа да әдістер арқылы қамтамасыз етіледі.

2. Қан мен оның компоненттері денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілейтін тәртіппен сапасы бақылануға жатады.

3. Донорлық қанды, оның компоненттерін, препараттарды тиісінше таңбаланғанға дейін пайдалануға немесе өткізуге тыйым салынады.

4. Қанды, оның компоненттерін, препараттарды құюды жүзеге асыратын ұйымдар мен медициналық қызметкерлер оларды қауіпсіз қолдану жөніндегі тиісті талаптардың сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

### **139-бап. Донор, оның құқықтары мен міндеттері**

1. Тиісті медициналық тексеруден өткен және қан тапсыру үшін денсаулығының жарамсыз көрсеткіштері жоқ, медициналық мақсаттар үшін қан мен оның компоненттерін тапсыруға ерікті түрде ниет білдірген он сегіз жастан алпыс жасқа дейінгі жеке тұлға донор болуға құқылы.

2 . Д о н о р :

1) қан мен оның компоненттерін ақысыз немесе Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мөлшердегі ақшалай өтемақы үшін тапсыруға;

2) медициналық тексеру нәтижелерімен танысуға құқылы.

3. Донор зардап шегетін және бұрын ауырған барлық аурулары туралы өзіне белгілі мәліметтерді, сондай-ақ есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды пайдаланғаны туралы хабарлауға міндетті.

Донорлық функцияны орындау кезінде өз денсаулығының жай-күйі туралы өзіне белгілі мәліметтерді қасақана жасырып қалған немесе бұрмалаған адам Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

### **140-бап. Донорды медициналық тексеру**

1. Донор қан мен оның компоненттерін тапсырғанға дейін уәкілетті орган белгілеген тәртіппен тегін медициналық тексеруден өтеді.

2. Донорлық функцияны жүзеге асыру үшін денсаулық жай-күйі туралы анықтамалар мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында тегін беріледі.

### **141-бап. Донорға берілетін кепілдіктер**

1. Медициналық тексеру және қан мен оның компоненттерін тапсыру күндері донор болып табылатын қызметкерді жұмыс беруші орташа айлық жалақысын сақтай отырып , ж ұ м ы с ы н а н б о с а т а д ы .



2. Егер донор болып табылатын қызметкер жұмыс берушімен келісім бойынша қан мен оның компоненттерін тапсыру күндері жұмысқа шықса, оған орташа айлық жалақысын сақтай отырып, өзінің қалауы бойынша басқа демалыс күні беріледі немесе бұл күн жыл сайынғы еңбек демалысына қосылуы мүмкін.

3. Қызметкерді қан мен оның компоненттерін тапсыру күндері түнгі уақыттағы, мерзімнен тыс жұмыстарға, ауыр, зиянды (өте зиянды) және қауіпті (өте қауіпті) еңбек жағдайлары бар жұмыстарға тартуға жол берілмейді.

4. Донор болып табылатын әскери қызметші қан мен оның компоненттерін тапсыру күндері нарядтар, вахталар және қызметтің басқа да нысандарын өткеруден б о с а т ы л а д ы .

5. Донор болып табылатын студенттер, оқушылар қан мен оның компоненттерін тапсыру күндері оқу-тәрбие процесінен босатылады.

6. Донорларды ынталандыру жүйесін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті о р г а н б е к і т е д і .

Донорға қан мен оның компоненттерін тапсыруының жиынтық санын ескере отырып, берілетін қосымша ынталандыру шаралары Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен айқындалады.

7. Донорлық функцияны тегін жүзеге асырған донор қан мен оның компоненттерін тапсырғаннан кейінгі өз қанының көлемін және ағзасының энергетикалық шығындарын толықтыру үшін өз таңдауы бойынша тегін тамақтанады не Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мөлшерде ақшалай баламасын алады.

8. Ақылы негізде донорлық функцияны атқарған донорға Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен және мөлшерде қан мен оның компоненттерін дайындау саласында қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымы ақы төлейді.

**142-бап. Жұмыс берушілер мен ұйымдар басшыларының донорлықты дамытуды қамтамасыз ететін жағдайлар жасау жөніндегі міндеттері**

Жұмыс берушілер мен ұйымдар басшылары:

1) денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарына, мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарына, сондай-ақ қоғамдық ұйымдарға азаматтарды донорлар қатарына тартуына жәрдем көрсетуге;

2) қан мен оның компоненттерін алу үшін қажетті үй-жайларды өтеусіз беруге және жағдай жасауға;

3) донор болып табылатын қызметкерді тексеру және қан мен оның компоненттерін тапсыру күні жұмыстан кедергісіз босатуға;

4) донор болып табылатын қызметкерге осы Кодексте белгіленген кепілдіктерді

б е р у г е

м і н д е т т і .

2. Жұмыс берушілер мен ұйымдар басшылары донорларды қосымша ынталандыруға құқылы.

## **24-тарау. Органдар мен тіндерді транспланттау**

### **143-бап. Органдар мен тіндерді транспланттау және оларды алу шарттары**

1. Транспланттау деп тіндерді және (немесе) органдарды (органдардың бөліктерін) организмнің басқа жеріне немесе басқа организмге ауыстырып салу, сіңістіру түсініледі .

2. Тіндер және (немесе) органдар (органдардың бөліктері) алынатын адам, адамның мәйіті, жануар донор болып табылады.

3. Адамның тіндерін және (немесе) органдарын (органдардың бөліктерін) ықтиярсыз алуға және оларды ауыстырып салуға тыйым салынады.

4. Адамның органдары мен тіндерін сатып алуға-сатуға тыйым салынады.

5. Реципиентпен генетикалық байланыстағы немесе онымен тіні үйлесетін - олардың басқа организмнің тіндеріне сіңісуіне жәрдемдесетін органикалық тіннің имунологиялық қасиеттері бар адам тірі донор болуы мүмкін.

6. Тірі донор жан-жақты медициналық тексеруден өтуі және оның тіндерін және (немесе) органдарын (органдарының бөліктерін) алуға болатындығы туралы маман дәрігерлер консилиумының қорытындысын алуы тиіс.

7. Осы бапта аталғандармен қатар бір мезгілде мына талаптарды сақтағанда ғана:

1) осы Кодекстің 68-бабына сәйкес денсаулығының жай-күйі туралы қажетті ақпаратты алған оның заңды өкілдерінің келісімі;

2) тиісті келісім беруге қабілетті басқа үйлесетін донордың болмауы;

3) реципиент донордың ағасы-інісі немесе апасы-қарындасы болып табылғанда;

4) транспланттау реципиенттің өмірін сақтап қалуға арналса;

5) ықтимал донор алуға қарсылық білдірмесе, кәмелетке толмаған және (немесе) әрекетке қабілетсіз адам болып табылатын тірі донордың органдарын және (немесе) тіндерін алу мүмкін болады .

8. Кәмелетке толмаған және (немесе) әрекетке қабілетсіз адамдардың заңды өкілдерінің келісімі медициналық араласу басталғанға дейін кез келген сәтте кері қайтарылып алынуы мүмкін .

9. Тірі донордан органдарды және (немесе) тіндерді алу оның нотариалды түрде куәландырылған жазбаша келісімімен ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

10. Транспланттау үшін жұп органның бірі, олардың болмауы денсаулықтың біржола бұзылуына әкеп соқтырмайтын органның бір бөлігі немесе тін ғана алынуы мүмкін .

11. Тіндерді және (немесе) органдарды (органдардың бөліктерін) транспланттау мақсатымен алу биологиялық өлім расталған кезде немесе бас миының біржола семуін

(мидың өлімін) дәрігер-мамандардың консилиумы тіркеген жағдайда ғана, органдарды және (немесе) тіндерді алатын сәтте осы адамның тірі кезіндегі немесе оның жұбайының (зайыбының), жақын туыстарының және (немесе) заңды өкілдерінің мұндай алуға жазбаша келіспеушілігі болмаған жағдайда ғана жүргізілуі мүмкін.

Кісі қолынан өлген немесе кісі қолынан өлуіне күдік болған жағдайда транспланттау мақсаты үшін тіндерді және (немесе) органдарды (органдардың бөліктерін) алу қылмыстық процесті жүргізуші органның ресми келісімімен ғана жүргізілуі мүмкін.

12. Биологиялық өлім - өмірлік маңызды функциялар біржола тынатын, организм тіршілігінің тоқтауы болып табылады.

13. Бас миының біржола семуі - үлкен ми сыңарын, дінін, көпіршесін, орта ми мен мишықты қоса алғанда, мидың бүкіл қатпарының семуімен қатар жүретін, бас миы жүйке клеткаларының интегралдық функцияларын толық жоғалтуы болып табылады.

14. Кейіннен транспланттау үшін органдар мен тіндерді алуды қамтамасыз етуге қатысқан адамдардың биологиялық өлімді немесе бас миының біржола семуін растауға қатысуына тыйым салынады.

#### **144-бап. Тіндерді және (немесе) органдарды (органдардың бөліктерін) транспланттау тәртібі**

1. Тіндерді және (немесе) органдарды (органдардың бөліктерін) транспланттау қажеттігі туралы медициналық қорытындыны тиісті денсаулық сақтау ұйымының дәрігерлер консилиумы береді.

2. Тіндерді және (немесе) органдарды (органдардың бөліктерін) транспланттау реципиенттің не кәмелетке толмаған реципиенттің не сот іс-әрекет жасауға қабілетсіз деп таныған реципиенттің заңды өкілінің жазбаша келісімімен жүзеге асырылады.

3. Реципиент алдағы уақытта жасалатын транспланттауға байланысты оның денсаулығында орын алуы ықтимал асқынулар туралы ескертілуге тиіс.

4. Ауру жұқтырған тіндерді және (немесе) органдарды (органдардың бөліктерін) транспланттауға тыйым салынады.

5. Мәйіттерден тіндерді және (немесе) органдарды (органдардың бөліктерін) алу денсаулық сақтау ұйымдарында жүргізіледі. Тіндерді және (немесе) органдарды (органдардың бөліктерін) консервациялау мен транспланттауды тек мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында ғана жүргізуге жол беріледі.

6. Органдарды (органдардың бөліктерін) және (немесе) тіндерді алудың, консервациялаудың, адамнан адамға және жануардан адамға транспланттаудың тәртібі мен шарттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

7. Осы баптың күші ұрпақ жаңғырту тіндерін (жыныстық клеткаларды) қамтитын, адамның дүниеге келу процесіне қатысы бар органдарға, олардың бөліктері мен тіндеріне, сондай-ақ қан мен оның компоненттеріне қолданылмайды.

#### **145-бап. Донор мен реципиенттің құқықтары**



4) бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізілген кезде;

5) Қазақстан Республикасы міндеттілігін таныған халықаралық шарттарда көзделген жағдайларда.

3. Осы баптың 1-тармағының 2), 3) тармақшаларында және 21- тармағының 3), 4) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, тіндер және (немесе) мен органдарды (органдар бөліктерін) әкелуге, әкетуге рұқсатты денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган тиісті мемлекеттік лицензиясына сәйкес "трансплантология" мамандығы бойынша қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының өтініші бойынша береді.

#### **147-бап. Қан мен оның компоненттерін әкелу, әкету үшін негіздер**

1. Қазақстан Республикасының аумағына қан мен оның компоненттерін әкелу:

1) Қазақстан Республикасының аумағында медициналық көмек көрсету қажет болған кезде;

2) Қазақстан Республикасының аумағында диагностикалық зерттеулер жүргізу қажет болған жағдайда;

3) бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізілген кезде жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасының аумағына қан мен оның компоненттерін әкету:

1) одан тысқары жердегі Қазақстан Республикасының азаматына медициналық көмек көрсету қажет болған кезде;

2) Қазақстан Республикасынан тысқары жердегі Қазақстан Республикасы азаматының жақын туыстары мен жұбайына (зайыбына) медициналық көмек көрсету қажет болған кезде;

3) Қазақстан Республикасының аумағында өткізілмейтін диагностикалық зерттеулер жүргізу қажет болған жағдайда;

4) бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізілген кезде;

5) Қазақстан Республикасы міндеттілігін таныған халықаралық шарттарда көзделген жағдайларда жүзеге асырылады.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында көзделген жағдайлардан басқа, қан мен оның компоненттерін әкелу айырбас жасау тәртібімен де жүзеге асырылуы мүмкін. Осындай айырбас жасау биологиялық қасиеттері қажетті қан мен оның компоненттері болмаған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

4. Осы баптың 1-тармағының 2), 3) тармақшаларында және 21-тармағының 3), 4) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, қан мен оның компоненттерін әкелу, әкетуге рұқсатты денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган тиісті мемлекеттік лицензиясына сәйкес "қан дайындау" мамандығы бойынша қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының өтініші бойынша береді.

#### **148-бап. Адамның тіндері мен органдарын, қан мен оның компоненттерін әкелу, әкету тәртібі**

1. Осы кодекстің 146-бабының 3-тармағында және 148-бабының 4-тармағында аталған денсаулық сақтау ұйымдары тіндер және (немесе) мен органдарды (органдар бөліктерін) әкелуге, әкетуге рұқсат алу үшін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті о р г а н ғ а :

1) тіндер және (немесе) мен органдар (органдар бөліктерін), қан мен оның компоненттерін әкелу, әкету туралы өтінішті;

2) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркегені туралы куәліктің көшірмесін;

3) тиісті лицензия мен оған қосымшалардың көшірмелерін;

4) әкелінетін (әкетілетін) тіндер мен органдар, қан мен оның компоненттерінің биологиялық қауіпсіздігі туралы қорытындыны;

5) тіндер және (немесе) мен органдар (органдар бөліктерін), қан мен оның компоненттерін алумен (жинаумен) байланысты рәсімдердің заңдылығы туралы елдің уәкілетті о р г а н ы н ы ң қ ұ ж а т ы н ;

6) тірі донордың немесе оның заңды өкілінің одан органдарды және (немесе) тіндерді алуға, не оның нотариалды түрде куәландырылған жазбаша келісімін, не донордың биологиялық өлімі расталған немесе бас миының біржола семуін (мидың өлімін) дәрігер-мамандардың консилиумының қорытындысын;

7) осы Кодекстің 147- және 148-баптарының 2-тармағының 2) тармақшасында аталған жағдайларда реципиент пен донордың туыстық жақындығын растайтын құжаттардың нотариалды түрде куәландырылған көшірмелерін;

8) қан мен оның компоненттерін айырбас жасаған жағдайда қан мен оның компоненттерін айырбас жасаудың келісім-шартының (шартының) жобасын, сондай-ақ әкелінетін елде қажетті биологиялық қасиеттері бар қан мен оның компоненттерінің жоқтығын р а с т а й т ы н қ ұ ж а т т ы ;

9) тіндер және (немесе) мен органдар (органдар бөліктерін), қан мен оның компоненттерін тасымалдауға пайдаланылатын термоизоляциялық контейнерлердің техникалық сипаттамаларын жібереді.

2. Өтініш беруші осы баптың 1-тармағында көрсетілген мәліметтердің шынайылығы үшін жауап береді.

3. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган тіндер және (немесе) мен органдар (органдар бөліктерін), қан мен оның компоненттерін әкелуге және әкетуге рұқсат беру мәселелері жөніндегі комиссияны құрады.

4. Комиссия өтініш берушінің өтінішін 7 күн ішінде қарайды. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген құжаттарды өтініш беруші түгел бермеген жағдайда құжаттар өтініш берушіге еш қараусыз 3 күн ішінде қайтарылады.

5. Комиссияның оң қорытындысы денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның бұйрығы түрінде ресімделеді. Комиссияның теріс қорытындысы болған жағдайда денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган өтініш берушіге дәлелді бас т а р т у д ы ж і б е р е д і .

6. Әкелуге және әкетуге арналған тіндер және (немесе) мен органдар (органдар бөліктерін), қан мен оның компоненттерін биологиялық қауіпсіздікке зерттеу, оларды консервациялау мен тасымалдау тәртібін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

**7-бөлім. Дәрілік заттармен, медициналық мақсаттағы бұйымдармен және медициналық техникамен қамтамасыз етуді ұйымдастыру**

**26-тарау. Дәрілік заттармен, медициналық мақсаттағы бұйымдармен және медициналық техникамен жұмыс істеу**

**149-бап. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы әзірлеу**

1. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы әзірлеу мақсаты қауіпсіз, тиімді әрі сапалы дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы жасау болып табылады.

2. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы әзірлеушінің құқықтары Қазақстан Республикасының патенттік заңнамасымен қорғалады.

3. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы әзірлеуші дәрілік заттармен, медициналық мақсаттағы бұйымдармен және медициналық техникамен жұмыс істеу саласындағы мемлекеттік стандарттардың талаптарын сақтауы тиіс.

4. Бірегей дәрілік заттың атауын бекіту тәртібін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

**150-бап. Биологиялық белсенді заттарды клиникаға дейінгі (клиникалық емес) зерттеулер**

1. Клиникаға дейінгі (клиникалық емес) зерттеулердің мақсаты - ғылыми әдістермен биологиялық белсенді заттардың фармакологиялық белсенділігі мен қауіпсіздігін бағалауды және дәлелдерін алу болып табылады.

2. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган биологиялық белсенді заттардың клиникаға дейінгі сынауларын және (немесе) зерттеулерін жүргізу туралы шешім қабылдайды.

3. Клиникаға дейінгі (клиникалық емес) зерттеулер денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүргізіледі.

**151-бап. Медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы техникалық сынау**

1. Медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы техникалық сынау мақсаты - медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медициналық техниканың техникалық сипаттамаларының мемлекеттік стандарттарға

сәйкестігін анықтау болып табылады.

2. Медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы техникалық сынауды жүргізу туралы шешімді техникалық реттеу жөніндегі уәкілетті орган қабылдайды.

**152-бап. Фармакологиялық және дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медициналық техниканың клиникалық зерттеулері және (немесе) сынаулары**

1. Фармакологиялық және дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медициналық техниканың клиникалық зерттеулері және (немесе) сынаулары зерттелетін дәрілік препараттың клиникалық, фармакологиялық және (немесе) фармакодинамикалық тиімділігін және (немесе) жанама әсерлерін және (немесе) олардың сіңірілуі, таралуы, биотрансформациясын және қауіпсіздігі мен тиімділігін анықтау үшін субъект ретінде адамның қатысуымен фармакологиялық және дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медициналық техниканың клиникалық зерттеулері жүргізіледі.

2. Фармакологиялық және дәрілік заттарды клиникалық зерттеулер осы Кодекстің 170-бабына сәйкес жүргізіледі.

3. Медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы сынау денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүргізіледі.

**153-бап. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы өндіру**

1. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы өндіру дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы өндіру құқығына лицензия алған дәрілік заттармен, медициналық мақсаттағы бұйымдармен және медициналық техникамен жұмыс істеу саласындағы субъектілер техникалық регламенттерге және стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асырады.

Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы өндіру мен олардың сапасын бақылау ережелерін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

2. М ы н а д а й :

1) сараптама жүргізуге арналған дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы қоспағанда, оларды мемлекеттік тіркеу кезінде Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеуден өтпеген;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы өндіру



құқығына

лицензия

алмаған;

3) дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы өндіру мен олардың сапасын бақылау ережелері бұзылып жүзеге асырылған жағдайларда дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы өндіруге тыйым салынады.

3. Патенттелген дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы өндіру Қазақстан Республикасының патенттік заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Диагностика мен емдеу жүргізуге арналған медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы өндіру олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуі, олардың функционалдық нысанасына сәйкес пайдаланылуын және диагностика мен емдеу жүргізудің алынған нәтижелерін бағдарлау кезінде пайдаланушының қателесуі қатерін болдырмауы тиіс.

#### **154-бап. Дәрілік заттарды дайындау**

Дәрілік заттарды дайындауды денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен ережелерге сәйкес дәрілік заттарды дайындауға лицензиясы бар, дәрілік заттармен жұмыс істеу саласындағы субъектілер жүзеге асырады.

#### **155-бап. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы таңбалау**

1. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен техникалық регламентке сәйкес мемлекеттік және орыс тілдеріндегі әріптерде жақсы оқылатын, тұтынушылық орауышқа (бастапқы және қайталама) басылған таңбасымен дәрілік заттар айналысқа шығарылуы тиіс.

2. Медициналық мақсаттағы бұйымдарға және медициналық техникаға және/немесе тұтынушылық орауышқа тікелей басылған, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі әріптерде жақсы оқылатын таңбамен медициналық мақсаттағы бұйымдар және медициналық техника айналысқа шығарылады.

#### **156-бап. Тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсетуге арналған дәрілік заттарды сатып алу**

1. Тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсетуге арналған дәрілік заттар халықаралық патенттелмеген атауымен сатып алынады. Көп компонентті дәрілік зат сатып алынған жағдайда оның құрамы көрсетіледі.

2. Бөлінетін қаржылық қаражатты ұтымды пайдалану мақсатында дәрілік заттар денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген бағалар бойынша сатып алынады.

#### **157-бап. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы көтерме әрі бөлшек саудада сату**

1. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы көтерме әрі бөлшек саудада сатуды көтерме және/немесе бөлшек саудаға

лицензиясы бар дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медициналық техниканың айналысы саласындағы объектілер жүзеге асырады.

2. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медициналық техниканың көтерме әрі бөлшек саудасы Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Мынадай жағдайларда :

1) Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеуден өтпеген;  
2) сапасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіптегі сәйкестік сертификатымен расталмаған;

3) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтін;

4) жарамдылық мерзімі өткен;

5) осы баптың 5-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, медицина ұйымдарындағы медицина қызметкерлеріне;

6) дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы уақытша сақтау қоймалары арқылы дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы көтерме әрі бөлшек саудада сатуға тыйым салынады.

4. Дәрігердің рецептісі бойынша босатуға арналған дәрілік заттарды рецептісіз сатуға тыйым салынады.

5. Фармацевтикалық қызмет объектілері жоқ елді мекендерде дәрілік заттарды бөлшек саудада сату Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

### **158-бап. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы сақтау әрі тасымалдау**

1. Дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар және медициналық техника денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен ережелерге сәйкес олардың қауіпсіздігі, тиімділігі және сапасының сақталуы қамтамасыз етілетін жағдайларда сақталады және тасымалданады.

Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы уақытша сақтау қоймаларында техникалық регламенттермен және стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарда белгіленген дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы сақтауға қойылатын талаптардың сақталуын қамтамасыз ететін үй-жайлар, алаңдар, арнайы жабдықтар, жиһаздар, мүкәммал, өртке қарсы жабдықтар, аспаптар болуға, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның берген рұқсаты болуға тиіс.

2. Дәрілік заттардың және медициналық мақсаттағы бұйымдардың жарамдылық мерзімін ұзартуға тыйым салынады.

### **159-бап. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы жою**

Жарамсыз күйге келген, жалған, жарамдылық мерзімі өткен және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтін басқа да дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар және медициналық техника өткізуге әрі медициналық қолдануға жарамсыз деп есептеледі және заңнамада белгіленген тәртіппен жойылуға тиіс.

#### **160-бап. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы әкелу тәртібі**

1. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы әкелу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеуден өтпеген дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге р ұ қ с а т е т і л м е й д і .

3. Мынадай жағдайларда :

1) егер олар мемлекеттік тіркеуге; дәрілік субстанцияны қоспағанда, жиырма орамнан аспайтын көлемдегі дәрілік заттар көрмелерін өткізуге;

сирек және (немесе) аса ауыр ауруларды жеке емдеуге; төтенше жағдайлардың салдарын жоюға; денсаулық сақтау ұйымдарын Қазақстан Республикасында тіркелген, функционалдық өлшемдері бойынша ұқсас үлгісі жоқ медициналық мақсаттағы бұйымдармен және медициналық техникамен жарақтандыруға арналса, мемлекеттік органның р ұ қ с а т ы б о й ы н ш а ;

2) егер олар :

емделуіне қажетті санымен, Қазақстан Республикасының аумағына уақытша келген жеке тұлғаның дербес пайдалануына;

Қазақстан Республикасының аумағына келетін көлік құралының бастапқы көмек дәрі қобдишасы құрамында жолаушыларды емдеуге арналса, мемлекеттік органның рұқсатынсыз Қазақстан Республикасында тіркелмеген дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге жол беріледі.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын жекелеген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік тіркеуден өтпеген дәрілік заттарды, медициналық техниканы және медициналық мақсаттағы бұйымдарды ізгілік көмек ретінде Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге тыйым салынады.

5. Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келмейтін дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар және медициналық техника Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген

тәртіппен тәркіленуі және жойылуы тиіс.

6. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағына әкелуді:

1) дәрілік заттарды, медициналық техниканы және медициналық мақсаттағы бұйымдарды өндіруге лицензиясы бар өндіруші ұйымдар;

2) дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы көтерме саудада сатуға лицензиясы бар жеке және заңды тұлғалар;

3) осы Кодекске сәйкес дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы әзірлеу және мемлекеттік тіркеу үшін ғылыми-зерттеу ұйымдары, зертханалар;

4) мемлекеттік тіркеу кезінде сараптамалық жұмыстар жүргізу, клиникалық зерттеулер және (немесе) сынаулар жүргізу үшін және Қазақстан Республикасында дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы өндірушілердің көрмелеріне қатысу үшін дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы өндіруші шетелдік ұйымдар, олардың өкілетті өкілдіктері (филиалдары) немесе олардың сенімді жеке және заңды тұлғалары;

5) медициналық қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары жүзеге асыра алады.

7. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы Қазақстан Республикасының аумағына әкелу кезінде мемлекеттік тіркеу күні және нөмірі көрсетіле отырып, әкелінген дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медициналық техниканың әрқайсысының мемлекеттік тіркелуі туралы мемлекеттік орган растаған мәліметтер Қазақстан Республикасының кеден органдарына ұсынылуға тиіс.

#### **161-бап. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы әкету**

1. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуді дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы өндіруге немесе көтерме саудада сатуға лицензиясы бар жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

2. Мынадай жағдайларда:

1) Қазақстан Республикасының аумағынан кететін жеке тұлғалардың емделу курсына қажетті санымен жеке пайдалануындағы;

2) жолаушыларды емдеу үшін Қазақстан Республикасының аумағынан кететін көлік

құралы бастапқы көмек дәрі қобдишасы құрамындағы дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар және медициналық техника Қазақстан Республикасының аумағынан лицензиясыз әкетілуі мүмкін.

**27-тарау. Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медициналық техниканың қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар**

**162-бап. Медициналық техниканы және медициналық мақсаттағы бұйымдарды монтаждау, жөндеу, оларға техникалық және метрологиялық қызмет көрсету**

1. Медициналық техниканы және жекелеген жағдайларда медициналық мақсаттағы бұйымдарды монтаждау, жөндеу, оларға техникалық және метрологиялық қызмет көрсетуді осы жұмыстарды жүргізуге құқығы бар заңды және жеке тұлғалар жүзеге а с ы р а д ы .

2. Медициналық техниканы және медициналық мақсаттағы бұйымдардың жөндеуден кейінгі қауіпсіздік деңгейі медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медициналық техниканың қауіпсіздігінің техникалық регламенттерінде белгіленген деңгейден төмен болмауы тиіс.

3. Денсаулық сақтау ұйымдарында пайдаланылатын медициналық мақсаттағы өлшеу құралдарын метрологиялық қамтамасыз етуді ұйымдастыру Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасына сәйкес реттеледі.

4. Өлшеу құралдары болып табылатын медициналық техника Қазақстан Республикасының өлшем бірліктерінің бірыңғайлығын қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізіліміне енгізілуі, Қазақстан Республикасының өлшем бірліктерінің бірыңғайлығын қамтамасыз ету саласындағы заңнамасына сәйкес салыстырып тексерілуі немесе калибрленуі тиіс.

**163-бап. Қауіпсіздікті сыныптау әрі медициналық техниканы және медициналық мақсаттағы бұйымдарды ықтимал қолдану қатерінің дәрежесіне қарай қауіпсіздігін қайта сыныптау**

1. Қазақстан Республикасында қолданылатын медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника пациенттердің, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы пайдаланатын персоналдың және өзге де адамдардың денсаулығына зиян тигізуінің ықтимал қатері дәрежесіне қарай қауіпсіздік сыныптарына б ө л і н е д і .

Қауіпсіздік сыныптарының әрбір сыныбы белгілі бір техникалық регламенттерге сәйкес келетін медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медициналық техниканың топтары мен үлгілерін қамтиды. Медициналық мақсаттағы бұйымдар және медициналық техника бір мезгілде бірнеше қауіпсіздік сыныбына жатқызылмайды.

2. Медициналық мақсаттағы бұйымдар және медициналық техниканың қауіпсіздігін

сыныптау ережелерін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган техникалық реттеу жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша әзірлейді және бекітеді.

3. Медициналық мақсаттағы бұйымдар және медициналық техниканың қауіпсіздігін сыныптау принциптері мыналарды:

- 1) қолдану ұзақтығын;
- 2) инвазивтілігін;
- 3) ағзамен жанасуы орын алуын немесе онымен өзара байланыстығын;
- 4) ағзаға енгізу тәсілін;
- 5) өмірлік маңызы бар органдарға қолданылуын;
- 6) энергия көздерінің қолданылуын ескереді.

4. Медициналық мақсаттағы бұйымдар және медициналық техниканың қауіпсіздік сыныбына жатқызылуын оларды мемлекеттік тіркеу кезінде денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

5. Егер Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелген медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың қауіпсіздік сыныбын қайтадан анықтау үшін негіздеме пайда болса, мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін екі жылдан аз уақытта өндіруші қайтадан сыныптау рәсімін жүргізуге қ ұ қ ы л ы .

6. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган медициналық мақсаттағы бұйымдар және медициналық техниканың жұмысының негізіне алынған принциптерді, құбылыстарды, медициналық әдістемелерді егжей-тегжейлі ескере отырып, негізделген өзгерістерді сыныптамаға енгізуі мүмкін.

**164-бап. Дәрілік заттармен, медициналық мақсаттағы бұйымдармен және медициналық техникамен жұмыс істеуге тыйым салу немесе тоқтата тұру**

Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медициналық техниканың айналысы саласындағы мемлекеттік орган мынадай:

1) дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медициналық техниканың техникалық регламенттер мен стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келмеуі;

2) дәрілік затты қолдану туралы нұсқаулықта көрсетілмеген дәрілік заттардың адамның денсаулығы үшін қауіпті жанама әсерлері анықталған;

3) дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы қолдану процесінде оларды қауіпсіз қолдануға әсер ететін конструкциялық ақаулары, жұмыс істеу принциптері, өндірістік орындалуы анықталған;

4) дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы қолданудың сапасына, қауіпсіздігі мен тиімділігіне ететін оларды өндірудің бекітілген процесінің бұзылуы;

5) дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық

техниканы қолданудың пациенттің немесе тұтынушының денсаулығына зиян тигізуі жағдайлары туралы мәліметтер болған;

б) дәрілік заттарды медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы қолданудың қауіпсіздік деңгейін төмендетуді қамтамасыз ететін, өндіріс технологиясы мен сапаны бақылаудың ғылыми-технологиялық деңгейінің жеткіліксіздігі туралы деректер алынған жағдайларда дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы қолдануға, сатуға немесе ендіруге тыйым салуы немесе тоқтата тұруы мүмкін.

### **165-бап. Дәрілік заттардың жанама әсерлерінің мониторингі**

1. Дәрілік заттар жанама әсерлерінің мониторингі медицина және фармацевтика ұйымдарына уәкілетті орган бекіткен тәртіппен жүргізіледі.

2. Денсаулық сақтау субъектілері мемлекеттік органға дәрілік заттың басқа дәрілік заттармен өзара әрекеттесу ерекшеліктерінің байқалу фактілері туралы және жанама әсерлері, оның ішінде дәрілік затты қолдану жөніндегі нұсқаулықта көрсетілмеген жанама әсерлері туралы жазбаша хабарлауға міндетті.

3. Осы баптың 2-тармағының талаптары сақталмаған жағдайда денсаулық сақтау субъектілері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауапкершілікте болады.

### **166-бап. Дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар және медициналық техника туралы ақпарат**

Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға рұқсат етілген жана дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар және медициналық техника туралы, мемлекеттік тіркеуден өтпеген, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтін дәрілік заттар туралы, мемлекеттік тіркеу туралы шешімді қайтарып алу жөнінде, сондай-ақ дәрігердің рецептісі бойынша босатылатын дәрілік заттар туралы ақпарат медицина және фармацевтика қызметкерлеріне арналған мамандандырылған баспа басылымдарында жарияланады.

### **8-бөлім. Денсаулық сақтау саласындағы білім беру және ғылыми қызмет**

#### **28-тарау. Денсаулық сақтау саласындағы білім беру қызметі**

##### **167-бап. Денсаулық сақтау саласындағы білім беру қызметі**

1. Денсаулық сақтау жүйесі үшін кәсіби ғылыми-педагог, медицина және фармацевтика қызметкерлерін даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру денсаулық сақтау саласындағы білім беру қызметінің міндеттері болып табылады.

2. Денсаулық сақтау саласындағы білім беру қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жоғары, ортадан кейінгі, техникалық және кәсіптік, жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын медициналық және фармацевтикалық білім беру ұйымдарында және білім беру

ұйымдарының медициналық және фармацевтикалық факультеттерінде жүзеге асырылады. Медициналық білім беру бағдарламаларын іске асырудың міндетті шарты - клиникалық базалар болуы болып табылады.

3. Мемлекеттік жалпыға бірдей стандарттарды және медициналық және фармацевтикалық білім берудің үлгі оқу бағдарламаларын, сондай-ақ жоғары медициналық білім беру ұйымдарының клиникалық базалары туралы ережелерді денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

4. Жоғары, ортадан кейінгі, техникалық және кәсіби медициналық білім берудің міндетті бағдарламаларын игерген адамдар үшін мемлекеттік үлгідегі диплом және маманның сертификаты олардың медициналық ұйымдарда қызмет лауазымдарын иеленуіне негіз болып табылады.

5. Жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық және фармацевтикалық білім беру резидентураны, магистратураны және докторантураны қамтиды. Резидентурада оқыту ережелерін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

6. Қосымша кәсіптік білім беру (жоғары және/немесе орта оқу білімнен кейінгі және /немесе жоғары оқу орнынан кейінгі және фармацевтикалық білім беру) қызметіне лицензиясы бар медициналық білім беру және ғылыми ұйымдарда жүзеге асырылады. Қосымша кәсіптік білім берудің негізгі нысандары біліктілік артыру және қайта даярлау болып табылады.

7. Клиникалық ординатурада, резидентурада медициналық және фармацевтикалық қызметкерлерді даярлау тәртібін, сондай-ақ медициналық және фармацевтикалық кадрларды, оның ішінде шет елде де біліктілігін арттыру әрі қайта даярлаудың тәртібін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

8. Медициналық және фармацевтикалық білімі бар мамандарды даярлауды жоспарлауды білім беру саласындағы уәкілетті орган, сондай-ақ денсаулық сақтауды мемлекеттік басқару саласындағы жергілікті органдар саланың қажеттіліктерін ескере отырып, жүзеге асырады.

### **168-бап. Денсаулық сақтау саласындағы біліктілік емтихандары**

1. Денсаулық сақтау саласындағы мамандар үшін біліктілік емтихандары жоғары немесе орта білімнен кейінгі медициналық немесе фармацевтикалық білімі бар адамдардың кәсіби медициналық, дәрігерлік немесе фармацевтикалық қызметті жүзеге асыруға дайындығын анықтау, сондай-ақ кәсіби деңгейін анықтау мақсатында өткізіледі.

2. Санат берілмейтін бірінші біліктілік емтиханы денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындайтын мамандықтар тізбесі бойынша интернатурадағы немесе резидентурадағы оқу аяқталғаннан кейін, сондай-ақ ортадан кейінгі, техникалық және кәсіптік медициналық білім беру бағдарламалары бойынша оқу аяқталғаннан кейін өткізіледі.

Санат белгіленбейтін біліктілік емтихандары әрбір бес жыл сайын өткізіліп тұрады.



Осы Кодексте көзделген мерзімдерден бұрын санат белгілеусіз біліктілік емтихандарын өткізуге жол берілмейді.

3. Үміткер денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген біліктілік талаптарына сай болған кезде санат берілетін біліктілік емтихандары өткізіледі.

Маман санат берілетін кезекті біліктілік емтиханына медициналық немесе фармацевтикалық білім беру қызметіне лицензиясы бар денсаулық сақтау ұйымдарында соңғы бес жыл ішінде мамандығы бойынша біліктілігін арттырған жағдайда жіберіледі.

4. Біліктілік емтихандарын өткізудің нәтижелері бойынша қолданылу мерзімі бес жылға, біліктілік деңгейі туралы белгіленген үлгідегі құжат (маманның сертификаты) беріледі. Бірнеше мамандық бойынша біліктілік емтихандарын тапсырған жағдайда маман сертификаты әр мамандыққа жеке беріледі.

5. Біліктілік емтихандарын өткізу тәртібін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

6. Маманның тиісті сертификаты болмаған, сондай-ақ оны қолдану мерзімі аяқталған жағдайда жеке тұлғаға дәрігерлік қызметпен айналысуға тыйым салынады.

7. Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде медициналық білім алған мамандарды Қазақстан Республикасында клиникалық қызметке жіберудің тәртібі мен шарттарын денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

#### **169-бап. Маман сертификатын қайтарып алу**

Мынадай :

1) біліктілік емтиханынан ету үшін ұсынылған құжаттарда шынайы емес немесе бұрмаланған деректер анықталған ;

2) медициналық және фармацевтикалық қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия қайтарып алынған ;

3) әкімшілік жауаптылыққа тартылып, өзінің кәсіптік міндеттерін орындаумен байланысты Қазақстан Республикасының заңнамасын бірнеше рет және (немесе) өрескел түрде бұзған ;

4) өзінің кәсіптік міндеттерін орындаумен байланысты қылмыстық жауаптылыққа тартылған жағдайларда маман сертификатын қайтарып алуды денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде жүзеге асырады.

#### **170-бап. Қазақстан Республикасы дәрігерінің анты**

1. Жоғары медициналық оқу орындарының медициналық мамандықтар бойынша оқып бітірген түлектері Қазақстан Республикасы дәрігерінің антын қабылдайды. Ол мынадай мазмұнда: "Дәрігердің құрметті атағын қабылдап отырып, өз ұстаздарым мен әріптестерімнің алдында өзімді азаматтардың денсаулығын сақтауға барынша бағыштап, ұлы дәрігерлік іске адал әрі қалтқысыз қызмет етуге салтанатты түрде ант етемін. Өз қызметімде олардың денсаулығы ең жоғары құндылық болып табылатын өз пациенттерімнің мүдделерін басшылыққа алатыныма ант етемін. Жасына, жынысына.

ұлтына, дін ұстанымына, әлеуметтік жағдайы мен азаматтығына қарамастан оған мұқтаж әрбір адамға бірдей ықтияттылықпен және шыдамдылықпен медициналық қызмет көрсетуге ант етемін. Дәрігерлік құпияны сақтауға, оны ешқашанда пайдакүнемдік мақсатта пайдаланбауға ант етемін. Өз білімі мен машықтарымды ұдайы жетілдіруге, өзіме де өз шәкірттеріме де талапшыл болуға, ешқашанда риясыз көмек көрсетуден бас тартпауға және егер оны пациенттің мүддесі талап етсе, әріптестеріммен кеңесуге ант етемін. Қазақстандық медицинаның лайықты дәстүрлерін сақтауға әрі байытуға, мені дәрігерлік өнеріне үйреткен адамдарға алғыс білдіре отырып, құрметтеуге ант етемін."

## **29-тарау. Денсаулық сақтау саласындағы ғылыми қызмет**

### **171-бап. Денсаулық сақтау саласындағы ғылыми қызмет субъектілері**

1. Денсаулық сақтау саласында ғылыми кадрлар даярлауды негізгі ретінде ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйым (бұдан әрі - ғылыми ұйым) болып табылады.

2. Ғылыми ұйымдар ғылыми-зерттеу ұйымдары (ғылыми-зерттеу институттары, ғылыми орталықтар), жоғары медициналық және фармацевтикалық білім беру ұйымдары және ғылыми қызметпен айналысатын басқа да ұйымдар болып бөлінеді.

3. Ғылыми ұйымдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес медициналық , фармацевтикалық және білім беру қызметімен айналысуы мүмкін.

### **172-бап. Денсаулық сақтау саласындағы ғылыми қызметті үйлестіру**

1. Іргелі және қолданбалы сипаттағы ғылыми әзірлемелердің басымдықтарын қалыптастыруды, денсаулық сақтауды ғылыми қолдауды үйлестіру. медицина ғылымының тұжырымдамасын әзірлеуді үйлестіруді денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган ғылыми ұйымдардың құрылысы болады.

3. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган денсаулық сақтау саласындағы ғылыми бағдарламалардың кешенді сараптамасын жүзеге асырады.

### **173-бап. Медициналық-биологиялық эксперименттер, клиникаға дейінгі (клиникалық емес) және клиникалық зерттеулер жүргізу, диагностиканың, емдеудің және медициналық оңалтудың жаңа әдістерін қолдану**

1. Медициналық-биологиялық эксперименттер, клиникаға дейінгі (клиникалық емес) және клиникалық зерттеулер жүргізудің мақсаты олардың қауіпсіздігі мен тиімділігін бағалау әрі дәлелдерін ғылыми әдістермен алу болып табылады.

2. Медициналық-биологиялық эксперименттер, клиникаға дейінгі (клиникалық емес) зерттеулер жануарларға жүргізіледі.

3. Субъект ретінде адамның (пациенттің немесе ниет білдірген адамның) қатысуымен клиникалық зерттеулер, оның хабардар етілген жазбаша келісімімен ғана клиникаға дейінгі зерттеулердің оң нәтижелері алынған жағдайда өткізілуі мүмкін.

4. Клиникалық зерттеулерге қатысуға келісімі алынған жағдайда пациентке немесе ниет білдірген адамға мынадай:

1) медициналық технология, фармакологиялық немесе дәрілік зат және клиникалық зерттеудің мәні мен ұзақтығы туралы;

2) медициналық технология, фармакологиялық немесе дәрілік заттың қауіпсіздігі мен тиімділігі, сондай-ақ денсаулық үшін қолдану қатерінің дәрежесі туралы,

3) медициналық технология, фармакологиялық немесе дәрілік заттың қолданылуының денсаулықтың жай-күйіне болжануы мүмкін емес әсері туралы;

4) денсаулықты сақтандыру шарттары туралы ақпарат берілуі тиіс.

5. Клиникалық зерттеуге қатысушы пациенттің немесе ниет білдірген адамның талап етуі бойынша кез келген кезеңде, сондай-ақ оның өміріне, денсаулығына қауіп төнген жағдайда тоқтатылады.

6. Клиникалық зерттеуге қатысушы пациенттің немесе ниет білдірген адамның өмірі мен денсаулығының сақтандырылуы туралы құжаттардың ресімделуі, сондай-ақ зерттеулер материалдарының этикалық бағалануы клиникалық зерттеулер жүргізудің міндетті шарттары болып табылады.

7. Диагностиканың емдеу мен медициналық оңалтудың жаңа әдістері мен құралдары клиникалық сынаулардың оң нәтижелері алынған жағдайда қолданылуы мүмкін.

8. Мыналарға:

1) зерттелетін медициналық технологиялар немесе дәрілік заттар тек қана балаларды емдеуге арналған немесе клиникалық зерттеу мақсаты кәмелетке толмағандарды емдеу үшін дәрілік затты ең тәуір дозалау туралы деректер алу болып табылған жағдайларды қоспағанда, кәмелетке толмағандарға медициналық технологиялар, фармакологиялық немесе дәрілік заттарды клиникалық зерттеулер жүргізуге тыйым салынады. Соңғы жағдайда кәмелетке толмағандарға клиникалық зерттеулер жүргізудің алдында кәмелетке толған азаматтарға зерттеулер жүргізілуі тиіс. Кәмелетке толмағандарға клиникалық зерттеулер жүргізу кезінде олардың заңды өкілдерінің жазбаша келісімін алу қажет. Заңды өкілдері жоқ кәмелетке толмағандарға клиникалық зерттеулер жүргізуге тыйым салынады;

2) егер қажетті ақпарат тек қана жүкті әйелдерге клиникалық зерттеулер жүргізу арқылы ғана алынса және жүкті әйел мен оның ұрығына зиян тигізу қатері толық жойылған жағдайда жүкті әйелдерге арналған медициналық технологиялар мен дәрілік заттарға клиникалық зерттеулер жүргізілген жағдайларды қоспағанда, жүкті әйелдерге;

3) әскери қызметшілерге;

4) бас бостандығынан айыру орында жазасын өтеуші адамдарға және тергеу изоляторларында қамауда отырған адамдарға;

5) психикасы бұзылудан (аурулар) ауыратын науқастарды емдеуге арналған медициналық технологиялар мен дәрілік заттарға клиникалық зерттеулер жүргізілген жағдайларды қоспағанда, сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған адамдарға медициналық технологиялар, фармакологиялық немесе дәрілік заттарды клиникалық зерттеулер жүргізуге тыйым салынады.

9. Клиникалық зерттеулер (тиісті клиникалық және ғылыми практика) жүргізу стандарттарын уәкілетті органдар ез құзыреті шегінде бекітеді.

Медициналық-биологиялық эксперименттер, клиникаға дейінгі (клиникалық емес) және клиникалық зерттеулер жүргізу, диагностиканың, емдеудің және медициналық оңалтудың жаңа әдістерін қолданудың тәртібін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

10. Медициналық-биологиялық эксперименттер, клиникаға дейінгі (клиникалық емес) және клиникалық зерттеулер жүргізу, сондай-ақ диагностиканың, емдеудің және медициналық оңалтудың жаңа әдістерін қолдануға рұқсат беруді денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

11. Диагностиканың, емдеудің және медициналық оңалтудың жаңа әдістерін қолдануға рұқсат беруді жүргізілген клиникалық зерттеулердің дәлелдеу медицинасына негізделген стандарттар талаптарына сәйкес келуі шартымен жүзеге асырылады.

#### **174-бап. Этика мәселелері бойынша комиссиялар**

1. Этика мәселелері бойынша комиссиялар зерттелетін және зерттеуші адамдардың құқықтарын қорғауды, қауіпсіздігі мен қолайлы жағдайын жасауды, сондай-ақ клиникалық зерттеулерге этикалық әрі имандылық-құқықтық баға беруді жүзеге асыратын тәуелсіз сарапшы органдар болып табылады.

2. Этика мәселелері бойынша комиссиялардың мақсаты биология мен медицинаның жетістіктері пайдаланылуына байланысты адамның құқықтары мен қадір-қасиеттерін қорғау болып табылады.

3. Этика мәселелері бойынша комиссиялардың міндеттері:

1) зерттеулердің құжаттарына тәуелсіз сараптама жүргізу;

2) зерттеулерді жоспарлау және жүргізу кезеңдерінде адамның қауіпсіздігі мен құқықтарының сақталуын тәуелсіз бағалау;

3) клиникалық зерттеулер бағдарламаларының тиісті клиникалық және ғылыми практика стандарттарына сәйкестігін, сондай-ақ зерттеушілердің біліктілігінің осы зерттеуді жүргізетін денсаулық сақтау ұйымының техникалық жаракталуына сәйкестігін бағалау;

4) клиникалық зерттеулер жүргізу кезінде халықаралық және ұлттық нормалардың сақталуын бағалау;

5) биологиялық және медициналық этика мәселелері бойынша құжаттар әзірлеуге қ а т ы с у б о л ы п т а б ы л а д ы .

4. Этика мәселелері бойынша комиссиялардың құрамына денсаулық сақтау, ғылым, өнер, құқық салаларындағы мамандар, діни конфессиялар мен қоғамдық бірлестіктердің өкілдері кіруі мүмкін.

5. Қазақстан Республикасында Этика жөніндегі орталық және жергілікті комиссиялар жұмыс істейді.

6. Халықаралық және республикалық деңгейде жүргізілетін зерттеулерді тәуелсіз бағалау үшін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган жанында Этика мәселелері жөніндегі орталық комиссия құрылады.

Этика мәселелері жөніндегі орталық комиссияның құрамы мен ол туралы ережені денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

7. Этика мәселелері жөніндегі жергілікті комиссиялар осы ұйымдардың базасында жүргізілетін зерттеулерді тәуелсіз бағалау үшін денсаулық сақтау ұйымдары жанында құрылады.

Этика мәселелері жөніндегі жергілікті комиссиялардың құрамы мен олар туралы ережелер осы комиссия жанында құрылатын денсаулық сақтау ұйымы басшысының бұйрығымен бекітіледі.

**9-бөлім. Медицина және фармацевтика қызметкерлерінің құқықтық мәртебесі, оларды әлеуметтік қорғау**

**175-бап. Медицина және фармацевтика қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері**

1. Медицина және фармацевтика қызметкерлері:

1) кәсіби қызметін жүзеге асыруға арналған қажетті жағдайлармен қамтамасыз етілуге;

2) жеке медициналық қызмет (жеке практика) жүргізуге;

3) бес жылда кемінде бір рет мемлекеттік бюджеттің немесе денсаулық сақтау саласының мемлекеттік емес секторы ұйымының қызметкерлері болса, жұмыс берушінің қаражаты есебінен өзінің біліктілік деңгейін көтеруге;

4) штат санының қысқаруына немесе денсаулық сақтау ұйымдарының таратылуына байланысты қызметкерлер босап қалған жағдайда, бюджет немесе жұмыс берушінің қаражаты есебінен қайта даярлықтан өтуге;

5) еңбек міндеттерін атқару кезінде өздерінің денсаулығына немесе мүлкіне келтірілген зиянды өтетуге;

6) азаматтың өміріне қауіп төнген жағдайда ұйымдардың немесе азаматтардың меншігіндегі байланыс құралдарын, сондай-ақ қолда бар көліктің кез келген түрін азаматты таяу жердегі медициналық ұйымға жеткізу үшін кедергісіз және тегін пайдалануға;

7) қызметтік тұрғын үй берілуге;

8) жүріп-түру сипатындағы қызметіне байланысты көлік шығыстарын өтетуге;  
9) кәсіби міндеттерін жоғары сапалы деңгейде орындағаны үшін көтермеленуге;  
10) өзінің кәсіби ар-ожданы мен абыройын қорғауға;  
11) медицина қызметкері тарабынан салақ немесе қырсыз көзқарас болмаған кезде азаматтың денсаулығына келтірілген зиян үшін кәсіби жауапкершілікті сақтандыруға қ ұ қ ы л ы .

2. Мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының ғылыми-педагог кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау бюджет қаражаты, жұмыс берушінің қаражаты, өз қаражаты есебінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа көздер есебінен жүзеге асырылады.

3. Мемлекеттік денсаулық сақтау секторы ұйымдарының ауылдық жерде және қала үлгісіндегі кенттерде жұмыс істейтін медицина және фармацевтика қызметкерлеріне мынадай әлеуметтік қолдау шаралары ұсынылады:

1) жергілікті өкілді органдар айқындайтын мөлшерде лауазымдық жалақыға үстеме:

2) коммуналдық қызметтерге және отынға арналған шығыстарды облыстардың ( республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары белгілеген мөлшерде бюджет қаражаты есебінен өтеу;

3) жеке меншігінде малы барлар жергілікті өкілді және атқарушы органдардың шешімі бойынша жем-шөппен, мал жайылатын және шөп шабылатын жер учаскелерімен қамтамасыз етіледі;

4) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жеңілдіктерден басқа, денсаулық сақтау қызметкерлеріне жергілікті бюджеттер есебінен жергілікті өкілді органдар қосымша жеңілдіктер белгілеуі мүмкін.

4. Өздерінің қызметтік және кәсіби міндеттерін атқару кезінде АҚТҚ жұқтырылған материалмен жұмыс істейтін денсаулық сақтау ұйымдарының медицина және фармацевтика қызметкерлерінің АҚТҚ жұқтыруы кәсіптік ауруға жатады. Осы адамдарға кәсіптік ауруына байланысты уақытша еңбекке жарамсыздығы кезінде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес әлеуметтік жәрдемақы т а ғ а й ы н д а л а д ы .

Қызметтік міндеттерін атқаруы ЖҚТБ -мен кәсіптік ауруына әкеп соғуы ықтимал медицина қызметкерлері және басқа да қызметкерлер міндетті түрде мемлекеттік с а қ т а н д ы р ы л у ғ а ж а т а д ы .

АҚТҚ/ЖҚТБ-мен байланысты профилактикалық, емдеу-диагностикалық және ғылыми-зерттеу жұмысындағы медицина қызметкерлері, қызметшілер және техникалық қызметкерлер алты сағатқа қысқартылған жұмыс күніне, ұзақтығы жиырма төрт күнтізбелік күн қосымша ақылы демалысқа, белгіленген жалақының 60 пайызы мөлшерінде кәсіби зиян тигені үшін қосымша еңбекақыға құқылы.

5. Медицина және фармацевтика қызметкерлері:

1) өздерінің кәсіби міндеттерін тиісінше орындауға, пациенттерге құрметпен әрі ізгілікпен қарауға, медициналық этика және деонтология принциптерін басшылыққа алуға ;

2) аурулардың профилактикасына және азаматтардың денсаулығын нығайтуға жәрдемдесуге, медициналық көмек көрсетуге;

3) аса шұғыл жағдайларда халыққа кешеуілдетуге болмайтын медициналық көмек көрсетуге ;

4) халық арасында медициналық білімді және салауатты өмір салтын насихаттау жөніндегі жұмысты жүргізуге ;

5) медицина қызметкерінің ар-ождан кодексін сақтауға, дәрігерлік құпияны сақтауға, азаматтардың аурулары, ішкі және отбасылық өмірі туралы мәліметтерді жария етпеуге ;

6) өзінің кәсіби деңгейін үнемі арттырып отыруға;

7) қажет болған жағдайларда консультация алу үшін басқа бейіндегі немесе неғұрлым білігі жоғары мамандарды тартуға міндетті.

6. Осы Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың, сондай-ақ азаматтардың медицина және фармацевтика қызметкерлерінің кәсіптік қызметіне араласуына тыйым салынады.

7. Медицина және фармацевтика қызметкерлері өздерінің кәсіптік міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

#### **176-бап. Денсаулық сақтау ұйымдары қызметкерлерінің еңбек қатынастары**

1. Денсаулық сақтау ұйымдары қызметкерлерінің еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен реттеледі.

2. Мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Денсаулық сақтау ұйымдары қызметкерлерінің лауазымдарына қойылатын біліктілік сипаттамасын денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың, оның ішінде білім беру мен ғылыми ұйымдар басшыларын қызметке тағайындау және қызметтен босатуды денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

#### **177-бап. Медицина және фармацевтика қызметкерлерінің ар-намыс кодексі**

1. Медицина және фармацевтика қызметкерлерінің ар-намыс кодексі (бұдан әрі - Кодекс) медицина және фармацевтика қызметкерлерінің азаматтар мен жалпы қоғам алдындағы өз қызметі үшін моральдық жауаптылығын белгілейді.

2. Медицина және фармацевтика қызметкерлері өз қызметінде:

Қазақстан Республикасының заңнамасын және осы ар-намыс кодексін басшылыққа  
а л у ғ а ;

Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығының нығайтуға жәрдемдесуге;  
Тек қана пациенттің мүдделерінде шешімдер қабылдауға;  
Қазақстан Республикасы медицина және фармацевтика қызметкерінің жоғары  
атағына кір келтіретін іс-әрекет жасауға жол бермеуге;  
өзінің қызметтік міндеттерін адал әрі сапалы атқаруға;  
өзінің кәсіби білімін үздіксіз жетілдіруге;  
өзінің жеке пайдасын басшылыққа алып, профилактика және емдеу мақсатында  
әдістер мен құралдарын жарнамалауға әрі пайдалануға жол бермеуге;  
еңбек тәртібін мүлтіксіз сақтауға;  
денсаулық сақтау ұйымдарының мүлкін ұқыпты ұстауға әрі тиімді пайдалануға;  
сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұруға;  
қызметтік ақпаратты пайдакүнемдік және өзге де мақсаттарда пайдалануға жол  
б е р м е у г е ;

жеке басының үлгісімен ұжымда тұрақты әрі жағымды моральдық-психологиялық  
жағдай ж а с а у ғ а ы қ п а л е т у г е ;

басқа медициналық қызметкерлер тарабынан Кодекс нормаларының бұзылуы  
фактілеріне жол бермеуге әрі жолын кесуге;  
өзінің қызметтік міндеттерін атқару кезеңінде киімнің белгіленген нысанын  
с а қ т а у ғ а м і н д е т т і .

Пациенттермен қарым-қатынаста медицина және фармацевтика қызметкерлері:  
жасына, жынысына, ұлтына, дін ұстануына, азаматтығына, шығу тегіне, әлеуметтік,  
лауазымдық және өзге де жағдайларына немесе өзге де мән-жайларға қарамастан әрбір  
адамның құқықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;  
оған мұқтаж әрбір адамға медициналық көмек көрсетуге;  
адам өмірін сақтау өзінің борышы екенін әрдайым есте ұстауға;  
азаматтардың мемлекеттік денсаулық сақтау жүйесіне сенімін нығайтуға  
ж ә р д е м д е с у г е ;

пациенттерге қатысты қаржылық және өзге де бопсалау фактілеріне жол бермеуге,  
өз әріптестері тарабынан осындай іс-әрекеттердің жолын кесу жөнінде күш-жігер  
ж ұ м с а у ғ а ;

өз іс-әрекетімен қоғамның тарабынан негізделген сын айтылуына жол бермеуге,  
сынға сабырлылық танытуға, өз қызметіндегі кемшіліктерді жою әрі оны жақсарту  
үшін сындарлы сынды пайдалануға міндетті.

Өз әріптестерімен қарым-қатынаста медицина және фармацевтика қызметкерлері:  
Жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауға, сыпайылық әрі  
б и я з ы л ы қ т а н ы т у ғ а ;

Егер пациенттің мүддесі талап етсе, риясыз көмек көрсетуден бас тартпауға және



әріптестерден кеңес сұрауға;

Басқа медициналық қызметкердің кәсіби біліктілігіне жұрт алдында күмән келтірмеуге;

Қазақстандық медицинаның дәстүрлерін және жетістіктерін байытуға міндетті.

3. Медицина және фармацевтика қызметкерлерінің осы Кодексті сақтауы олардың кәсіби борышы болып табылады.

4. Денсаулық сақтау ұйымының ұжымы оның басшысының шешімі бойынша медицина және фармацевтика қызметкерлерінің осы Кодексті сақтамауы фактісін қарайды және қараудың нәтижесі бойынша қоғамдық айыптау шығаруы мүмкін.

5. Денсаулық сақтау ұйымының басшылары осы Кодекс мәтінінің көрнекі үгіт орындарында орналастырылуын қамтамасыз етеді.

## **10-тарау. Қорытынды және өтпелі ережелер**

### **178-бап. Денсаулық сақтау туралы заңнаманы бұзғаны үшін жауаптылық**

Денсаулық сақтау туралы заңнаманың бұзылуына кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

### **179-бап. Осы Кодекстің күшіне енуі**

1. Осы Кодекс 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

2. Мынадай Қазақстан Республикасы Заңдарының күші жойылды деп танылсын:

1) "АҚТҚ инфекциясының және ЖҚТБ-ның алдын алу мен емдеу туралы" 1994 жылғы 5 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңы ;

2) "Психиатриялық жәрдем және оны көрсеткен кезде азаматтардың құқықтарына берілетін кепілдіктер туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы ;

3) "Туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын азаматтарды мәжбүрлеп емдеу туралы" 1999 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы ;

4) "Нашақорлықпен ауыратын адамдарды медициналық-әлеуметтік оңалту туралы" 2002 жылғы 27 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы ;

5) "Темекі шегушіліктің алдын алу және оны шектеу туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы ;

6) "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" 2002 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы ;

7) "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2003 жылғы 4 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы ;

8) "Дәрілік заттар туралы" 2004 жылғы 13 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы ;

9) "Алкоголизм мен нашақорлыққа шалдыққан ауруларды мәжбүрлеп емдеу туралы" 2004 жылғы 25 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы ;

10) "Азаматтардың ұрпақты болу құқықтары және оларды жүзеге асыру

кепілдіктері туралы" 2004 жылғы 16 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы ;

11) "Қан мен оның компоненттерінің донорлығы туралы" 2005 жылғы 28 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы;

12) "Азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы .

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК